


ТІЛ
БІЛІМІНІЦ
НЕГІЗДЕРІ



**ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОФАРЫ ЖӘНЕ ОРТА
АРНАУЛЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

Аханов К.

ТІЛ БІЛІМІНІҢ НЕГІЗДЕРІ

*(жоғары оқу орындарының қазақ тілі мен әдебиеті
мамандығына арналған оқу көмекші құрал)*

Қайтақ құрастырып, баспаға дайындаған: Д.Дүйсебаева

Ташкент - 2008

Пікір жазғандар:

Р. Юнусов,
Филология ғылымдарының
кандидаты, профессор

Ж. Өтегенов
Ташкент облыстық
мұғалімдер білімін жетілдіру
институтының аға оқытушысы

Оку қолданбада жоғары оку орындарының филология факультеттерінде оқытылатын «Тіл білімінің негіздері» пәнінің бағдарламасына сәйкес тіл білімінің теориялық және практикалық мәселелері, оның ғылыми негіздері мен құрылымдық жүйелері баяндалған. Дүние жүзі тілдерінің бүгінгі күндегі жағдайына шолу жасалған.

Оку қолданба студенттер мен мұғалімдерге арналған.

В учебном пособии изложены теоретические и практические проблемы языкоznания, его научные основы и структурные системы по программе предмета языкоznания для филологических факультетов высших учебных заведений. Сделан обзор о состоянии мировых языков в сегодняшнем дне.

Учебное пособие предназначено для студентов и преподавателей.

In studing aid are scrutinized theoretical and practical issues of linguistics and its cores and stuctical systems according to the themes. The cores of llnguistics for philological faculties of Institutes. Made the revien of foreign languages for contemporary days.

The aid is for students of hign educationall Institutes.

O'QUV ADABIYOTLARI GRIFI

GUVOHNOMASI № 1139

O'zbekiston Respublikasi Oliy va o'rta maxsus
ta'lim vazirligining 200 7 yil "28" avgast
dagi 1997-buyrug'iga asosan _____

(muallifning familiyasi ismi-sharifi)

D. Duysebayeva ning
5141300 - Ona tili va adabiyyoti (gozog tili va
adabiyyoti) bakalarziyat ta'sim yonalishi
(ta'sim yo'nalishi, mutaxassisligi, ixtisosligi)
talabalari (o'quvchilar) uchun tavsiya etilgan
„Tilshunoslik asoslari“
(o'quv adabiyyotining nomi va turi: darslik, o'quv qo'llanmasi)
nomli oqmo go'llanmali ga

O'zbekiston Respublikasi Vazirlar Mahkamasi
tomonidan litsenziya berilgan nashriyotlarda nashr
qilish uchun ruxsat berildi.



R. Yosimov

КІРІСПЕ

«Тіл біліміне кіріспе» - университеттер мен пединституттар филология факультеттерінде өтілетін теориялық пән. Пәннің мақсаты мен міндегі: студенттерді тіл білімінің негізгі ұғымдарымен, терминдерімен таныстыру, оның басты-басты теориялық мәселелерін баяндап беру.

Оку қолданбада қазақ тілі ғылыми салаларының /фонетика, лексикология, фразеология, грамматика/ негізгі мәселелері қамтылды. Оку қолданбаның мақсаты – студенттердің қазақ тілінің ғылыми курсары бойынша білімін байкау, одан әрі нығайту және бағалау. Соңдықтан қазақ тілі салаларына байланысты маңызды тақырыптар түгелге дерлік енгізілді. Студенттер қазақ тілінің фонетикалық, лексикалық және грамматикалық негізгі ерекшеліктерін, жеке түркі тілдерінің өзге топтарына қарағанда қазақ тілінің басты белгілерін білуғе тиіс. Сонымен бірге қазақ тіл білімі салаларындағы қазіргі кезде жарияланып жүрген жана зерттеу еңбектерінен де хабардар болуы кажет.

Жалпы тіл білімі пәні мен оның құрамындағы лингвистика ілімі тарихы, тілді зерттеудің әдістері мен тәсілдеріне байланысты тақырыптар қамтылды. Ғылыми ой-әрісті калыптастыруда тіл білімі тарихының ғылыми білім ретіндегі пайда болуы ерекше рол атқаратынын ескерсек, тіл тарихы жөніндегі мәселелер де аса кокейтсі. Осылан байланысты тақырыптар да оку қолданбаға еніп отыр.

Бұл оку коллантасы К.Ахановтың «Тіл білімінің негіздері» (А., 1973, 1995, 2002) және Ә.Хасеновтің «Тіл білімі» (А., 1996) атты оқулыктары негізінде құрастырылды.

Кейінгі кездерде жоғары оку орындарында сынак тест арқылы да жүзеге асырылып жүр. Жана оку құралын құрастыру үстінде бізге бұл жаңаңылқтарды да ескеруге тұра келеді. Сондай-ақ студенттер білуі тиіс болған кейбір мәліметтер сонынан тақырыптар негізінде тізбектеп келтірілген. Оку құралының сонында студенттер пайдалануға тиісті әдебиеттер тізімі де көрсетілген.

ТІЛ БІЛІМІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЗЕРТТЕУ НЫСАНЫ (ОБЪЕКТИСІ)

Тіл білімі және оның салалары

Тіл білімі (лингвистика) - тіл және оның даму зандары туралы ғылым. Тіл - қоғамдағы адамдардың өзара пікір алысу, бір-бірімен қарым - қатынас жасау құралы. Әрбір тілдің дыбыс жүйесі, сөздік құрамы және грамматикалық құрылышы болады.

Тілдің осы аталған әр түрлі жактары тіл білімінің тиесті салаларында қарастырылады. Мысалы, тілдің дыбыс жүйесі тіл білімінің фонетика саласында, сөздік құрамы лексикология саласында қарастырылса, оның грамматикалық құрылышы грамматика саласында қарастырылады.

Тіл білімінің осы аталған салаларының әр кайсысы өз ішінде тағы да бірнеше тармақтарға белінеді. Мысалы, фонетика саласы 1) сипаттама фонетика, 2) салыстырмалы-тарихи фонетика, 3) экспериментальды фонетика және тағы басқа болып сараланады. Лексикология, грамматика да дәл осындай.

Тіл және оның жоғарыда аталған әр түрлі салалары ылғы дамуда болады. Ол даму қалай болса солай емес, тілдің ішкі даму зандары бойынша дамиды.

Тілдің әр түрлі жактары: дыбыс жүйесі (фонетика), сөздік құрамы (лексикология), грамматиканың құрылышы (грамматика) бір-бірімен тығыз байланыста болады және бір-бірімен тығыз байланыста соз етіледі. Өйткені, тіл білімі тілдің жоғарыда айттық, әр түрлі жактары мен салаларын, олардың дамуын, өзара байланысын, тіл дамуының ішкі зандарын зерттейді.

Тілді белгілі бір дәүірде өмір сүріп тұрған қалпын зерттейтін тіл білімі бар және оның шығуы мен тарихын, дамуын зерттейтін тіл білімі бар. Алдыңғысы сипаттама тіл білімі (немесе синхрондық лингвистика), соңғысы тарихи тіл білімі (немесе диахрондық лингвистика) деп аталады.

Белгілі бір тілді (оның жүйесі мен құрылымын) ғылыми тұрғыдан талдап түсіндіру үшін және оның даму зандарын айқындау үшін, ол тілді және ондағы фонетикалық, лексикалық, грамматикалық құбылыстарды туыстас-

тілдердегі бір текстес құбылыстармен салыстыру түрғысынан зерттеу кажет. Яғни тілдің табигатын, оның даму зандарын айқындаудың басты шарты - тілдік құбылыстарды тарихи (өзгеру, даму) және салыстыру түрғысынан зерттеу. Бұны салыстырмалы-тариhi әдіс деп атайды.

Жеке бір тілдің жүйесі мен құрылышын және оның даму зандарын айқындастын жеке тіл білімі бар (мысалы, казак тілі немесе орыс тілі) және ғылым ретіндегі тіл білімінің теориясы болып саналатын жалпы тіл білімі бар. Жалпы тіл білімі - накты бір тіл туралы емес, адам баласы тілінің дамуының жалпы зандары туралы ғылым. Демек, тіл білімінің жалпы теориялық саласы болып саналатын жалпы тіл білімі, әдетте, бір ғана тілдің емес, көптеген тілдердің деректерін есепке алады. Оларды жинақтай келіп, жалпы теориялық топшылаулар мен корытындылар жасайды.

Жалпы тіл білімінің теориялық топшылаулары мен корытындылары жеке тілді зерттеу үшін кажет. Ал жалпы тіл білімі жеке тілдерді зерттеуге бағыт-бағдар сілтейді.

Сөйтіп, жалпы тіл білімі тілдің мәні мен қызметін, оның ойлаумен ара қатынасын, байланысын адам баласы тілінің пайда болуын қарастырады; тілдің даму зандарын айқындауды; дүние жүзіндегі тілдерге класификация жасайды; ғылымдар дүниесінде тіл білімінің алатын орнын айқындауды.

Жалпы тіл білімі - тіл туралы ғылымның теориялық саласы. "Тіл білімінің негіздері" деп аталатын курс - міне, осы жалпы тіл білімінің бастамасы. Ол жалпы тіл білімі қарастыратын мәселелерді оқып білу үшін алғашки баспаңдак, соган жолдама іспетті.

Тіл білімінің ғылымдар жүйесінде алатын орны

Шындық болмыстағы құбылыстардың бір тобы - жаратылыс құбылыстары болса, екінші тобы - қоғамдық құбылыстар. Жаратылыс құбылыстарын жаратылыстану ғылымдары (физика, химия, биология, математика т.б.) зерттесе, қоғамдық құбылыстарды - қоғамдық ғылымдар (тарих, философия, психология, логика, саяси экономия, зан, тіл, әдебиет т.б.).

ғылымдар) зерттейді. Осыған орай, ғылым атаулы, әдетте, екі топқа бөлінеді: оның бірі - жаратылыстану ғылымдары, екіншісі - қоғамдық ғылымдар.

Тіл білімі ғылымдардың екінші тобына, яғни қоғамдық ғылымдар тобына жатады. Тіл білімінің басқа ғылымдар жүйесінде алғатын орны ерекше. Себебі кез келген ғылым тіл арқылы түсіндіріледі, тіл арқылы итеріледі. Жалпы алғанда: барлық ғылымдар бір-бірімен тығыз байланыста, бірлікте болады. Әйткені материалдық дүниенің өзі органикалық бірліктен тұрады. Сондықтай ол материалдық дүниенің әр түрлі зерттейтін ғылымдардың өздері бір-біріне әсер етеді, бірін-бірі байытады.

Біз сөз еткелі отырған тіл білімі де басқа көптеген ғылымдармен байланыска түсіп, солармен қарым-қатынаста дамып келеді. Ол, ен алдымен, қоғамдық ғылымдармен тығыз байланыста. Себебі: тіл - қоғамның тууымен бірге туып, қоғамның дамуымен бірге дамитын қоғамдық құбылыс. Ол қоғам мүшелерінің пікір алысу, қатынас жасасу құралы ретінде қызмет атқарады.

Қорыта келгенде, тіл білімі - дербес ғылым. Ол әртүрлі қоғамдық және жаратылыстану ғылымдарымен де қарым-қатынаста, өзара байланыста болады.

Тіл білімінің басқа ғылымдармен байланысы

Тіл білімі, ен алдымен, әдебиетпен байланысты. Әйткені "Тіл - әдебиеттің бірінші элементі". Әдеби шығарма лингвистер үшін өте құнды материал. Әсіресе тіл білімінің стилистика саласы әдебиеттанумен тығыз байланысты.

Тіл білімі философиямен тығыз байланысты. Философия тек тіл білімінің ғана емес, күллі ғылымдардың методологиясы бодып саналады. Философия да, тіл білімі де барлық құбылыстарды бір-бірімен өзара байланыста қарастырады. Философия табиғат пен қоғам өміріндегі барлық құбылыстар қозғалу, өзгеру, даму күйінде болады деп үйретсе, тіл білімі де тілдік құбылыстарға солай қарайды. Әйткені тіл де басқа қоғамдық құбылыстар сияқты өзгереді, дамиды. Бірақ, ескертетін нәрсесе тілдегі өзгеру тым баяу өтеді.

Философия өмірдегі барлық заттар мен құбылыстарда форма мен мазмұн бар, олар өз ара байланыста, бірлікте болады, - деп үйретеді. Мазмұн өмір сүру үшін, белгілі бір формага ие болуы керек. Тіл де – дәл осындай құбылыс. Тілдегі формалардың да (сөздердің, грамматиканың, категориялардың) мағына, мазмұны бар. Олар да бір-бірімен тығыз байланысты.

Тіл білімі логикамен тығыз байланысты. Көшілікке белгілі, логика - ойлаудың зандары мен ой формалары туралы ғылым. Ал ойлау, әдетте, тіл арқылы іске асады, тіл арқылы жарыққа шыгады. Анығырап айтканда, адамның ойы тілдегі сөздер мен сөйлемдер арқылы айтылып, түсінікті болады.

Тіл білімі психологиямен де байланысты. Психология түйсік пен қабылдау, ес пен ой, сезім мен зейінді зерттейді. Ал бұлардың сейлеу процесіне (оны қабылданап, түсіну процесіне) тікелей қатысы бар. Әйткені біреудің айтқанын қабылдау, оны ұғыну процесі болмаса, қарым-қатынас жасау, пікір алысу да болмаған болар еді.

Адам сөз арқылы белгілі бір затты атап қана коймайды, сонымен бірге, сол затка (іске, құбылыска) өзінің қатынасы мен оған қалай караитындығын да білдіреді. Яғни тіл ойды білдірудің ғана құралы емес, сонымен бірге, сезімді де білдірудің құралы. Мысалы: жаман, жексүрын, сұмпайы, сұмырай немесе күмар, інкәр, ынтызар т.б. Бұл сөздер (синонимдер) бір-бірінен эмоциялық бояуы жағынан ажыратылады.

Сейлеу процесіне жоғарғы нерв жүйесі де қатысады, яғни сейлеу жоғары нерв жүйесінің қызметімен байланысты. Жоғары нерв жүйесі жақсы жетілсе, сейлеу де жақсы жолға қойылған деп есептеледі. Тілдің күрмелуі, кекештену, жақсы сейлей алмау - мидың закымдануынан болады. Психиаторлар, дефектологтар, логопедтер сейлеуді жоғарғы нерв жүйесінің, мидың қызметімен байланыстыра қарастырады.

Лингвистиканың тіл дыбыстарын зерттейтін саласы - фонетика филологиямен байланысты. Әйткені сейлеу - дыбыстау мүшелерінсіз (ауыз,

тіл, тіс...) мүмкін емес. Тілдің шығуының өзі алғашқы адамдардың сөйлеу мүшелерінің жетіліп дамуына байланысты.

Тіл білімі физиканың акустика саласымен де байланысты. Адам баласының тілі - дыбыстық тіл. Тілдегі дыбыстар жүйесін тіл білімінің фонетика саласы зерттейді. Ал жалпы дыбыс атаулыны физиканың акустика саласы зерттейді. Ендеше, бұл екеуі де бір-бірімен байланысты.

Тіл білімінің тарих ғылымымен, оның ішінде этнографиямен, археологиямен байланысы бар. Тіл тарихы - сол тілді жасаушы, сол тілді қолданушы халықтың тарихымен байланысты. Олар бірін-бірі байытады, бірін-бірі толықтырады. Тілдік деректерді - тарих, тарихи мәліметтерді, тіл пайдалана алады. Айталық, тіліміздегі кірме сөздерді зерттеу арқылы казак халқының бұған дейін қандай халықтармен арасынан болғандығын білуге болады.

Этнографтар халықтың ерте кездегі салтына, дәстүріне, әдет-ғұрпына, тұрмысына байланысты материалдық байлықтарды зерттегендегі тіл фактілеріне соқпай ете алмайды. Өйткені тіл - соларды ұзак уақыт бойы сактап қалған құралдырын бірі.

Тіл білімі антропологиямен де жақындасады. Антропология - адамның биологиялық табигаты, адамның морфологиялық типтері туралы ғылым. Адам баласы тілінің пайда болу дәүірін айқындауда әсіресе палеантропологияның деректері айрықша маңызды.

Тілге кейде географиялық факторлар да әсер ете алады. Мысалы, аралда тұрған халықтардың тіліне ешкім әсер ете алмауы мүмкін. Болmasa кен аймақта тұратын халықтың тілдері диалектерге бөлініп кетуі мүмкін, ал тар аймақта тұратын халықтардың тілдеріндегі диалектілер бірігіп, жойылып кетуі ғажап емес.

Тіл білімі мен географияның өз ара байланысы ғылымның жаңа бір саласы - лингвистикалық географияның тууына әкеп соқты. Лингвистикалық география тілдегі фонетикалық, лексикалық, грамматикалық құбылыстардың кай территорияга тарағанын көрсетеді. Бұл, әсіресе,

диалектіні зерттегендегі ерекше маңызды. Сол арқылы, белгілі бір тілдің немесе диалектілердің лингвистикалық картасы (атласы) жасалынады.

Тіл танбалардың жүйесі (знак). Осыған орай тіл білімі жалпы танба атаулыны қарастыратын - семиотика ғылымымен байланыска түседі. Таңбаларға Морзе әліппесі, жазу мен цифрлар, жол белгілері, тағы басқалар жатады. Жазусызы (әріптерсіз) тіл жоқ екендігі белгілі.

Тіл білімі белгілі дәрежеде математикамен де, кибернетикамен де байланысты. Тіл білімі математика ғылымымен, біріншіден, машиналық аударма мәселелері бойынша байланысса, екіншіден, тілді зерттеуде математикалық, статистика әдістерінің қолданылуы жағынан байланысады. Математикалық сөздердің, дыбыстардың қолданылу жиілігін айқындауға көмектеседі. Осының нәтижесінде математикалық лингвистика деп аталатын білім саласы қалыптасты.

Сонымен, тіл білімі кептеген ғылымдармен байланысты екен.

ТІЛДІҢ ТАБИГАТЫ МЕН ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Әдетте тіл білімінің теориялық жағынан да практикалық жағынан да мәні күшті, - деп жатамыз. Теориялық мәні дегеніміз не?

Тіл алдымен ғылыми тұрғыдан зерттелінеді. Соның нәтижесінде тілдің табигаты, оның даму заңдылықтары айқындалады, ондағы тілдік категориялар сараланады. Ол категориялар мен заңдардың бір-бірімен байланысы, өзара карым қатынасы анықталады. Сөйтіп, белгілі бір тіл туралы корытындылар, топшылаулар жасалынады. Сол корытындылар мен топшылаулар негізінде грамматикалық (нормативті және ғылыми) окулыктар жазылады, тұрлі сөздіктер құрастырылады. Міне, тілдің теориялық жағы дегеніміз осы.

Тілдің табигаты

Тілдің табигаты деген нәрсе - тіл білімінің маңызды мәселелерінің бірі. Неміс ғалымы Франц Бопп тілді биологиялық құбылыс, оны құдай жаратқан, - деп есептеді. Бұл пікірді А.Шлейхер де колдады. Ол: "Тіл де биологиялық

организм сияқты туады, еседі, өледі", - дейді. Бұлай болған күнде тіл атадаң балаға, үрпактан үрпакқа тұқым қуалау арқылы беріліп отыруы керек кой. Міне, бұл пікір дұрыс емес. Тіл атадан балаға ген арқылы берілетін құбылыс емес, ол бір үрпактан екінші үрпакқа ауысып отыратын кейінгі үрпак алдыңғы үрпактан үйреніп отыратын нәрсе.

Олай болатын себебі жаңа туған бала өз ата-анасының тілінде сөйлеуі де мүмкін, сейлемеуі де мүмкін. Егер жаңа туған баланың ескен ортасы өз ата-анасының тілінен басқа орта болса, ол сол ортаның тілінде сөйлеп кетеді. Оған өмірде мысалдар толып жатыр. Бұл - тілдің биологиялық құбылыс емес екендігін дәлелдейді.

Екінші бір топ ғалымдар тілді психологиялық құбылыс деп біледі. Ол "тіл құдай жаратқан нәрсе емес, оны жеке адам жасайды, жеке адамның рухы туғызады", - деген түсініктен туған. Алдыңғы пікір сияқты бұл да қате пікір еді. Егер тіл рухтын туындысы болса, әрбір адамның жеке-жеке өз тілі болған болар еді де, бір тұтас халықтың, ұлттың тілі болмас еді. Өмірде олай болмайтынын көпшілік жақсы біледі. Жеке адамның тілі қауымда ғана жасалынады, қауымда ғана дамиды.

Олай болса, адамзат тілі - биологиялық та, психологиялық та құбылыс емес, ол қоғамдық (әлсұметтік) құбылыс, қоғамға қызмет етеді. Себебі тіл қоғам үшін қоғам мүшелерінің пікір алысып өзара түсінісу үшін керек, сол үшін жаралған. Пікір алысу, түсінісу қоғам бар жерде ғана болады. Бір-бірімен сейлесетін адамдар жок жерде тіл де жоқ. Қоғам қай жерде, кашан туған болса, тіл де сол жерде, сол заманда пайда болған. Қоғамсыз - тіл. тілсіз - қоғам болмайды.

Тілдің қоғамдық қызметі

Тілдің ен басты қасиеті не? Оның ен басты қасиеті - қатынас құралы болу қызметі. Тіл - адам баласы қоғамында қатынас құралы, сейлесіп, пікір алысадын құралы ретінде қызмет аткаратын қоғамдық құбылыс.

Тіл мен қоғамның арасындағы байланыс - екі жақты болады. Бірінші: тілсіз ешбір қоғам өмір сүре алмайды. Тіл жоқ жерде адамдардың қоғамда-

бірлесіп екбек етуі мүмкін емес. Өйткені тіл - қоғамның өмір сүруінің басты шарты. Екінші: тіл қоғам бар жерде ғана өмір сүреді. Қоғамнан тыс тіл жок.

Тілдің екінші басты қызметі - ол ойлаудың, ойдың жарыққа шығуының құралы. Адамның ойы тіл (сөздер мен сөйлемдер) арқылы белгілі болады. Демек, ойлау мен тіл бір-бірімен өзара тығыз байланысты.

Тілдің бұл екі қызметтің басқа, яғни қатынас құралы болу қызметі мен ойлаудың құралы қызметтің басқа, тағы бір қызметі бар. Ол - оның атауыштық (номинативтік) қызметі. Яғни тіліміздегі әрбір сез, сез тіркесі - белгілі бір заттың, ұғымның, кимылдың, сынның аты, атауы болып табылады.

Тілдің төртінші қызметі - экспрессивті-эмоциональдық қызмет. Тілдің экспрессивті-эмоциональдық қызметі деп - адамның сол затка, ұғымға деген өзіндік (субъективті) қатынасын, эмоциясын, яғни не жақсы көрү, не жек көрү сезімін айтамыз. Мысалы: алакай, маскара, кап, айналайын, т.б.

Тіл - халықтың тарихы, оның құллі өмірінің ізі. Одан сол тілді жасауы халықтың арманы мен үміті, қайғысы мен қуанышы сезіліп тұрады.

Тіл - талай заманның жемісі. Ол бірнеше қоғамға қызмет ете береді. Мысалы, қазак тілі феодалдық қоғамға да қызмет етті. Енді, міне, нарыктың қатынас қоғамына да қызмет етіп отыр.

Тіл белгілі бір топтың, айталық, не байдын, не кедейдін мұқтажын өтеу үшін емес, қоғамдағы барлық таптар үшін қызмет атқарады. Олай болса, тіл таптық сипатқа емес, жалпы халықтық сипатқа не болады. Бұл - оның ен басты ерекшелігі. Сонымен, тіл таптық құбылыс емес. Ол - қоғамдық құбылыс.

Тіл және ойлау

Тіл мен ойлау өзара байланысты. Дыбыстық тіл де, абстракты ойлау да адамға тән құбылыстар. Біріншіден, тіл де, ойлау да - адам миының туындысы, соның жемісі; екіншіден, тіл де, ойлау да-қоғамдық құбылыстар. Адамның ойы арқылы тілдік бірліктер (сөздер, сез тіркестері, сөйлемдер) болмыспен (объективті дүниемен) байланыска түседі. Мұнсыз адамдар бір-

бірімен сейлесе алмаган болар еді. Өйткені тілдік бірліктер болмыстағы заттар мен құбылыстардың аттары. Сондықтан да, біз: тіл – ойлаудың құралы, - дейміз.

Коғам мүшелерінің өзара пікір алысусы тіл арқылы іске асады. Адам өз ойын басқаларға тіл арқылы айтып (не жазып) жеткізеді. Тындаушы да айтушының ойын тіл арқылы түсінеді. Ой тіл арқылы, тілдегі сөздер мен сөйлемдер арқылы көрінеді. Демек, тіл – пікір алысусы құралы, ойлаудың құралы, ойды жеткізу құралы.

Тагы да кайталайық: ойлау мен тіл бір – бірімен тығыз байланысты. Тіл ойлаудың шығуымен бірге, бір мезгілде шығып қалыптасты және оның дамуымен бірге дамып келеді. Ендеше, ойлаудың тілден тыс болуы мүмкін емес екен. Бір нәрсені танып білуде тілдің атқаратын ролі зор. Олай дейтін себебіміз, белгілі бір затты жақсы тану үшін, яғни оған ат қою үшін, ең алдымен сол заттың басты белгілерін білу керек.

Тіл мен ойлау әрдайым бірлікте болады. Ойлау тілдегі сөздер мен сөйлемдердің негізінде іске асады, солар арқылы басқаларға белгілі болады. Басқаның ойын да тіл арқылы, тілдегі сөздер мен сөйлемдер арқылы түсінеле алады.

ТІЛДІҢ ТАҢБАЛЫҚ, ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЖӘНЕ ЖҮЙЕЛІЛІК СИПАТТАРЫ

Тілдің таңбалық сипаты

Тілдің таңбалық сипаты оның ерекшеліктерінің бірі болып саналады. Лингвистер бұл мәселеге ертеден бері-ақ назар аударып келеді. Фердинанд де Соссюр өзінің «Жалпы тіл білімі курсы» атты енбегінде (1916) тілді таңбалар жүйесі деп қарастырған және оны таңбалардың басқа жүйелерімен салыстырған.

Таңбалар жүйесінің мынадай түрлері бар: жол бойының белгілері, әскери сигналдар, цифирлар (араб және рим), әріптер т.б. Бұларды шартты таңбалар деп атайды.

Тіл осы таңбалардың ішіндегі өте-мөте маныздысы. Ендеше, тілді, оның элементтерін де (морфеманы, сөзді, сөз тіркесін, сөйлемді) таңба дейміз. Мұның негізгі мәселесі-таңба мен мағынаның байланысы.

Тілдің немесе тілдік бірліктердің таңбалық сипатына не жатады? Біріншіден, тілдік бірліктер (сөздер) нені білдірсе де жалпылап білдіреді, екіншіден, сол білдірген (танаңтыкан) нәрсесін тіркейді және оны сактайды, сөйтіп оны келешек үрпакқа жеткізеді. Яғни тілдің таңбалық сипатына тілдік бірліктердің үш түрлі қызметі жатады. Олар: 1)атауыштық (затка ат қою; белгілеу, тіркеу-номинативті) қызметі, 2)коммуникативтік (бір нәрсені хабарлау, пікір алысусы) қызметі, 3)эстетикалық (сезімге әсер ету, әсірелеу, экспрессивтік, эмоциялдық) қызметі.

Кез келген таңбаның екі жағы болады: бірінші жағы - формасы, екінші жағы - мазмұны. Мысалы, көшедегі бағдаршамның (сфетофордың) жасыл түсі сол таңбаның формасы, ал «көшеден өтүге рұқсат» деген мағынасы оның мазмұны. Тілдік таңбалардың да (бірліктердің де) дәл осындай екі жағы болады. Мысалы, -лар, -лер... Бұл формалар мен мазмұндар тек сол таңбалар жүйесінде ғана мәнге ие бола алады; ол жүйеден тыс әлгіндей мағыналарды білдіре алмайды. Айталық, казак тілінің түбір морфемасы (бала) немесе аффикстік морфемасы (лар) орыс тілінің, бұлмаса басқа бір тілдің жүйесінде ешқандай мәнге ие бола алмайды. Сондықтан да, біз казак тілінің жүйесі, орыс тілінің жүйесі деген терминдерді жиі колданамыз.

Шартты таңбалар мен тілдік таңбалардың айырмашылықтары бар. Егер шартты таңбаның бір формасына әдетте бір ғана мазмұн

сәйкес келсе, тілдік таңбалар әр уақыт солай бола бермейді. Кейде тілдік таңбаның бір формасына бірнеше мазмұн (мағына) сәйкес келуі мүмкін, болмаса керісінше.

Мұны былайшы көрсетуге болады; *bîr forma* > *bîrneshé mazmûn* (көп мағыналық, омонимия) немесе *bîrneshé forma* >*bîr mazmûn* (синонимия, дублет, вариант).

Тілдік таңбаның түрлері (типпері): фонемалар, грамматикалық морфемалар, сөздер, сөз тіркестері, сөйлемдер.

Тілдік таңбаның белгілері: 1) еріктілік, 2) шарттылық.

Еріктілік, шарттылық дегеніміз - таңба мен сол таңба арқылы белгіленген заттың немесе ұғымның арасында ешқандай табиғи байланыстың жоқтығы. Сондыктан да, бір зат тілде әр түрлі сөздермен (әр басқа дыбыстық кешенмен) аталынады (белгіленеді). Ол зат пен оның атауының арасында шартты түрде ғана (табиғи емес) байланыс болады.

Енді тілдік таңба мен шартты таңбалардың арысындағы айырмашылықтарға келелік. Бұлардың арасында ұқсастасқа бар, сонымен бірге, оларды бірдей деп есептеуге болмайды. Ұқсастығы: екеуінде де форма мен мазмұн бар, екеуі де – бірдеме жайында хабарлаудың құралы. Ал айырмашылықтары:

1) Тіл – ойды білдірудің, пікір алдыннан⁵⁶⁶ , ү қатынас жасаудың кең көлемде қолданылатын жалпылама құралы. Басқа шартты таңбалардың қолдану өрісі тілге караганда әлдеқайда тар, хабарлау мүмкіндігі анағұрлым аз. Мысалы, бағдаршамның қызыл түсі «көшеден өтуге болмайды» деген басқа еш нәрсе хабарлай алмаса, тіліміздегі «қызыл» деген сөз бірнеше мағына береді, бірінші - түстін атауын, екінші - ет немесе бидай деген ұғымды, үшінші - кылша, қызылша (корь) деген ауруды білдіреді.

2) Тілдің көптеген басқа таңбалардан екінші айырмашылығы - ол (тіл) мазмұнды ғана білдіріп коймайды, қалай қарайтын,

сонымен бірге, адамның хабарлайтын жайға катысатын, қалай қарайтынын, ұнатуын, куанышын немесе қайғысын да білдіреді. Мысалы, жоғарыда аталған қызыл сөзінің «ет» немесе «бидай» деген мағынасын жағымды сезімімізді тудырса, ал ауруды еске салып тұрган «балама қызыл шығып жатыр» деген төртінші мағынасы – аяныш сезімі тудырады. Мұндай қасиет таңбалардың баска жүйелерінде (мысалы, жол белгілерінде) жоқ.

3) Тілден басқа барлық таңбалар жүйесі келісім бойынша қолдан жасалады, келісім бойынша өзгертуле алады. Мысал, үшін қазак тіліндегі ұ дыбысын келтірелік. Ол дыбысты біз араб әліпбійн (алфавитін) пайдаланып жүрген кезде Θ әрпімен белгіленген едік. Кейін, яғни 1929 жылы латын таңбалық. 1940 жылы орыс графикасына (кирилицаға) көштеген кезде әлгі дыбысты ү әрпімен белгілеуге келістік. 1951 жылы аталған дыбысты (тағы да келісім бойынша) ұ әрпімен таңбалауды жөн санадык.

Ал тілдік таңбалар когам мүшелерінің еркіне бағынышты емес. Мысалы, балта деген сөзді адамдар келісіп жасаған жоқ. Тым ерте замандарда ата-бабаларымыз оны солай атаған. Әрбір жана үрпак қалыптаскан сөзді сол қүйінде қабылдайды, сол қүйінде үйреніп алады. Ол ешқашан өзгермейді. Егер өзгерс қалса келісім бойынша емес, тілдің даму зандары бойынша ғана өзгереді.

4) Барлық шартты таңбалар сайып келгенде дыбыстық тілге негізделеді, олардың мағыналары тіл арқылы айқындалады, тіл арқылы түсінікті болады. Мысалы, бағдаршамның қызыл түсін тіл арқылы: «бұл - өтуге болмайды деген белгі» деп түсіндірмесек, қызыл шам өздігінен еш нәрсені білдіре алмаған болар еді.

Сонымен, тілдік таңбалардың қызметі, мәні зор екен; оның ауқымы кең. Басқа (шартты) таңбалар тілдің қызметін атқара алмайды.

Тілдің құрылымдық және жүйелілік сипаты

Тіл – белгілі құрылымы және қызметі бар, бір тұтас жүйелі құбылыс. Яғни тілге құрылымдық (структурा), жүйелілік (система) және қызмет (функция) деген үш түрлі қасиет тән. Бұлардың әрқайсысы өзіне тән, нақтылы мазмұн болады. Тілдің қызметі туралы жоғарыда айттық. Енді құрылым мен жүйе дегендеге келелік.

Құрылым деп, әдетте, бүтін нәрсенің элементтерінің арасындығы катынастардың схемасын айтады.

Ол бүтіннің әр текстес элементтерінің ара катынасынан және бірлігінен тұрады. Элементтер яғни тілдік бірліктер мыналар: 1) дыбыс (фонема), 2) морфема, 3) сөз, 4) сөз тіркесі, 5) сөйлем.

Дыбыстар (фонемалар) – есту мүшелері аркылы қабылданады, бір морфеманы екінші морфемадан, бір сөзді екінші сөзден ажыратады. Мысалы, т.д. дыбыстары тән, дән деген сөздерді бір-бірінен ажыратып тұр.

Морфема – дыбыстар мен мағынаның бірлігінен тұратын ең кіші элемент. Морфеманың түбір морфема (красн+ый, бүр+ін), аффикстік морфема (жылқы+шы, бала+лық; ағаш+тын, бұтағ+ы). деген түрлері бар. Бұлардың әрқайсының білдіретін мағыналары болады. Мысалы, заттық мағына, сөз тудыруши мағына, сөз түрлендіруші мағына (яғни сөздердің байланысын, бір – біріне катынасын білдіретін мағына). Морфема бір ғана фонемадан да құралуы мүмкін. Мысалы, бар+са+m, бар+са+n).

Сөздер заттар мен құбылыстарды, сапа мен белгіні, іс – әрекет пен кимылды атайды, солардың атаулары ретінде қызмет атқарады. Сөздің бұл қызметін – номинативті (атау болу) қызмет деп атайды.

Сөйлем ойды, байымдауды білдіреді, бір нәрсені хабарлағы қызметін атқарады. Сөз номинативті қызмет атқарса, сейлем

коммуникативтік (пікір алысу, сөйлесу) қызмет атқарады. Тіл өзінің катынас құралы болу қызметін сөйлемдер арқылы іске асырады.

Тілдік құрылымның әрбір саласы (денгейі-уровень), мысалы, фонетикалық, морфологиялық, лексикалық, синтаксистік салаларының әрқайсының өз жүйесі болады. Әрбір жүйенін, мәселен, фонетика жүйесінің бырлық элементтері сол жүйенің мүшелері ретінде қызмет етеді.

Ал жүйе дегеніміз - өзара байланысты бір текстес элементтердің бірлігі. Ол заттық негіз (материя, субстарция), құрылым және қызмет деген үш ұғымның ұштасып келуінен, олардың бірлігінен және өзара катынасынан құралады. Бұлар бір-бірімен тығыз байланысты. Яғни жүйе – рет-ретімен ұйымдаста орналаскан бір тұтас құбылыс. Жүйе материя мен құрылымның бірігуі, қосылуы түрінде өмір сүреді және белгілі бір қызмет атқарады.

Сондай-ақ, жүйе дегенді өзіне тән айырыкша құрылымы бар кіші жүйелердің жиынтығы деп те айтуда болады. Тіл құрылымының жеке салаларының жүйелері бір-бірімен қарым – катынасында, өзара байланысында тілдің жалпы жүйесі құрайды.

Тілдің жүйелілік сипаты оның барлық саласынан (фонетикалық, лексикалық, грамматикалық) көрінеді. Мысалы, кез-келген тілдің фонетикасында «дауысты дыбыстардың жүйесі», «дауыссыз дыбыстардың жүйесі» деген такырыптар бар. Ол, әрине тегін емес. Дауыстылар жуан-жінішке, еріндік-езулік, ашық-қысан болып бөлінеді. Бұлай жұп-жұбымен және бір-біріне қарама-карсы қойылып топтасуы тілдің дыбыстық жағында белгілі бір жүйе бар екендігінің белгісі.

Дыбыстар бір белгісі бойынша бір-біріне қарама-карсы қойылса, екінші белгісі бойынша бір текстес болып келеді. Мысалы: ы мен і дыбыстары тілдің катысы жағынан бір-біріне қарама-карсы дыбыстар (ы-жуан, і-жінішке), ал еріннің катысы жағынан олар бір

тектес дыбыстар (екеуі де езулік). Бұл сияқты жүйелілік дауыссыз дыбыстарда да бар. Мысалы, П мен Б дыбыстар дауыс катысы жағынан бір – біріне карама - қарсы (П-қатан, Б-ұян), ал жасалу орны жағынан бір тектес дыбыстар (ерін дауыссыздар).

Жүйенін бір элементі өзі тектес екінші элементтің болуына ангартады. Мысалы, септеудің жүйесі кемінде екі септеудің, жіктелудің жүйесі екі жактың (1-жак, 2-жак) болуын керек етеді. Егер олар бір-біріне болса, онда олар жүйе құрай алмаған болар еді.

Әрбір сөз өзінше өзгеріп, өзінше түрленбейді. Олардың өзгеруімен түрленуінің белгілі бір жүйесі, белгілі бір формасы болады. Ондай жүйелер мен формалар бір сөзді ғана емес, белгілі бір топқа енетін сөздердің күллісін қамтиды. Мысалы, зат есімдердің септелуін алалық. Тек зат есімдер ғана септеледі және белгілі бір формула бойынша ғана септеледі. Бұлар зат есімнің барлығына тән. Осылай болғандықтан ғана біз септелу жүйесі туралы сөз ете аламыз. Егер зат есімдердің әрқайсысы өзінше септелсе, онда сөздердің септелуін біліп алу да, оқып үйрену де мүмкін болмас еді.

Жүйелілік қасиет тілдің синтаксис саласынан да айқын көрінеді. Сөздердің сөйлемдегі тіркесуі белгілі бір тәсілдер (формалар) арқылы іске асады. Тіл – тілде сөздердің тіркесуінің киысу, қабысу, матасу, менгеру, жанасу деп аталатын тәсілдері бар. Бұл тәсілдер бірлі – жарым сөздерді ғана емес, тіркесуші сөздердің белгілі бір тобын түгелдей қамтиды. Сөйтіп, сөздердің байланысу тәсілдерінің жүйесін қурайды.

Сондай - ак, тілдің әр түрлі салалары (денгейлері) және олардың элементтері өз-ара бір-бірімен тығыз байланыста болады. Мысалға, терезе деген сөзді алалық. Ол т, е, р, е, з, е дегендегі дыбыстардың тіркесімен айтылған (бұл фонетикалық жағы); аталған сөз – зат есім, бұл оның грамматикалық мағынасы; ол сөздің өзіндік

мағынасы болады, бұл оның лексикалық жағы. Демек, әрбір сөзде тілдің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық жактары (салалары) үштасып келеді.

Септік категориясы, негізінен алғанда, морфологиялық категория. Дегенмен, оның синтаксистік жағын мойындау дұрыс болмаған болар еді. Септіктер сөздерді бір – бірімен байланыстырып, синтаксистік қызмет атқарады.

Сонымен, тілде жүйелілік қасиет бар. Сондыктан да, біз оны оқып үйрене аламыз. Оқу, үйрену, сайып келгенде, тілдік жүйелерді оқып үйрену, оларды менгеру болып шығады.

Синхрония және диахрония

Тіл білімі тілдің белгілі бір дәуірдегі қалпын және оның өзгеруі мен дамуын зерттейді. Әрине, бұл екеуі бір нәрсе емес. Тілдің белгілі бір дәуірдегі қалпын, құрылымын жүйесін зерттейді – синхрондық тіл білімі, ал тілдің тарихи өзгеруі мен дамуын зерттеу – тіл білімі деп атайды. Басқаша айтқанда, тілдің өмір сүріп тұрган кезіндегі қалпына сипаттама беруі арқылы зерттелсе, оны тарихи тіл білімі деп атауға болады.

Жоғарыда аталған синхрония деген термин тілдегі құбылыстардан белгілі бір дәуірдегі қалпын, яғни Ф. де Соссюрдің сөзі мен айтқанда, оның « бір мезгілдік» (одновременность) күйін қарастыру дегенді білдірсе, диахрония деген әр түрлі кезде бірінен кейін бірі болатын (разновременность) тілдік құбылыстарды қарастыру дегенді білдіреді. Синхрония бойынша, бір мезгілде қатар өмір сүріп тұрган тілдік құбылыстардың арасындағы қатынастар қарастырылады да, диахрония бойынша әлгі тілдік құбылыстардың тарих (уақыт) бойындағы өзгерістер қарастырылады.

Ф. де Соссюр синхронияны жүйемен байланыстырады да, диахронияны жүйеден тыс деп біледі. Оның пікірінше, синхрондық тіл білімі тілде жүйелі құбылыс ретінде, яғни тілдегі құбылыстарды бір – бірімен байланысында, бірақ дамудан тыс қарастырган жөн екен, ал диахрондық тіл білімі тілдегі құбылыстарды даму тұрғысынан, бірақ өзара байланыстан тыс, яғни тілдік элементтерді, бір – бірінен ажыратып, бөлек зерттеген орынды сияқты. Сайын келгенде, бұл синхрония мен диахронияны бір – біріне қарама-қарсы қою деген сөз. Әрине, мұндай пікір дұрыс болып табылмайды. Өйткені дидактикалық материализм әрбір құбылысты шығуы мен дамуы және басқа құбылыстармен байланысында зерттегендеге ғана оның табиғатын жете түсінуге болады деп үйретеді. Олай болса, тілді зерттегендеге ондағы құбылыстарды синхрониялық тұрғыдан да, диахрониялық тұрғыдан да қарастыру дұрыс және ол өте - мәте қажет. Себебі тілді ғылыми тұрғадан тану үшін, оны тарихи тұрғыдан да, сипаттамалық тұрғыдан да, зерттеудің мәні өте зор. Мұндай екі жакты зерттеу болмаған жерде тіл білімінің толық мағынасында ғылым болуы мүмкін емес. Мысалы, қазак тіліндегі сарғай деген етістіктің құрамына талдау жасау керек болды делік. Ол үшін мәселеге алдымен тарихи тұрғыдан қарау керек. Егер оған тарихи тұрғыдан карасақ, бұл сөздің түбірі – сары, косымшасын-ғай деуге болмайды. Оның түбірі – сары емес, сарығ. Ал жүрнағы-ғай емес, - ай (азай, көбей дегендердегі –ай, -ей).

Бұдан шығатын корытынды: тілдің жүйесі (синхрония) тілдің тарихына (диахрония) телулі, яғни тіл жүйесі әрқашан оның тарихымен байланыста болады. Ендеше, тілдің жүйесін түсінү үшін тіл тарихының манызы зор екен. Керісінше, тілдің тарихи дамуын жақсы үғыну үшін, оның жүйелілік касиетімен есептескесе болмайды. Тілдегі болып жатқан өзгерістер мен дамулар оның

жүйесін өзгертпейді, тек ондағы (тіл жүйесіндегі) қатынастардың түрін ғана ауыстыруы мүмкін.

Сонымен, тіл, тілдік құрылым уақыт барған сайын дамып, жетіліп отырады. Сондыктан да, оны зерттегендеге оған тілдің қазіргі қалпы тұрғысынан (статикалық тұрғыдан) қарау жеткіліксіз. Бұған коса тілге оның шығу тегі, дамуы тұрғысынан да (динамикалық тұрғыдан) қарау қажет. Демек, тілді зерттеуде ғалымдардың, біріншіден оны құрастыруышы элементтердің байланысы тұрғысынан, екіншіден, олардың шығуы, тарихи дамуы, өзгеруі тұрғысынан қарастырган жөн.

Тақырыпты бекіту үшін сұрақтар:

1. «Тіл білімінің негіздері» пәннің мақсаты мен міндеті не?
2. Тіл білімі нені зерттейді?
3. Тіл білімінің нысаны (объектісі) не?
4. Тір білімінің салаларына не жатады?
5. Жеке тіл білімі мен жалпы тіл білімінің қандай айырмашылықтары бар?
6. Тіл білімі қандай ғылымдармен байланысты?
7. Тіл білімінің теориялық мәні неде?
8. Тіл білімін практикалық мәні неде?
9. Тіл қандай құбылыс?
10. Тілге қандай касиеттер тән?
11. Тілдің қоғамдақ қызметіне нелер жатады?
12. Тіл қандай қоғамға қызмет етеді?
13. Тілге тән қандай сипаттарды білесін?
14. Тіл мен ойлаудың бірлігі неде?
15. Тіл мен ойраудың айырмашылығы неде?
16. Таңым процесіндегі тілдің атқаратын ролі қандай?
17. Таңбалар жүйесінің қандай тұрлерін білесін?
18. Шартты таңбаларға қандай касиеттер тән?
19. Тілдік таңбаға қандай касиеттер тән?
20. Тілдік таңба мен шартты таңбалардың ұқсастықтары неде?
21. Тілдік таңба мен шартты таңбалардың айырмашылықтары неде?
22. Тілдің құрылымдық сипаты дегеніміз не?
23. Тілдің жүйелілік сипаты дегеніміз не?
24. Тілдің құрылымдық және жүйелілік сипаттарының айырмыштықтары неде?
25. Синхрония мен диахронияның айырмашылығы неде?
26. Тілдік бірліктерге (элементтерге) нелер жатады?

Лексикология — тілдің лексикасы және оның тарихи даму заңдылықтары, қызметі туралы ілім (бұл термин гректің *lexis* және латынның *logos* сөздерінен алынған). Ал лексика дегеніміз — бір тілдең барлық сөздердің жиынтығы. Тілдегі бар сөздердің жиынтығын сол тілдің сөздік құрамы деп атайды. Сонда лексика және сөздік құрам деген терминдер — бір бірімен синоним.

Лексикологияның негізгі объектісі — сөз. Сөз тілдің лексикалық единицасы деп аталады. Тілдің лексикалық единицасы — сөздің қыр-сыры өте көп. Соған орай, сөз проблемаларын зерттеу мақсат-тәсілдеріне қарай, лексикология үш түрлі болып келеді: сипаттамалы лексикология; тарихи лексикология; салыстырмалы-салғастырмалы лексикология. Бұлар синхрондық және диахрондық тұрғыдан қарала береді.

Зерттеу объектісіне қарай, лексикология тағы да екі түрлі болады: жеке, нақты лексикология; жалпы лексикология. Жеке лексикология бір тілдің немесе туыстас тілдердің сөздік құрамын бүтінгі, қазіргі қалпы тұрғысынан зерттеп, баяндайды. Мәселен, қазақ лексикологиясы — қазақ тілінің сөз байлығы туралы ілім; түркі тілдері лексикологиясы — түркі халықтары тілдерінің лексикасы жөнінде ілім. Ал, жалпы лексикология — лексикологияның тіл атауларының лексикасына арналатын теориялық бөлімі.

Сөз атаулы тіл-тілдің бәрінде бар. Рас, бір тілдің лексикасы аса дамыған, бай болуы, екінші бір тілдің лексикасы кедейлеу болуы мүмкін. Бір тілде бар ұғым, сөз екінші бір тілдерде болмауы мүмкін. Мәселен, қазақ тілі — бірыңғай, дамыған әдеби тіл. Соның өзінде қазақ тілінде сөйлеушілердің бәрі бірі билетін сөзді екіншісі біле бермеуі ықтимал. Құрш, балық шаруашылығымен айналысатындар, бақша өсіретіндер т. б. лексикасымен ондай шаруашылықтармен айналыспайтын жердегілердің сөздік коры арасында, сөз жоқ айырма болады. Мәселен, Қызылорда

тұрғындарының лексикасында қауын түрінің толып жатқан аты бар, арқа қазақтары оның бәрін біле бермеуі мүмкін.

Пәлен тілде пәлен сөз бар деп ешкім де, ешбір ғылым да нақты айта алмайды. Тілдегі сөз санын шамалап қана айтып жүр. Мәселен, аса жақсы дамыған орыс тілінде миллионға жуық сөз бар деседі. Ағылшын және неміс тілдері де соған қаралас (В. Н. Перструхин). Бірақ ешбір тілдің сөздігі сол тілдің барлық лексикасын қамтып, түсінік беріп көрген емес. Олай ету әзірше мүмкін емес. Сөздіктер ең негізгі, көбірек қолданылады дейтін сөздерді ғана молырақ қамтуға тырысады. Сондай сөздіктің бірі — В.И.Дальдың төрт томдық «Толковый словарь живого великорусского языка» (1863—1866 ж.) атты еңбегі. Мұнда екі жүз мындағы сөз бар. Ал, он жеті томдық «Словарь современного русского литературного языка» (1948—1965) атты еңбекте 120480 сөз қамтылыпты. Қазір шығарылып жаткан «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» (он томдық) 70 мындағы реестр сөз, 20—25 мындағы күрделі сөздер мен фразеологизмдер қамтылмағыш.

Бір тілдің лексикасы деген термин мен бір адамның, қайраткердің сөз коры дегендер — бір нәрсе емес. Бір тілдің лексикасы аса мол, екінші бір тілдік лексикасы кедейлеу болатыны сиякты, бір адам ана тілі сөздерін аса көп білуі, енді бір адам аздау білуі мүмкін. Сондай-ак, жеке адам лексикасында актив түрде қолданылатын сөз коры бар да, сол адамның билетін жалпы сөз атаулары бар. Бұл екеуді — екі бөлек нәрсе. Психологтардың айтуынша, жас балалар — 3600-дей сөз, 14 жасар балалар — тогыз мындағы, ересек адамдар 12—13,5 мындағы сөз қолдана алғатын көрінеді. Әрине, мұның бәрі — түбір сөздер ғана емес, дербес сөздер. Бір сөз адам сөйлеуінін ішінде сан рет кайталанып келе береді.

Аса көрнекті ақын-жазушылардың тіл байлығы 20 мын сөзден сал ғана артады деседі. Мәселен, «Словарь языка Пушкина» — Пушкин тілі сөздігінде 21290 сөз бар екен. Бұдан Пушкиннің сөз коры — осы-ақ деген ұғым тумайды. Пушкин өз өмірінде одан да көп сөз біліп, қолданғаны хак-

Ал, мына келтірілген цифр — Пушкин шығармаларында кездесетіндері гана.

Казак тілінде тарихта тұнғыш рет «Абай тілі сөздігі» 1968 жылы жарық көрді. Оның кіріспе мақаласында былай делінген: Абай өз шығармаларында небары 6 мыңдай гана жеке-дара сөз қолданғандығы айқындалды. Бұдан, әрине, Абайдың барлық білген сөзінің саны немесе сол кездегі қазак тілінде күллі сөзі осындай гана екен деген корытынды шықпайды. Өйткені қандай ұлы жазушы болса да, өзінің білген сөздерін орынсыз тықпалап, ретсіз жөнсіз енгізе бермекші емес, тек өзінің жазып отырган тақырыбына катысы бар сөздерді гана орнымен жұмсамакшы... Абай да білген сөздерін тегін келтіре бермей, өзінің шығармаларына керектілерін гана жұмсаған. Ал, расында, Абай қазақ сезін шығармаларындағыдан әлденешс есе көп біліп оларды ретсіз қолданбаган... Мәселен, ал етістігі және оның әр алуан түрлері — 614 рет, көр етістігі — 328 рет, де етістігі -1037 рет, да шылауы 769 рет қолданылған. (АТС).

Лингвистикада лексика деген терминнің ұғымы аса кең. Лексика деп белгілі бір мақсатқа байланысты қолданылатын сөздердің жиынтығын да айта береді. Мәселен, ауызекі сөйлеу тілі лексикасы, ауызекі күнделікті тұрмыс лексикасы, кітаби-жазба лексика, ғылыми лексика, өндірістік-техникалық лексика, жалпылама қолданылатын лексика, реңми-іс-кағаздары лексикасы, диалектілік лексика, профессионалдық лексика, әскери лексика, терминологиялық лексика, арготивті лексика, экзотикалық лексика, көнерген лексика, актив лексика, пассив лексика т. т.

Лексикологияның негізгі объектісі — сөз, ал сөздің қыр-сыры өте көл дедік. Лексикология тілдегі сөздердің жан-жакты, әр түрлі түрғыдан зерттейді. Соған орай, лексикологияның бір-бірімен тығыз байланысты бірнеше саласы мен тармактары бар. Олардың негізгілері мыналар: семасиология, этимология, фразеология, ономасиология, ономастика, топонимика, антропонимика т. т.

Семасиология — гректің *sema* белгі, белгілеу және латынның *logos* деген сөздерінен алынған термин. Бұл — лингвистикада тілдегі сөздерге тән мағыналарды зерттейтін ілім. Семасиология сөз мағынасын, сөз мағынасының өзгеру жолдарын, семантикалық заңдарды зерттейді. Лингвистикада семантика деген термин мағына деген ұғымды білдіреді. Сонда семантика мен мағына дегендер — бір-бірімен синоним.

Мәселен, Карапатудың басынан кеш келеді, — дегендегі — бас, Байжан бізге бас-көз болып жүр, Бұлак басы, — дегендерде бас сөздері түрлі-түрлі мағынада. Ол мағыналар контекст арқылы ажыратылады.

Артымыздан кол жетті; Аз жетпеді, мол жетті, — дегенде, кол сөзі ауыспалы мағынада, әскер деген мағынада қолданылып тұр; Кепей женгемнің қолын сағынып жүрмін, — десек, кол — дәмін, асын, тағамын деген мағынада, колы қатты адам — десек, колы саран мағынасында да, колының күші бар, күшті мағынасында да ұғуға болады; Дина жеңгейдің дастарканы мол десек, дастарқаның көлемін айтпайды; дастарқаны бай, тағамдарға толы болады, жомарт, мырза, «төгіп тастайды» деген мағыналарда тұр. Сондай-ақ, бір тостағанды, бір аякты тартып жіберді, — десек, тостағаның не аяктық я кесенің өзін емес, ішіндегі тағамын (кымызын немесе айранын) ішіп жіберді деген ұғым білдіреді.

Бұл мысалдардан тіл-тілдің сөз мағыналарының мол екендегі айқын танылады. Осындай, сөз мағыналарының қыр-сырын зерттейтін сала — семасиология.

Этимология — гректің *etymon* — шындық деген сөзінен алынған термин. Этимология — морфемалардың, жеке сөздердің шығу тегін, бастанапты мағынасын, ол мағынаның өзгеру, даму жайын зерттейтін ілім. Этимологияның тіл тарихын жете білу үшін манызы зор. Өйткені тіл тарихы сол тілді қолданушы халық тарихымен тығыз байланысты болып келеді. Тіл тарихынан сол халықтың әткен жолын аңғаруға болады.

Мәселен, арық адамды казак: қылдырықтай болып қатып қалыпты, — дейді. Қылдырық — о баста бидайдың кабығы деген мағыналы сөз екен.

Мұндаиды сөздін этимоны деп атайды. Сөз мағынасын бұлайша, бастапқы мағынасын аша түсіндіруғының этимология деп аталынады.

Сөз мағынасын кейбір адамдар өзінше түспалдап, өзінше топшылау жасап түсіндірушілік те болады. Әсіресе басқа тілден енген сөздерді бұрмалап айтып, оған өзінше мән-мағына берушілік те кездеседі. Мәселен, Сәкен Сейфуллиннің бір геройы «осоавиахамді» — асаубай әкім дейді; жас балалар орыс тілінде молотокты — колоток, кейбіреулер бульвар дегенді — гульвар, поликлиникины — полуклиника деп атайды. Мұндаиды құбылыстарды халық этимологиясы деп атайды.

Халық этимологиясы кейде кездейсоқ ұқсастыктар мен байланыстарға, жақындықтарға да негізделеді. Соның нәтижесінде сөз жаңа мағыналы басқа бір сөзге де ұқсан кетуі мүмкін. Семантикалық және формальдық өзгеріске түсіу де ықтимал. Әсіресе сөздін дыбысталуы бұрмалану мүмкін. Басқа тілден келген сөздің оны колдануышы екінші бір адамның ана тілінің дыбыстық зандарына бағындырылуы мүмкін. Мысалдар: Бұл указды 1731 жылы А.И.Тевкелев әкеліп тапсырды. Қазак жерінде Тевкелевті «Теуіпкел» деп атап кеткен... Жарайды, Теуіпкелдің келе жатқанын естідік. Ол неге келе жатыр еken? Қайсымызды теуіп кетпек?; Алтын Орданың алгашкы ханы Батудың арқасында қазактар Мөнке деп атап кеткен Менгү хан сайланады. (7. Ес.); «Екібасқа барып шәкке түсем» депті. Шәккесі — шахта. Бірақ күзге карай Қантарбай березопке ілінді (1916 жылғы призывты қазактар «березоп» деп кеткен); Бұл койда екі пұт демейін, жетпіс бес кадақ ет жайынан бар. Қадағын өкірөгім (өкірөгім — кругом дегені) он тыннан сатқанда да жеті сом елу тын шығарады (3. Ак).

Фразеология — гректін phrasasi — сөйлемше, қалыптаскан сөз дегенін алғынған термин. Фразеология — тілдегі тұракты тіркестерді, единицаларды зерттейтін ілім. Тілдегі тұракты сөз тіркестері бүтін бір тұтастық лексикалық бір ғана единица ретінде қолданылады. Ондай тіркестер екі немесе бірнеше сөзден де, бүтіндей бірер сөйлемдерден де құралуы мүмкін.

Қазак тілінен мысалдар: аттың жалы, түйенің қомында; екі көзі төрт болды; көзіңнен айналайын; өзіңнен айналайын; мен сені жақсы көрем; сенің арқанда күн көріп жүрмін; үріп ауызға салғандай т. т. Орыс тілінде: спустя рукава; медвежья услуга; баклуши бить; попасть впросак; свинью подложить; типун тебе на язык т. б.

Орысша скрепя сердце тіркесі — французша a contre coeur (кайтадан орысшаласа, — вопреки сердцу; немісше sisywang (принуждая себя); орысша в пух и прах тіркесі — французша reduire aneant (привести в уничтожение); немісше (разбить на-голову); қазақша — амалсыздан, әрең дегенде, күлін көкке ұшырды деген тұракты тізбектер мағына жағынан бірсыдырығы жақындалап қалады. Бірақ дәл аудармасы емес. Нағыз фразеологиялық единицалар бір тілден екінші тілге сөзбе-сөз аударылмайды, тек сол, екінші тілде бар баламасы арқылы ғана беріледі. Аударғанда, бір тілдің тұракты тізбегі екінші тілде еркін тіркеске айналып кетуі де мүмкін. Мәселен, қазақша: көзіңнен айналайын, өзіңнен айналайын, мен сені жақсы көрем деген тіркестерді я тебя, твои глаза обхожу, я тебя хорошо вижу десе, казақша мән-мағынасынан айрылады; сенің арқанда күн көріп жүрмінді, я на твоей спине солнце вижу десе, орыстар үшін мұлдем ерсі бол көрінеді.

Ономасиология — зат немесе құбылыс ұғымының нақты бір сөзбен аталау себебін зерттейтін, яғни заттардың атауы мен белгіленуі туралы ілім. Онома — грекше at, есім, атау деген сөз. Ономасиология диалектологиямен, әсіресе лингвистикалық географиямен катысты болып келеді. Диалектология — диалектілер, говорлар, жергілікті тіл ерекшеліктері туралы ілім; ал лингвистикалық география сол ерекшеліктердің кай территорияларда қолданылатынын айқындейды.

Ономасиологияның үлкен бір саласы — ономастика. Мұны ономатология деп те атайды. Бұл екі термин — бір-бірімен синоним. Ономастика, тұтасынан алғанда, ат, есім, атаулардың, шығу, қалыптасу жайын тексереді.

Ономастиканың өзі бірнеше тармаққа бөлінеді: топонимика, антропонимика, этнонимика, астронимика, зоонимика, топонимиканың ішінде бірнеше тармақшасы бар: гидронимика — өзен, су, көл аттарың, оронимия — тау, төбе шың, құз аттарын, ойконимия елді мекен аттарың зерттейді.

Топонимика, тұтасынан алғанда, жер, су, қала, ауыл, елді мекен аттарың зерттейді. Мәселен, казіргі Семей — семь палат — сезінен, Кереку (казіргі Павлодар) — Коряков, Гурьев — Гурий деген кісі аттарынан алғанған; Қарағанды облысында Нұра өзені бар. Нуур — монголша көл деген сөз. Сонда түпкі магынасын қуаласақ, Нұра өзені — көл өзен немесе өзен-өзен деген сөздерден шығып, қалыптаскан болады. Алматы облысындағы Түрген өзенінің аты жылдам, шапшан, тез ағатың деген магынадан алғанған. Кейбір топонимдер казак тіліне басқа тілдерден енген. Иран тілдерінен: Айдарлы, Бадам, Бетпақдала; араб тілінен: Ғазалкент, Қазалы; монгол тілдерінен: Байынқол, Баянауыл, Зайсан, Кеген, Маканшы, Нарынқол; угор тілдерінен: Мұғажар, Өлкейек, Сургутт. б.

Антропонимика — кісінің фамилиясын, экесінің атын (отчество), кісінің шын аты мен лакап атын (прозвище), бүркеншік аттарды (псевдоним) карастыратын сала.

Мәселен, орыс тілінде ен көп тараган фамилия — Иванов; одан кейін — Смирнов; үшінші орында — Кузнецов; ағылшын-саксон елдерінде ен көп тараган фамилия — Смидт; Австрияда — Шмидт; Смидт пен Шмидтін магынасы — ұста (кузнец) деген сөз. Швецияда 700 мын адамның фамилиясы — Андерсон. Сонда бұл елдің әрбір оныншы адамының фамилиясы — Андерсон.

Орыс есімдерінің көпшілігі грек, латын, еврей, араб, ескі славян, сирия, парсы, халдей, гот, герман т. б. тілдерден келген. Әр ат-есімнің өз тілінде белгілі бір магынасы бар. Мәселен. Модест — биязы; Ақакий — бір

тоға; Калистрат — наизагер; Андрей — ер жүрек; Никита — жұлдегер; Англия — таза; Глафира — жұмсақ; Варвара — дәрекі т. т.

Қазак есімдерінің бірсыптырасы араб, иран тілдерінен енген; ол тілдердегі бастапқы магынасы ұмытылып, қазактын байырғы, төл атауына айналған. Орыс есімдерінің бірсыптырасы сол қалпында алынған: Света — Светлана, Роза — Розалина, Розалия, Валя, Бәлия, Дина, Жагор, Марат, Марлен, Замира, Дамира т. б.

Қазак тіліне араб-парсы тілдерінен енген кейбір есімдердің бастапқы магынасы мынандай: Хасен — ете сұлу, тым көркем; Раис — бастық, басшы; Абдолла, Ғабдолла, Ғабділда, Әбділда, Әбілда т. т. — құдайдын, алланын, құлы; Әубекір — қыздар әкесі; Азамат — ұлкен, зор; Ахмеди — мұсылман; Әдия — сый, сыйлық тарту; Асқат — бақытты, ырысты; Әлима — оқымысты; Мұктар — тандалған, іріктеліп сайланған; Сәбит — тұракты, мықты; Ғабит — бас июші, тағзым етуші; Жамал — сұлу, көркем, әдемі; Марфуга — ұлы дәрежелі, мәртебелі; Магрипа — білім, таным, мәдениет; Нәзипа — таза, пәк, мұнтаздай; Мәулен — мырза, жомарт; Мұсілім — мұсылман; Қалима — сөз; накыл; Халида — мәнгі өмір сүретін; ажалсыз; Қамар — ай; Жакия — өмірлі, ғұмырлы т. б. (Т. Жан.)

Этнонимика — ру, ел, халық аттарын тексеретін сала. Кейде бір халық көрші отырған екінші бір халыкты скінші бір, басқа бір атаумен атауды мүмкін (мәселен, қытайлар өздерін — хань, монголдар өздерін — халха деп атаса, біз оларды — қытайлар, монголдар деп атай береміз), кейде шеттен келгендердің дәл қай халықтан екенін білмегендіктен, оларды мұлдем басқаша атаушылық та бола береді.

Мәселен, ертедегі гректер шеттен, басқа елден келгендердің бәрін (мейлі неміс, мейлі орыс болсын) варварлар деп атапты; қытайлар шеттен келгендерді — ху, орыстар орысша сөйлей білмейтін бетен елдіктердің бәрін — немістер, үнділіктер ондай адамдарды уттарагуру (тибетше «естілмейтін, түсініксіз» немесе «құлакқа жағымсыз дыбыс, дауыс» дегенге келеді) деп атаған. Варварлардың арғы төркіні латынның бәрін

(дәл мағынасы — дөрекі деген сөз) сөзі болса, бұл сөз ертедегі латын тілінде әрі сакалдылар (бородатые) мағынасында колданылыпты. Ал жазба ескерткіштерде сакалдылар деп парсыларды атапты (В. Васильев).

Казак тілі — казак халқының тілі. Бірақ осы күнге дейін өз халқымыздың атының кайdan, неден шыққанын ғылыми дәл айқындау алмай келе жатканымызды айта кету артық болмас. Қазақ сөзінің этимоны туралы ғылымға жанасатын да, жанаспайтын кисынсыз да болжамдар өте көп. Солардың кейбірін еске сала кетейік.

Академик Н.И.Веселовский казак сөзі «қаз сияқты еркін кісі» дегенді білдіреді дейді; Крафт, Чулошников сияқты зерттеушілер бұл сөз каз-ақ (белая гусь) дегендерден құралған деп карайды; П. Фалев, Ценкер, Вамбери, Гомбоц қазак, хазар сөздері каз (кезу, ауысу, тентіреу) етістігінен шыққан деп жорамалдайды. Академик А. Самойловичтың айтуынша, 1245 жылы Египетте қыпшақ тілінде жазылған бір сөздіктे «қазак» сөзі «қанғыбас, тентіреуші» дегенді білдіреді деп жазылыпты. Сейте келе, А.Самойлович қазак сөзі XIII—XIV ғасырларда «өз елінен, тайпасынан немесе руынан бөлінген, киын — қызық іздеуіш, ғажайып құмар кісі» деген мағынада колданылып, кейін халықтың атына айналған деп корытындылайды. Ал кейбір тарихшылар (Халел Әділгерев, Мұсатай Ақынжанов т. б.) қазак деген сөз бен казак деген халық аты X—XI ғасырларда-ак белгілі болған деген пікір айтады.

Казак сөзі XV—XVI ғасырларда жазылған бірсыныра сөздіктерде кездеседі де, әр түрлі түсінік беріледі: Вельяминов — Зернов шығарған «Абушка» сөздігінде казак сөзін «кеzбе, үйсіз» деп түсіндіреді; Сүлеймен Бухари сөздігінде бұл «үйсіз» деп аударылған; «қазак» сөзі — «үйсіз адам; Хорезмнің терістігіндегі тайпа аты» (XVIII ғасырдағы Мирза Медхіхан сөздігі); бұл сөздін «үйсіз кісі, кезбе, күгіндалушы» деген мағыналары Паве-де Куртеиль, В.В.Радлов сөздіктерінде де берілген. Қысқасы, 1245 жылы жазылған және XV—XIX ғасырлар арасындағы Орта Азия нұскаларында, түрлі сөздіктерде қазак сөзі «Үйсіз, баспанасыз, күгін

көрген кезбе, қанғыбас, еркін» деген мағынада кездеседі; мұндай түсініктің бәрі әр кездегі авторлардың алғашқы авторлар пікіріне сүйеніп айта салудан тууы да ықтимал. Бірақ, әйтеуір, қазак сөзі X ғасырлардан бастапқы деректердің бәрінде дерлік бар. Ал XV ғасырдың аяғында, XVI ғасырдың басында, казак сөзі көшпелі тайпалардың бір бөлігінің аты — этникалық термин ретінде қалыптасады (А. Ә.).

Астронимика (гректің astron — жұлдыз деген сөзі)—жұлдыздар, әлем аспаны, планета аттарын тексеретін сала. Планета аттары, негізінен, грек, латын мифологиясына байланысты шыққан. Мәселен, Венера (қазақша Шолпан, латынша Venus, Veneris сөзі) — ежелгі Рим мифологиясында махабbat пен сұлулық құдайы; Марс (латынша) — соғыс құдайы; Юпитер (қазақша Есек қырған деп те атайды, латынша jupiter) — көк тәнірі; Нептун (латынша) — су тәнірі, су құдайы; Плутон (грекше pluto— plutos — байлық) —«жер асты патшалығы», жер байлығы құдайы; Жер (орынша Земля, латынша gaia, ge — жер) — жер тәнірі; Сатурн (латынша) — құнарлылық тәнірі; Уран (грекше аспан) — аспан тәнірі (кек тәнірі); Меркурий (ла-тынша) — шешендік, саудагершілік, жол құдайы; құдайлардың хабаршысы т. т.

Зоонимика (гректің zoon, жануар) — жануарлар атауларын тексеретін сала. Зоологиялық атауларға байланысты бірер жәйтке көніл бөле кетуге болады; орыс тіліндегі бірсыныра жануарлар атауы түркі тілдерінен алыныпты. Мәселен, орынша акжилан, акзилан (змея) — түркі, сонын ішінде қазак сөзі. Ал орыс тіліндегі — змея, змей, латынша serpens, серо немісше Schlangе, ағылшынша snake, дегендердің бәрінің этимоны (бастапқы мағынасы) — бауырымен жоргалашуы (земляная, ползающая по земле). Сол сияқты, архар (казақша арқар), барс, барсук, (казақша борсық), бирюк (казақша бәрі), джейран (казақша жирен; орынша әрі антилопа), каракурт (казақша қарақұрт), киік, қарсак, құлан, марал, сайғақ, сараншы, таракан, теке (козел), тышқан (түшканчик), шакал т. б. — орыс тіліне түркі тілдерінен енген атаулар.

Тілдің әр түрлі жактары болады дедік. Олар - тілдің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық жактары. Бұл үешеуі өзара байланыста, қарым-қатынаста болады. Осыған орай, лингвистиканың әр тарауы, олардың әрбір саласы бір-бірімен тығыз байланысты.

Мәселен, тілдегі әрбір сөз дыбыстардың белгілі бір тіркесімен айтылады. Дыбыс тіркестері — сөздің сыртқы жамылғышы (оболочка), ал сөздің мағынасы — сөздің мазмұны (содержание, значение). Сөз дыбыс тіркестерімен айтылып, белгілі бір мағынаны білдіреді. Фонетиканың лексикологиямен байланысы, міне, осында.

Лексикология грамматикамен де тығыз байланысты болады. Бұл жағдай әсіресе сөз тудыру тәсілінен айқын көрінеді. Мәселен, кейбір грамматикалық форма сөзге жаңа лексикалық мағына туғызуға себепші болады.

Оған бір дәлел - ағылшын тілі фактылары. Ағылшын тілінде көптік форма, негізінде, сөзге лексикалық жана мағына береді, байлайынша айтқанда, бір сөзден екінші бір жана сөз туғызады. Мысалдар: arm (a:m) — кол; arms (a:mz) — кару (оружие); board (bэ:d) — такта (доска); boards (bэ:dz) — төсөніш такта, сахна; boot (bu:t) — етік (сопог); boots (bu:ts) — коридоршы; work (wэ:k) — жұмыс; works (wo:ks) завод т. б.

Кейбір дербес септік жалғаулар формасы (барыс, жатыс, шығыс, көмектес) казірде үстеулер құрамына әбден кіріп кеткен, түбірден ажыратуға болмастай, түбірімен әбден сінісп кеткен. Ондай құбылыстар сыры грамматикалық тәсілдер мен формаларды айқындалап-ажыраткандаған белгілі болады. Мәселен, зорға, бекерге, бірге, жатқа, кешке (түбір мен барыс септік кірікken үстеулер); жанадан, әлгінде, капелімде, лезле (түбір + жатыс септік); етпетінен, шалқасынан, қырынан тосыннан (түбір + тәуелдік + шығыс септік); шынымен, ретімен, жайымен (түбір-тәуелдік + көмектес септік) т. б.

Сөздің лексикалық мағынасы мен грамматикалық мағынасының арасында да тығыз байланыс болады; сөз грамматиканың қарамағына

түскенде, өзінің мағыналарын үстемелеп, кеңейтіп алады; мағынасын нақтылай, дәлдей түседі.

Мәселен, сай, ауыл, терен, жаны, гүріл, өзен, тасы, — десек, бұл сөздер таза құрылым материалы ретінде (каланбаған кірпіш сиякты) тұр: сай-сәйкес, лайық деген сын есім мағынасында ма, әлде зат есім бе? Қай ауыл? Бірнеше кіз үй ме, село ма? Тасы не? Зат есім бе, етістік пе? Бұл жактары белгісіз. Бұл қалпында бұлар — таза лексикалық материалдар, нақтылығы белгісіз абстрактылы сөздер. Ал осыларды грамматика заңдары бойынша тіркестірсек, әрі лексикалық мағынасы нақтыланады, әрі сол мағынасының үстіне бірнеше жаңа грамматикалық мағына қосылады.

Ауылдың жаны — терен сай,

Тасыған өзен гүрілдеп. (Абай)

Енді сөз мағыналары айқындала түсті: ауыл — кәдімгі, бұрынғы казак жеріндегі ауыл; тізілген бірнеше кіз үй; сай — сын есім емес, зат есім; тасы — етістік. Бұл — бір. Екіншіден, ауыл — зат есім, жалпы есім, жекеше, ілік септікте тұр; жаны деген тәуелдік формасының үшінші жағымен мемгеріле байланысып тұр, сол арқылы бұл сөйлемде күрделі баставыш (ауылдың жаны — терен сай; бұл жерде ненін жаны? — ауылдың емес; несі? жаны — емес; ауылдың жаны не? — сай; кандай сай? — терен сай; сай — дара баяндауыш, терен — анықтауыш; ал ауылдың бұл жерде анықтауыш емес, жан — көмекші есім; ауылдың жаны тіркесінде жан дербес баставыш бола алмайды; ауыл жаны — терен сай, — десе, күрделі баставыш екендігі тілтен, «тайға танба басқандай» айқындала түседі). Сонда ауыл, сай, тасы сөздерінін осы келтірілген мағыналары — сол сөздерді басқалармен тіркестіргенде, өздерінің дербес мағынасына қосып алған бірнеше үстеме жана — грамматикалық мағыналары (сөйлемдегі бұлардан басқа сөздерді грамматикалық тұрғыдан талдасақ та осылайша). Бұл мысал — лексикологияның грамматикамен байланысының, тағы да бір көрінісі. Сөйтіп, лексикология сөзді мағынасы жағынан, қолданылу аясы жағынан, әялаас_рессивті-стилі жағынан,

кызметі мен сипаты жағынан жан-жакты зерттейді. Ол үшін лексикология өзіне белгілі тәсілдерді — диахрония мен синхронияны, салыстырмалы — салгастырмалы әдісті, сондай-ақ, семасиология, этимология, ономасиология, фразеология салаларының жетістіктерінің бәрін пайдаланады; өз зерттеулерін фонетика, грамматика тарауларымен тығыз карым-қатынаста жүргізеді; тіл туралы ғылымның барлық түрлерімен бірлікте, ынтымақта болады.

Семасиология және оның зандаудың таралықтары

Семасиология — лексикологияның үлкен бір саласы. Грек (*sema*, *semasia* — белгі) және латын (*logos* — ілім) тілдері сөздерінен құралған бұл терминнің дәл мағынасы — белгі, белгілеу туралы ілім. Лингвистикада семасиология бірнеше мағынада колданыла береді. Семасиология, бірер сөзбен айтсақ, мағына туралы ілім. Семасиология — тіл білімінде тілдік единицалардың мағынасын (мазмұнын, ішкі жақтарын) тексеретін ілім. Семасиология — тіл білімінде сөздер мен сөз тіркестер мағыналарын және ол мағыналардың, өзгеру жолдарын, семантикалық зандауды зерттейтін сала. Сөз мағынасын сөздің семантикасы деп те атайды; семантика мен мағына дегендер — бір-бірімен синоним.

Сөз мағынасының қыр-сыры өте көп. Белгілі бір сөз алдымен өзінін тұра — номинативті мағынасында колданылады; дәл сол сөз екінші бір тіркестерде, сөйлем ішінде ауыспалы, өзінің тұра мағынасынан басқа мағынада да колданылуы мүмкін; дәл сол бір сөз түрлі тіркестер кұрамында бір емес, бірнеше мағынада колданылуы мүмкін, яғни көп мағыналы болып келуі мүмкін. Сөздің қандай мағынада колданылып тұрғанын дәл айқындайтын нәрсе — контекст (сөз тіркестері, сөйлем ішіндегі білдіріл тұрған мағынасы).

Мәселен, Айғаныс басын көтеріп, аузын жыбырлатты да, Ілиясқа қайта үңілді; сұы тайыз, өткел аузында баяу сейлеген дауыстар шығады. (F. Must.); Көмір суырдың казған інінің аузына шығып қалыпты. (F. Mys.);

Ол марляға жабысып катып қалған жараның аузын қолымен жұлып алды (Ә. Әб.).

Мұнда бірінші сейлемдегі ауыз сөзі ғана өзінің тұра мағынасында тұр; ал екінші, үшінші, төртінші сөйлемдерде бұл сөз ауыспалы мағынада (өткелден өтетін жер, іннің сыртына, жараның бетін, ұшын) тұр; бұл сейлемдердегі ауыз сөзінің әр түрлі тіркестегі мағынасы бұл сөздің әрі көп мағыналы екенін көрсетеді.

Полисемия. Сөздің көп мағыналырын полисемия (гректің көп мағына деген сөзі) деп атайды. Дәлденкірей түссек, бір сөздің әр түрлі контексте әр түрлі мағына беруін полисемия деп атайды. Мәселен, «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» (I том) бас деген зат есімнің бірнеше мағынасы көлтіріледі: 1) адам мен айуан дүниесінің көз, мұрын, ауыз, құлак т. б. орналаскан мүшесі; 2) шөптің, ағаштың, түрлі өсімдіктің ең жоғарғы жағы, төбесі, ұшы; 3) таудың, кырдың, мұнараның т. б. төбесі, биік жері, ұшы, ең үсті; 4) өзеннің, бұлақтың басталған жері, жоғарғы жағы; 5) таяқтың т. б. сондай нәрселердің жуандau, жұмырлау жағы (таяқтың басы); 6) балтаның, шоттың т. б. саймандардың жүзі бар жағы (айбалтаның басы); 7) бір нәрсенің айналасы, касы (от басы, ток басы); 8) кісінің жеке дара өзі, адам (Басы аманның — малы түгел); 9) сан мөлшерін есептеу амалы, дана (кой саны — бір мың бас); 10) қызметі жоғары адам, басқару ісін жүргізуши; 11) бір нәрсенің бастамасы, алғашкы көзі (істің басы, қыстың басы); 12) басқарушы, жетекші. (Бұл іске Мейрам бас болып келді) т. т.

Орыс тілінде де голова (бас) сөзі — полисемия: адамның дене мүшесінің бірінін аты; сан мөлшері, есептеу амалы (сто голов рогатого скота); кабілеттілік, ақылдылық, саналылық (у него голова работает хорошо); бастық, басқарушы, жетекші, кожа (всему делу голова); алдыңғы бөлімше, топ, бастауышы (голова колонны) т. б.

Сондай-ақ, орыс тілінде стол — мебель аты; стол — тарам, тамак (стол накрыт богато); муж — ер, еркек, күйеу (он, как муж, очень заботлив);

муж — азамат, ер адам (замечательный муж древности) т. б. Сол сияқты, болгар тілінде залез — күннің батуы; залез — абырайдан, беделден айрылу; французша veri — жасыл; vert — піспеген, vert — сергек; veti — шапшан, тік, бір бет т. б.

Ағылшынша care — қамқорлық, бас-көз болу, бағып-күту; сактық, назар аудару; diamond — металл: алмаз, бриллиант; шыны кесетін құрад; ромб (геом.); картаның түрі (казакша -киық; орысша — бубны); американ, ағылшын тілінде care — бейсбол ойнайтын жер, алан; care — жарыс, жүгіріс; at бейгесі (бәйгеге қосу); тез, шапшан, жылдам жүру; ағыс, ағын; жасанды көл, көлшік, канал т. б.

Немісше Zug (цук) сезінің оннан астам мағынасы бар: козгалыс, жүріс; процессия; поезд; ұрттам; жұтым; ауаның тартылымы; мінез-құлық сиқы; әскери взвод; әскери эшелон; әскери қару т. б.

Полисемия — тіл-тілдің бәрінде бар күбылыс. Мәселен, орысша идти (жүру, бару) етістігінің — қырық шакты мағынасы, ағылшынның do (істей, орындау) етістігінің — 16, чехтын тіті (ие болу, қолына алу) — 12, болгардың отбивам сезінің — 7, башиния (Отан) сезінің 5 түрлі мағынасы бар көрінеді.

Әдетте, тіл-тілде ертеден, ежелден колданылып келе жатқан байырғы сездер, сол негізгі түбірлерден өрбігендер көп мағыналы болып келеді. Мәселен, Абай алу етістігін толып жатқан мағынада колданады: 1) бір затты қабылдау, ие болу. (Қалбалактап түн бойы, алып бакты бұл сорлы.); 2) бір затты колмен ұстау. (Орамалды қуанып қолына алды, сый алдым деп халқына қайта барды.); 3) жұбайлы болу, үйлену (Ата-ананың қызметін, Алған жардың қарызын, Өтемей кеткен бейнетін); 4) анды колға түсіру ұстау (Кұсы да иссі де коразданар, Алпыс екі айлалы түлкі алғанда.); 5) бір елді шауып өзіне қарату, бағындыру. (жердің жүзін алуға талап етті.); 6) о дүниеге әкету, өлтіру, (Сәулемді құдай алған соң, сарнамасқа не шара? Жарымды алып көр күлдің, жас өмірде тасынған.); 7) күрделі сез

кұрамында жұмсалып, косымша мағына үстейтін көмекші етістік. (Сілкіне алмас жапырак т. б.)

Алу етістігі бұл келтірілгендерден басқа да сез тіркестері ішінде толып жатқан ауыспалы мағынада қолданылады: асырап алу, атак алу, басты бұлт алу, бойды алу, гибрат алу, есеп алу, еске алу, жазды алу — жазды өткізу, жау жағадан алу, кезге жас алу, көнілін алу, ләззат алу, сәлем алу, шен алу т. т.

Алу етістігінің, орысшасы — брат. Орыс тілінде брат — полисемия; қолға алу, қолмен ұстау (беру перо в руки); тандау, талғау (беру тему для диссертации); қабылдау, асырау, бірге ерту (он стал брат мальчика на охоту; брат детей на воспитание); сатып алу (брать булочки в буфете); оку, пайдалану (брать уроки) т. б.

Алу етістігінің ағылшыншасы — to take: to take a book — кітап алу; to take f ish — балық аулау, балық ұстау; to take a prize — сыйлықты, жүлдені жеңіп алу; to take an offer — ұсынысты қабылдау; to take tedicine — дәрі ішу т. б.

Алу етістігінің, французшасы — prendre (алу, ұстау, колдану ішу, отыру т. б. мағынада); немішесі — пеңтап: алу, ұстау, катысу айыру т. б. мағынада.

Полисемияны сездің семантикалық варианты деп те атайды. Полисемияга жататын сездердің мағыналары арасында мағыналық байланыс, жақындық болады. Мәселен, жоғарыда келтірілген ауыз, бас, голова, стол, муж сездері мағыналарының арасында үзілмеген желі, мағыналық жақындық, ортактық бар. Ондай жақындық, ортактық, сайып келгенде, ауыз, бас, голова, стол, муж сездерінің негізгі, тұра, номинативті мағынасынан шығады; басқа мағыналарының сырьы бұл сездерді бастапкы, негізгі мағыналарымен салыстыра қараганда айқындала, дәлдене түсіп, түсінікті болады. Мағыналық жақындық, ортактықтың болу-болмауы — бір сезді полисемияга жатқызу немесе жатқызбау үшін басты шарт (критерий). (Мейрам бұл іске бас болып келді.) Аяғынды бас дегендегі бас — мағынасы

жағынан басқа-басқа құбылыс. Жоғарыда болгар және француз тілдерінен келтірілген залез vert сөздері де, сырттай қарағанда, бірдей дыбысталады және қазақша аударғанда мағыналық жақындықтары дәл аңғарылмайды. Олай болса, бұлар да полисемия емес, лингвистикалық басқа-басқа құбылыстар (бұл жөнінде омонимдер туралы бөлімде толығырақ түсінік беріледі).

Сөз мағынасының кеңеюі, тарылуы. Қоғамның, тілдің тарихи дамуына байланысты кейбір сөздер лексикадан мүлдем шығып қалады; ондайлар историзмге, архаизмге — көнерген сөздерге айналады; тілде жана сөздер — неологизмдер жасалады; кейде лексикадағы кейбір сөздердің мағынасы кеңеюе түсіп, кейде тарылып отырады.

Сөз мағынасының кеңеюі мен тарылуы, сөз мағынасын түрлі-түрлі амал-тәсілдер арқылы ауыстырып қолданып, молайта тұсу — тілдің лексикасын сан жағынан емес, сапа жағынан байытып, дамытудың өнімді жолдарының бірі.

Сөз мағынасының кеңеюі мен тарылуы құбылыстары полисемиямен де тығыз байланысты. Мәселен, жоғарыда келтірілген стол сөзінің алғашқы мағынасы — стлать (тәсеу, тәсеніш); бұл сөз келе-келе мебель аты, тарам, тамак (стол накрыт; диетический стол), белгілі бір мәселемен айналысадын мекеме (паспортный стол, стол находок) деген үстеме, жана мағыналар қосып алды. Екінші сөзбен айтсақ, столдық мағынасы кеңейді; стол полисемияға айналды.

Сөз мағынасы кеңейгенде, алдымен сол сөзді білдіретін ұғымның, атаудың мәні кеңеиді; сөз абстракцияланған үстіне абстракциялана түседі; соның нәтижесінде сөздің бұрынғы бірер мағынасына көптеген жана мағына қосылады; байырғы сөздің жана мағынасы әсіресе жана бір тіркес құрамында айқындалып, ашыла, дәлдене түседі; кейде осындай колданыстар арқылы байырғы сөздер терминге де айналып кетеді: байырғы сөз немесе бұрыннан-ак колданылатын қарапайым, былайынша

айтканда, «нағыз казакы» түбірлердің өзінен көптеген жаңа сөз, жана ұғым жасалады.

Мәселен, Сәкен Сейфуллиннің: Жоқшылықты жыр қылып, Далада қойши зарлайды. Кімге айтса да сыр қылып, Байына жылап бармайды, — деген шумағында бай — малы көп адам; қойшының иесі, әміршісі; малды; әлді; кожа; басқа біреулерді жалдаушы — қанаушы; езуші, құлданушы.

Қазірде, біріншіден, бай сөзінің революциядан бұрынғы мағыналары (малды, әлді, кожа, ие, қанаушы, құлданушы т. б.) тарылған; екіншіден, тілде бұрыннан бар бай сөзінің мағынасы жаңа ұғымдарға ие болып, кеңейген. Оны мына тәрізді тіркестерден айқын анғаруға болады: бай ауыл, бай село, бай елке, бай жер, жері байдын, — елі бай т. б.

Қазакта конакқа мүше тарту, табақ тарту дәстүрі бар. Бұл жерде мүшенін бұрынғы тұра мағынасы — мал, аи-құс етінің жіліктепі, бөлік, бөлімдері. Мәселен, Дәүлет құсын бауыздап, аспазшы әйелге: «Бір мүшесін калдырмай ас», — деді.

Қазак ғүрпінде табақ дегеніміз бас табақ, орта табақ, сый табақ, аяқ табақ деп бөлінеді. Қүйеу табақ, құдағи табақ, қыздар табағы, келін табағы деген табактар және бар. Олар өзінің атына, маңызына қарай еттін әр түрлі мүшесінен жасалады. Бас табакқа бас, жамбас салынуы шарт. Орта табакка асыкты жілік, кейде жамбас та түседі. Сый табакқа да бас, жанбас салынуы шарт. Қүйеу табакқа бір сан жілік пен төс салынады; келін табакқа да төс және ұлтабар, жүрек түседі; қыздардың табағына жүрек, бүйрек, жағымен тіл салынады; құдағилар табағында жамбас немесе асыкты жілік пен сүбе болады (С. Қасиманов).

Академик Әлкей Марғұланның айтуынша, табақ — көп мағыналы сөз. Табақ, ертеде дастарқан, шаңырақ, өз алдына түтін түтеткен үй, казан асқан орда деген ұғымды да білдірген. Қазірде табақ сөзі — накты ыдыс атауы. Ал бір табакты бір өзі жеді, — десек, табақ - метонимия.

Қазірде қоғам мүшесі, комитет мүшесі, кооператив мүшесі, академияның корреспондент мүшесі (немесе мүше — корреспонденті) сияқты тіркестерде мүше — полисемия, кең мағыналы сөз.

Сондай-ақ, жарыс, құрес, құн, еңбек, тыныс, демалыс, өнеге, үлгі, шаруа, дәүлет, топ, жетек т. б. сөздер бұл қунде мағынасын мүлде кенейткен: бейбітшілік үшін құрес, косымша құн, өзіндік құн, еңбек тынысы, еңбек жемісі, көнілді демалыс, құрметті демалысқа шығу, мол байлық, мол дәүлет, ірі шаруашылық, жұмысшылар мен шаруалар одағы, лекторлар тобы, өнерпаздар үйірмесінің жетекшісі.

Жеке сөздердің өзі ғана емес, кейбір байырғы түбірге жұрнектар косылу немесе сөзден сөз жасаудың баска да жолдары арқылы да жана ұғымдар пайда болып, сөз мағынасы кенеңе түседі: жарыс, құрес, ұйым (ұйы + м), жиналыс (жи + на + л + ыс), басқарма (бас + кар + ма), табыс (тал + ыс), төңкеріс (төңкер + іс), колғабыс (колқабыс), колғанат (колканат), колжазба (кол + жаз+ба) т. б.

Жаңадан жасалынып, кейбір ұғымдардың термині ретінде калыптасқан кейбір неологизмдер де кең мағыналы болып келеді: суреткер, каламгер, талапкер, окулық, оқырман, көрермен, баяндама, аялдама, қондырығы, саяжай т. б.

Кейбір кірме сөздердің бұрынғы бірер мағынасы қазірде кенейтіп, тіпті жаңа сөз, ұғым жасауга себепші болды. Мәселен, сонғы кездерде арабтың үкімет сөзінің мағынасы қазақша әрі кенейтіп, әрі нақтыланып, өкімет. үкімет деген екі сөз - термин пайда болды; өкімет — орысша власть сөзінің; үкімет — орысша правительство сөзінің баламасы.

Сондай-ак арабтың, илм деген сөзінің мағынасы кенейтіп, үш сөзтермин жасалды: ғылым — орысша наука; білім — орысша знание; ілім — орысша учение.

Бір сөздің орнына екінші бір сөзді ауыстырып қолдану жолдары, мәселен, метонимия, синекдоха амалдары арқылы да сөз мағынасы кенеңе мүмкін. Мұнын, бір жиірек қолданылатын түрі — жалқы есімнің жалпы

есімге, жалпы атауға айналтуы. Мәселен, Қарабай, Қарынбай, Шырайбай, Қожанасыр, Алдаркөсе, Қодар, Жантық, Галефе, Маузер — кісі аттары; Шампан, Техас — топонимдер; апорт, херес, мадера т. б. жеміс-жидек сорттарының аты. Қазак саран адамды — Қарабай, Қарынбай, Шығайбай, мыскылышыл, сықақшыны — Қожанасыр, Алдар; дөрекі, қара құш иесін — Қодар, бір мен бірді атыстырып-шабыстыратын адамды — Жантық дей береді; т. т. Мұндаилар — сөз мағынасының кенеңе.

Орыс тілінде донжуан (әйел баласы атаулыға қырындал, қырғидай тиуіші мағынасында), меценет (өнерді жан-тәнімен корғаушы, қастерлеуші), квислинг (саяси сатқын), донкихот т. б. — бұрынғы бір кісі аты; тар мағыналы қазірде мағынасын кенейтіп, жалпы есімге айналған сөздер.

Сөз мағынасының кенеңе — этимондар өзгерістеріне де байланысты құбылыс. Мәселен, жогарыда стол сөзінің полисемия екенін айттық; бұл стлатъ сөзінен шыққан дедік. Енді бір қызығы гректін трапезе деген сөзі де стол мағынасын білдіріпті. Ал бұл сөз — трапезе орыс тіліне ауысқаннан кейін монастырьда тамак ішетін ортак стол, сондай ортак столда тамактану мағынасын білдірген; ертеде стол — астына аяқша орнатылған тактай (латынның discuss — диск сөзі итальянша disco — стол) болып қолданылу осыған байланысты.

Латынның соптің дегені — әрі жиналыс, әрі жиналыста сейлеген сөз; роман тілдеріне ауысқанда, жиналыстары салтанатты сөз (торжественная речь) ретінде қолданылатын болыпты; испанның осы мағынадағы — аренга, француздық харангүе сөздері латынның «харенга»сынан алыныпты.

Орысша коса (бұрым) ертеден-ақ, осы күндеідей, өрілген ұзын шаш, ал серб тілінде жалпы шаш атаулы мағынаны білдіріпті; чех тіліндегі Spainу сөзі немістін Spat (ат аяғындағы закым), яғни тар мағыналы сөзінен алына отырып, қазірде жаман, үлгісіз, өнегесіз деген кең мағынаға ие болған.

Сөз мағынасының тарылуы — кенеюге қарама-карсы процесс. Сөз мағынасының тарылуы, негізінен, адам ұғымының жалпылықтан жалқылышты сарапал, дараалаудан, заттар мен құбылыстардың ерекшелігін, қыр — сырын айқындай түсінен, нактыладап, дәл білуінен пайда болады.

Мәселен, ұл сөзі — ертеректегі түркі тілдерінде адам баласына да, мал баласына да бірдей катысты қолданылған полисемия. Көне түркі тілдерінде ұл сөз оғлақ-қозы-лак түрінде дыбысталған. Қазіргі азербайжан, түрімен және солтустік шығыс түркі тілдерінде оғлақ-оглах мағынасы — бала; хакас тілінде оолак — «мальчик» (әйтеір ұл бала), солак — «сынишка» (менің ұлым, кішкентай ұлым, козым) деген мағыналарға сарапанып, нактыланса керек.

Жұрагат — ертеде әйел баласы (әйел, қызы, келіншек) атаулыны білдірген полисемия. Махмұд Қашғаридан ұрагат иіп іірді — жұрагат жіп іірді сияқты сөйлем бар. Қазіргі казакта жұрагат — ұрпақ, тұкым, еренжаран, бауырлас, қандас, бір тектен, көбінесе әйел-ана жағынан таралған жақындар, туыстар. Жұрагатым еді, жұрагатына барып келді тәрізді тіркес — ұл сөздін ертеректе әйел баласы атаулыны білдіргеніне бірер дәлел есепті.

Кейбір зерттеушілердің айтуынша, жылқы — ертеректе күллі төрт түліктің аты; киік — күллі жабайы андар; тары — дән біткеннің ортақ аты; тон — сыртқы киімнің жалпы атауы. «Тойда тонымды бер; той — тондінікі, ас — аттынікі» осындаған сакталып қалуы ықтимал,

Кейбір лингвистердің айтуынша, ейткені, сондықтан тәрізді шылаулар, бүгін, биыл, ейтіп, сүйтіп, бүйтіп сияқты күрделі сөздер, шынтуайтка келгенде, аббревиатуралар (қыскарған сөздер) сөз мағынасының кенеюін дәлелдей түседі. Біздінше, ұл келтірілгендер — сөз мағынасының кенеюінің емес кайта, сөз мағынасының тарылуының мысал-деректері.

Бұл сөздер олай еткені, солай болғандықтан, ұл күн, ұл жыл, олай етіп, ұлай (былай) етіп тіркестерінен формаларын да ықшамдал,

мағынасын да нактыладап отыр. Олай болса, бұлар — сөз мағынасының тарылу күбылышы.

Кейбір көмекші есімдер мен шылаулар түрлері ертерек кезде дербес мағыналы жеке-жеке сөздер болған. Келе-келе олар дербес мағынадан айрылып, басқа сөздермен тіркесіп қана қолданылады. Бұл — сөз мағынасының тарылуы. Мәселен, алды, қасы, жаны, арты, арасы, бойы, кейін, соң, ма-ме, -ак, -мыс т. б. көмекші есімдер мен шылаулар — осындағы топ. Дегенмен, олардың кейбірі кей жағдайда дербестігін алі де сақтайды: кейін кел; алдың — құз, артың — жар; арасы — ат шаптырым. Бұл тіркестерде кейін, алд, арт, ара — дербес сөздер.

Кейбір лингвистер тілде сирек, көбінесе пассив лексика құрамында қолданылатын сөздерді де мағынасы тарылған сөздер деп қарайды. Шындығында олай емес. Кейбір диалектілік ерекшеліктер, әдеби тіл нормасынан ауытқушылықтар, профессионализмдер (кәсіби сөздер) — сол сөздер мағынасының кенеюі не тарылуының белгісі емес. Ондайлар — территорияға, мамандыққа, кәсіпке байланысты тар көлемде, аймакта, ортадаған қолданылуының көрсеткіші. Әдеби тіл нормасына ене алмаған сөздерді, бір кәсіп өкілінің лексикасын басқа да мамандықтағылардан талап ету, әрине, орынсыз болар еді.

Мәселен, шиша, құбыр (шыны, бутылка мағынасында), көмбе, көмпеш (табаға пісрілген нан) тана, (тайынша, торпак), атжурғыш (камшы), кемпір ауыз (тістеуік) т.б. — мағынасы таралған сөздер емес, тар көлемде, белгілі бір аймактаған қолданылатындар. Сөз мағынасы зат, іс-әрекет аясының шектелуіне де байланысты таралады. Орыстың страсть сөзі XVIII ғасырларда құмарлық, құштарлық, дегендермен катар, Кауіп, қорқыныш, азап, уайым — қайғы сияқты бірсыныра кең мағынада қолданылып, кейінненған алғашкы құмарлық, құштарлық мағынасында қалған; чехтың көп мағыналы пиша сөзі қазірде мал азығы деген мағынагаған ие болып қалған; орынша наказание (жазалау) сөзі бүрын ұстаздық, үйретушілік (наставление, поучения) деген мағыналарды білдірген; обычай

(әдет, салт) сөзі — бұрын тәсіл, образ мағынасында да, труд (енбек) — кайғы, уайым, азаптану, ауру мағынасында да, хоронить сөзі жасыру, корғау, сактау мағыналарында, гректің диета (өмір тіршілігі, өмір бейнесі) сөзі диета — тағам режимі мағынасында тарылған.

Сөз мағынасын аудистырып қолдану жолдары мен түрлері

Тіл өз зандары бойынша қалыптастырылған амалдары мен сөз тіркестіру тәсілдері арқылы бір сөзге алуан түрлі үстеме, қосымша, аудиспалы мағыналар туғыза алады; кейде сол бір сөзді сөзді негізгі, тұра, номинативті мағынасынан мұлдем өзгеше мағынада қолданып та жібереді.

Мысалға еki-ak сөз — мал, көкірек сөздерінен туындаған кейбір мағыналарды карастырып керейік.

Мал — үй жануарлары. Бұл сөздің номинативті мағынасы — малды құту, мал өсірумен шүғылдану. Мұнымен қатар Абай шығармаларында мал сөзі әр түрлі тіркеске түсіп, түрлі-түрлі мағына береді: мал бау — кәсіп ету, күн көру; мал айту — құдай жолына садақа беру; малға бөгу — кенелу, баю; мал біту — дәүлет біту, баю; жеті атасын мал өлтірген — дүние коңыз, дүниекор; мал күн — мал іздеу, пайда іздеу; мал құмар — дүниекор, мал жанды; мал табу — енбек етіп пайда табу; мал шашу — малын орынсыз жұмсау, шырынга бату (АТС).

Көкірек. Негізгі мағыналары — омырау тұс, кеуде; қеніл, көкей сыр; ақыл, сана — сөзім; аудиспалы мағынасының бірі — меммен, өзімшіл, ер кеуде т. б.

Мұнымен қатар кейбір тіркестерде мынадай мағыналар туады: ак көкірек — ак пейіл, ак қеніл, адап; ер көкірек — батыл, ер мінезді, айбатты; жар көкірек — тоң мойын, бір бет; жел көкірек — не болса соған желігіп кететін желөкпе; зор көкірек — ер кеуде, меммен; көр көкірек — еш нәрсенін, парқын білмейтін санаызыз, надан; кара көкірек — пиғылы жаман, арам ниет; кая (құр) көкірек — қолынан еш нәрсе келмейтін, бос кеуде; ку көкірек — бос дәме, құр кеуде; мал көкірек —

надан, топас; ер көкірек — такаппар, меммен, ер мінезді; шер көкірек — кайрылы-қасіретті; көкірегі ашық — білімді, саналы; көкірегі байлауы — қенілі бір нәрсеге орнығып, корытындыға келген, алансыз; көкірегі данғыл — ойы анық, айқындалған; көкірегі дария — ақылы мол, ойлы; көкірегін жарды - катты корқытып, зәресін ұшырды; көкірегі жүйрік — сезімтал, түсінігі мол, ойы ұшқыр; көкірегі жылады — ет жүргегі езілді, егілді; көкірегі кең — кең пейілді, даркан; көкірегі қүйге толды — қенілденді, қенілі куанышқа бөленді; көкірегі каранғы — надан, топас; көкірегі қарс (қак) айрылды — уайымдады, қайғырып қүйнді; көкірегімен кәк тіреді — аспанмен таласты; көкірегін ашты — шын ықыласпен ақ қенілін, адап ниетін білдірді; көкірегінде желі бар — қенілі көтерінкі, мактан құмар; көкірегінде оты бар — саналы, еті тірі, жігерлі; көкірегіне кірмеді — айтқанды түсінбеді, санаына дарымады; көкірегіне қона кетті — қеніліне ұнады, ойына дәл келді; көкірегіне құйды — ойына токыды, түсініп ұғынды; көкірегінен орын тепті -қеніліне ұялады; көкірегіне нан пісті — өзін жоғары санап, өз-өзінен ісініп — кебінді; көкірегіне токыды — есте мықтап сактады, ұғып алды; көкірегі ояу — жақсы-жаманды түсіне билетін, сауатты, саналы; көкірегі шайдай ашылды — қенілі көтерілді, денесі сергіді; көкірек бітті — меммендік пайда болды, мемменсіді; көкірек көзі — ой, сана-сезім; көкірек көзі ашық — зерделі, ойлы, ақылды; көкірек көтерлі — ел катарына косылды дәрежеге тенеллі; мақтанып дандайсыды; көкірек какты — өзім ғана деп пансыды, такаппарланды; көкірек сарайы — қеніл қүйі, ішкі дүниесі (КТТС, 5).

Бұл мысалдарда мал, көкірек сөздерінің аудиспалы мағыналарының басым көпшілігі әсіресе тілде әбден қалыптасқан тұракты тіркестер, яғни фразеологиялық единицалар құрамына әбден сіңгендіктен айқынырақ көрініп тұр. Сонымен бірге бұл мысалдарда сөз мағынасын аудистырудың баска да жолдары бар. Мәселен, ақ көкірек, ер көкірек, көкірегі ашық, көкірегі дария, көкірегімен кәк тіреді, көкірегінде оты бар, көкірегіне тоқыды, көкірек сарайы, көкірек көзі т. б. — әрі метафора; жеті атасын мал

өлтірген, мал құмар, жел көкірек, көр көкірек, көкірегі ояу т. б. — метонимия.

Сөз мағынасын ауыстыру, дәлірек айтқанда, бір сөздің орнына екінші бір сөзді қолдану немесе бір үғым я бірнеше үғымды бір-ақ атаумен білдіру түрлі-түрлі себептерге байланысты болып келеді. Сөз мағынасын ауыстырып қолданудың лингвистикалық түргыдан көбірек тараған мынадай жолдары мен түрлері бар: сөз мағынасын қызмет бірлігі бойынша ауыстыру; метафора; метонимия; синекдоха; табу жэне эвфемизм.

Сөз мағынасын қызмет бірлігі бойынша ауыстыру. Қоғамның даму барысында белгілі бір заттың атқарған қызметін енді бір уақыттарда екінші немесе одан да көп зат атқаруы мүмкін; бір кездерде белгілі бір зат нақты бір материалдан жасалады да, кейіннен дәл сол зат қызметін атқаратын, яғни соның орнына жүретін екінші немесе одан да көп зат баска бір материалдан, тіпті бірнеше, әр түрлі материалдардан жасалынуы мүмкін; кейінгі шыққан заттың алғашқы, өзінен бұрынғылардан түр-түсі де, сапасы мен мазмұны да бөлек болуы мүмкін. Бірақ, соған қарамастан, кейін шыққан зат ертеректе пайда болған заттың орнына жүргендіктен, алғашқы затка берілген ат-атау тілде сакталып қалуы мүмкін. Мұндай құбылыс сөз мағынасының қызмет бірлігі бойынша аталауы немесе ауыстырылуы делінеді.

Бір сөз ертеректе пайда болған бір сөздің орнына қызмет бірлігінің, ортактығына карай ауыстырылғанда, метафоралар сияқты, белгілі бір ұқсастықта негізделеді. Бірақ қызмет бірлігі бойынша ауыстырудың метафорадан басты айырмасы бар: метафоралар заттың, құбылыстың түр-түсі, формасы, көлемі тәрізді адам сезімі мүшелеріне бірден көзге түсетін жақтарын негізге алады. Соның нәтижесінде бір немесе ұқсас бірнеше зат, құбылыс бір атаумен немесе тіркеспен аталауды. Ал, қызмет бірлігі бойынша ауысада зат не құбылыс белгілері тек материалдық немесе түр-түс, формалары ұқсастығына негізделмейді; заттар мен құбылыстар

формасы, түр-түсі, материалы жағынан әр түрлі бола түрып, атқаратын қызметтері бір болғандыктан ғана бір атаумен аталауды.

Мәселен, ерте заманда, акша шыққанға дейін, адамзат әр түрлі затты малға айырбастап алғатын; сирек кездесетін қымбат зат үшін малды көбірек беретін. Мал атаулы адамзатқа тамак та болды; күш көлігі ретінде де пайдаланылды; айырбас өлшемі ретінде де қолданылды.

Келе-келе мал атаулының айырбас өлшемі ретінде қызметін акша атқаратын болды. Ақша — латынша ресипіа (ресиз— мал.) ресипіа — орысша деньги; қазақша — теңге (кейбір зерттеушілердің пікірінше, орыстар бұл сөзді түркілерден алған; деньги түркілерге орыс тілінен теңге түрінде дыбысталып кірме сөз ретінде қайта өткен). Ақшаның единицасы — рубль (сом).

Рубль сөзінің этиноны жөнінде түрлі пікір бар. Кейбір пікірлерге караганда, орысша рубль — үнділіктердің рупийі. Үндіше рупий мал деген сөз; аша единицасы. Ал кейбір тарихшылар рубль орыстың рубить (ұсақтау, майдалау) сөзінен шықкан деседі.

Ертедегі Руссте ақшаның негізгі единицасы — салмағы 200 граммдай келетін күміс кесек (гривна). "Салмағына сай, ондай күмістің құны да қымбат болған (мәселен, бір күміске 200 тиін терісін сатып алуға болады екен.) Половецтер тұтқынына түскен Игорь князьды босату наркы екі мың күміс кесек деп белгілеген көрінеді. Қысқасы, орыстың ертедегі күміс кесегі (гривна) — рубльдің аргы «атасы». Орыс жерін жаулаушылар орыс князьдары мен шаруалар тұңліктеріне ауыр-ауыр салықтар салғанда, күміс кесектерді майдалап, ұсақтай («рубили» пополам) бастаған; бұл бір кездердегі қымбат бағалы күміс кесектерді «құнсыздандырыған» («девальвация»); соның нәтижесінде ақшаның, жана единицасы — рубль пайда болған; орыс жазбаларында «рубль» сөзі XIII ғ. екінші жартысынан бастап кездеседі; орыстардың алым-берімінде алтын, (түркіше — алты) акша ретінде жүрген; бір алтын алты сомға (рубль) тенгерілген. Иван Грозный кезінде бір рубль (сом) хакы жұз тиынға

төңестірілген; монеталардың салмағы мен түрі бірдейлестірілген; ал бакыр тиындарды айналымға шығарған — Бірінші Петр.

Сейтіп, алғашқыдағы мал, ан терілері т. б., кейіннен акша — күміс кесек, келе-келе қағаз акша, металдан жасалған ақшалардың бәрінің аткаратыны — бір қызмет, алым-берім единицасы қызметі. Сондыктан қағаздан немесе металдан жасалғанына қарамастан, атқаратын қызметі бір болғандықтан, орыс тілінде рубль сөзі сакталып қалды.

Сондай-ак ертеректе жазу құралы ретінде құстын қауырсыны (гусиное перо) қолданылған; кейіннен бұл қызметті металл перо аткарды; белье алғашында ак матадан тігілген; мешок теріден (мех) істелген; жазу материалы сия — (чернила) ертеректе сұйық қара заттан (черная жидкость) жасалынған; ертеректе жер астынан, шахтадан көмір тасу үшін күш көлік ретінде иттерді пайдаланған; сондықтан немістердің көмір тиетін вагонеткаларды Hund (собака) деп атағанына таңдануға болмайды; коньки — «везти» с конем — атпен тасу, жүргізу мағынасынан шыққан; XVI ғ. таң сәріде өз әріптестерін аралап жүріп оятатын монахтарды будильник деп атаған; сағат түрі — будильник содан қалған; орыстың стрелять етістігі «стрела» (карлу, ок) мағынасынан алынған; мануфактура (латынша «қолмен токудан» шыққан) — ертеректегі бастапқы мағынасына сай, мата аты ретінде сакталынып қалынған; ағылышының sail — жүзу деген сөзі бастапқыдағы sail — парус сөзінен шыққан; флот — суда жүзетін кемелер атауы; келе-келе самолетке катысты мағынаға да ие болған (аэрофлот); француздың дебаркадер деген сөзі — пристань; поезд келіп тоқтайтын платформа мағынасында; осыдан вокзал сөзі келіп шықты: темір жол вокзалы, су жолы вокзалы (пристань), аэропорт дегендердің аткаратын қызметі бір. Сондыктан бәрі де вокзал деген бір-ак атаумен аталағын болған.

Метафора (гректік *metaphora*—ауысу, ауыстыру мағыналы сөзі) — белгілі бір ұқсастыктарына қарай екі я одан да көп зат немесе құбылыстың бір атаумен аталауы. Бұл жерде ұқсастық дегеннін, ұғымы кен: заттар мен

құбылыстар түр-түсі жағынан ұқсас болып келуі мүмкін; көлемі, аумағы дәл бірдем болмаса да, әйтеуір бір формасы ұқсас болуы мүмкін; бір атаумен аталағын зат немесе құбылыстың бірі өмірде бар, накты, ақиқат болуы, ал дәл сол атаумен беріліп, белгілі бір сөз тіркесі құрамында қолданылған екінші бір заттың өзі накты болмауы мүмкін. Бірақ екеуіне де ортак жәйт — жалпы бір ұқсастық атаулы.

Мәселен, адамның басы дей отырып, төбенің басы, таудың басы, жұмыс басы, бұлак басы дай береміз; кейлектің етегі дей отырып, — таудың етегі; қызың төркіні дей отырып, сөздің төркіні дей береміз. Мұнд ағы бірінші тіркестегі сөздер — өздерінін тұра мағынасында, соңғы тіркестегі сөздер ауыспалы мағынада тұр. Соңғылары — метафоралар. Оның себебі — соңғыларында екі немесе одан да көп зат, құбылыстар әр түрлі атаумен аталаі, бір-ак сөзben аталағын түр.

Шынтуайтқа келгенде, көлемі мен материалы, мазмұны жағынан төбе мен таудың басын адам басымен ешбір салыстыруға болмайтыны түсінікті; ал жұмыста немесе бұлакта «бас» деген мүлдем жоқтығы аян. Сейтсе де, мұндайлардың әркайсысы әр түрлі сөзben аталаі, бір-ак сөзben айтылуында бір зандағылыш бар. Ол — ұқсастық зандағылышы. Мәселен, койлектің етегі бір-екі немесе бірнеше метр-ак болсын дейік, ал таудың етегі ондаған, жүздеген шакырымға созылады. Бірақ кейлектің етегі мен таудың етегіндегі сал ұқсастың — екеуі де екі заттың ең төменгі жағы, төменгі болігі.

Метафора — тілдің суреттеме, көркемдегіш, бейнелеуіш құралдарының ең бір өнімдісі. Мысалдар: Ақылына сөзін сай, Сіз — жалын шок, біз — бір май; Істық сөзін кірді ішке, май тұра ма шыжымай?! мұндасканда қалмайды көніл кірі; көнілдің жүгін киял кыл, ызага тұткан бой мен-зен; Сенісерге жан таба алмай, сенделеді ит жүрек; Дүғай сәлем жазамын Күйісбайға, Бермек болған айғырдың көзі кайда? Көзді көрсөң — бересің, тайсан — танып, Алдамшы атанғанның несі пайда? Көніл ұғы

құйқылжыр шартарапқа, Адам ойы түрленіп ауран шакта; Жастықтың оты жалында, жас жүректе жанған шак (Абай).

Келтірілген мысалдардағы сіз — шоқ, біз — май, сөзің кірді ішке, көніл кірі, көніл жүгі, ит жүрек, көз, көніл құсы, жастықтың оты — поэтикалық метафоралар, Абайдың өзіне тән көркемдегіш құралдары. Мұндай колданыстар сөзге өн, көрік береді; ойды жеріне жеткізіп айтуга себепкер болады.

Метафора негізінде туған ауыспалы мағына тілде қалай болса солай колданыла бермейді, тілдегі әбден орнығып, қалыптасқан нормалар шегінен ауытқып кете алмайды. Дегенмен, метафораларды, сондай-ақ жалпы тілдің бейнелеуіш және көркемдегіш құралдарын колдануда әр автордың өзіндік тәсілі, шеберлігі болады.

Бұдан ангаратынымыз: екі немесе бірнеше затты (құбылысты) бір гана атаумен атайдын таза тілдік — лингвистикалық метафоралар болады (адамның басы — таудың басы); өмірде реальды түрде болмайтын, тілдегі сөздер мен сөз тіркестері мағынасын әрі дәл, әрі саналы, әдейі астарлы, бейнелі түрде шындағы түсү максаты үшін колданылатын таза әдеби — поэтикалық метафоралар болады. Сонғы келтірілген мысалдар, міне, сондай, көркем — әдеби, поэтикалық метафоралар.

Таза лингвистикалық метафоралардың қолданылу зандылықтары мен себептері, негізінен, мына төмендегі тәрізді болып келеді:

Тіл-тілде сөз (сөздер) заттар мен құбылыстардың түр-тұлғасы (формасы) ұқсастықтарына карай бір атаумен алмастырылады: адамның көзі — иненің көзі; адамның беті — сүттің, беті, істің беті, қайықтың тұмсығы — ит тұмсығы т. б.

Сөздер дыбысталу жақындығы жағынан да алмастырылады: воет волк — воет ветер (касқыр да ұлиды, жел де ұлиды); барабанит солдат — барабанит дождь т. б

Заттар мен құбылыстар әсері арқылы пайда болған эмоционалдық байқаулар мен анғарулар нәтижесінде сөз атаулары алмастырылады:

баран (дәл мағынасы — қой) — ештемеге көнбейтін, томага тұйық, ақымак — айтканга көнбейтін, айдауға жүрмейтін адам; змея — қырсық, зұлым адам (коварный, ехидный человек); зерно пшеницы — рациональное зерно; теплый день — теплый прием, теплый взгляд; светлый день — светлая мысль т. б.

Кейбір метафоралар әр түрлі, тілті алуан-алуан, кішігірім ұқсастық, сәйкестік негізінде де алмастырылады; кейде жан-жануар, ан-күс ұқсастықтары да метафора ретінде колданыла береді; зат пен құбылыстың табиги ерекшеліктеріне, қызметіне карай ұқсастықтарға сай мағыналық ортақтықтар да метафора ретінде пайдалына алады: орысша кузнецік (шегіртке) кішкентай, бала ұстанық (маленький кузнец) енбек кимылы үніне ұқсас дыбыстар шығаратынына байланысты аталған; украин тілінде коник (шегіртке) кішкентай, құртакандай ат тәрізді, дегенмен алынған; французша la sauterelle (скакунок) — шауып кететін деген мағынадан, латын тілінде sieanziz — (сенной козел) шөпте жүретін ешкі, текешік деген мағынадан шыққан; казак-орыс тілдерінде серік (спутник — жердің жасанды серігі) тілде бұрыннан бар сөздің жана мағынаға ие болуынан, онда да қызмет, сөз мән-мазмұны ұқсастығы негізінде пайда болған метафора.

Қазақ және орыс тілдерінде кейбір кісі аттары (ономалар), елді екен аттары (топонимдер) т. б. метафора негізінде колданыла береді: Үміт, Үмбет, Үмыттық, Үлболсын, Тынышқұл, Вера, Надежда, Люда, Любовь, Қызытуған, Қамыскөл, Алтай, Қарпық, Қуандық, Бегендік, Сайдалы, Бекбау, Мінәсіп, Тұтқыш, Тойдым, Карапаш, Шанқұл, Миргородовско, Луговая, Дубовское, Савва, Пресенко, Романовых, Бескемпір т. б.

Жоғарыда айтылғандай, метафоралар көбінесе сөз мағынасын бейнелеуші, көркемдеуші құрал ретінде колданылады. Онда да әйтеуір бір ұқсастықка негізделеді: орысша змея — қырсық, зұлым адам дедік; қазақша мұндай мағына сұр жылан, ку адам — ку тұлқі сияқты тіркестерге сай келеді; немісше — der Fuchs, ағылшынша — the fox,

французша — le renard, полякша — lis, қазақша иненің көзі — адамның көзі, орысша ухо человека — ушіко иголки, ағылшынша — eye (көз) французша oil, орысша горлышко — бутылки; ағылшын, поляк тілдерінде мойын (the neck, sztyka); нос чайника орыста адам мұрнына ұксастығынан аталған, ал французша le bec құс тұмсығына ұқсатудан шықкан; шошка (свинья) — кейбір тілдерде әрі ұқсынсыз адам; моральдық жағынан тұрақсыз; азып-тозып біткен адам; болгарша дупка — әрі тесік, әрі шұңқыр, орысша схватить за руку — схватить мысль, ағылшынша io grasp (бұрын айтылған пікірді, ойды «қарман қалу»), взял книгу — взял за правило —to take, гнет (ауыртпалық.) — ағылшынша threat: (ертеректе «бұқара халық», «эскер» деген мағыналы болған).

Метонимия (гректің metonymia атын өзгеріп атау мағыналы сөзі) — белгілі бір заттар мен құбылыстардың сырткы және ішкі мән-мағынасының реалды байланыстырылуына қарай алмастыру амалы. Метонимияның метафорадан бір айырмашылығы мынау: метафора, негізінен, ұқсас екі зат немесе құбылысты бір-ак атаумен (сөзben)атаса, метонимия ойда сакталынып тұрған бірер сөзді айтпай-ак, ол сөзді екінші бір сөз мағынасына сыйыстырып жібереді. Ондайда екі немесе одан да кеп сөз мағынасы сол сөздер орнына колданылған бір-ак сөзден оп-опай анғарылады. Оның себебі — метонимия халық тілінде ертеден бермен қарай қалыптасқан ұғымдарға сәйкес жасалынады.

Мәселен, Сәкенді оқыдым десек, Сәкеннің шығармаларын оқыдым дегенді аңғарамыз. Дина женгейдің дастарқаны мол екен, — десек. Динаның стол жапқышының көлем — мәлшерін айтпаймыз; тағамы мол екен немесе Динаның колы ашық, барын аямайды деген мағынаны ұғамыз. Олай болса, дастарқан сөзі ауыспалы, бейнелі мағынада колданылып тұр. Сонда бұл сейлемдердегі оқыдым, дастарқаны дегендер — метонимия.

Ал сейлемдерді Сәкеннің кітабын оқыдым, Дина дүкеннен үлкен дастарқан сатып алды, — түрінде құрсақ оқыдым; дастарқан сөздері

метонимия бола алмайды. Өйткені бұл сөздер өздерінің тұра мағыналарында колданылып тұр.

Кырда айқасты балға, орак! Құшактасты көп тұмак! Айғайласып тас атып, Жабылды өншең жұлма тон(І.Ж.) Ал тағы бір кезде үй іші мәзмәйрам болып отырғанда, жабырқап, тұнеріп, мен-зен бол үндемей қалатын да әдеті бар, үй іші осы әзілмен ілесе тегіс Әйгерімге қарады. (М.Ә.) Кайлашылар айна бір қара табатын көрінеді! Жалда жүргенде жылына бір қара таппайтын едік... деп күні бұрын тойып отыр. (F.Муст.). Бұл сейлемдердегі метонимиялар — балға, орак, көп тұмак, жұлма тон, үй іші, бір қара. Бұлар, негізінен, зат атаулары (ту, жалау), адамдар, кіслер, ата-ана, ага-іні, бір өгіз (жылқы) мағыналарында қолданылып тұр.

Заттар аты кеңістік немесе уақытқа қатысты байланысы негізінде де алмастырыла береді: I курс — алғыр курс; шетінен «қасқыр», айтқаныңызды «қагып алады»; бір сабаны бір өзі ішеді, екі кесені бірден тартып жіберді; бір табакты бір өзі жеді т. б.

Метонимия бойынша ауыстырғанда, заттын өзі гана емес, оның ұғымы да өзгеріске түсіу мүмкін. Мәселен, орыс тілінде бюро деген сөз мағынасының, өзгеріс жайы мынадай: француздың үйгеан сөзі алғашында түйе жүнінен токылған мата деген мағынаны білдірген; одан соң бұл сөз сол матамен көмкерілген (сондай мата жабылған) стол дегенді, кейіннен сондай столдар койылған бөлме, одан кейіш сондай столдар койылған мекеме, бөлім (машина бюросы, конструкторлық бюро), одан барып сол мекемеде қызмет етуші адамдар (бюро мүшелері түгел жиналды), ен сонында сол адамдардың мәжілісі деген метонимиялық қолданыска жетіп отыр.

Кейбір заттар мен бұйымдар алғаш рет қай жерде өндірілсе, сол жердің атымен аталған: Кашемир (мата аты) — Индиядағы кала, Тюль—Франциядағы tulle қаласының аты, Каленкор — Индияның Қалькутта қаласы атынан алынған; қаракөл елтірісі — Бухара дағы Каракел алқабының аты; бұл елтіріні француздар astracan дейді: Астрахань қаласының аты; Бастон (мата) — АҚШ-тағы кала; Шевиот (мата)—

Шотландиядағы қала; Шампан — Париж манындағы провинция; гавана (сигареттік бір сорты) — Куба астанасы Гавананың аты; панама (бас киімнін, бір түрі) — мемлекет аты т.б. Мұндай метонимиялар географиялық немесе этнографиялық деп те аталады.

Кейде жалқы есімдер, әсіресе кісі аттары және оның қоғамдық мәні бар қызметі, ғалымның аты және оның ойлап тапқан жаңалығы т. б. метонимияға айналады: Карл (великий) — король; Цезарь — цесарь (партнеш), батист (бәтес) — тоқымашы Батист Шамбрэнің, пастеризация — Француз ғалымы Луи Пастердің, ампер — Француз физигі Андре Мари Ампердің, гильотина (дарга асу, өлтіру құралы) — Гильотен деген дәрігердің, гобелен (көркемдеп, әшекейлеп тоқылған кілем) — париждық Жан Гобеленнің, реглан (киім пішу үлгісі) ағылшын лорды және генералы Фицрой Регланның, маузер, браунинг, форд, паккард, макинтош, френч, галифе т. б. — осы құралдар мен заттар авторларының есімімен аталған.

Орыс тілінде де сөз мағынасын метонимия негізінде алмастырудың түрлері өте кеп. Мәселен, заттың өзі мен оның ішіндегі зат атауларының бірдей аталуы: разить стакан — выпить целый стакан; деревянный дом — принять в свой дом; сияетаяяя клася! — хороший класс т. б.; сонғы бір зат алғашқы бір заттың атауымен аталауы: блюдо — ас ішетін ыдыс (посуда), блюдо — тағам; бумага — кағаз, бумага — ресми документ; неміске Blatt — бір парап кағаз; der Blatt — листок, газета; kragen — материал аты; kragen — анатомиялық атап (жага); белье — ак мата; белье — киім, бұйым т. б.

Қазақ және орыс тілдерінде аса көп тараған метонимиялық ұғымдар мына сықылды тіркестерде көбірек ұшырасады; Әуезовты оқыдым: Құрманғазыны тарта отырып сөйледі; Пушкинді жатка біледі; қолында — Сабит Мұқанов; Третьяковканы арапал кетті; Айвазовскийді қызықтап тұр; Чайковский құлағының құрышын қандырды; спортшылар арманы — Медеу т. б.

Метонимиялық қолданыстар кейде сөз мағынасының кенеоі немесе тарылуына себепкер болады; орысша квас — ертеректе ашыған тағамның жалпы атауы (ашыған сүт, іріген сүт т. б.), қазірде бір ғана тағам аты; пиво — сусын атауларының атауы, қазірде сусынның бір түрі; неміске fahrt — ертеректе «қозғалу», «жылжу», қазірде — «жұру», «бару» («ехать»), ағылшынша Ineai — ертеректе «тарам», «тамак», қазірде — «ет» (мясо); room — ертеректе «кеністік» (пространство), қазірде — «бөлме» (комната); coinracie — ертеде бір бөлмеде бірге жататын адам, қазірде — жолдас, дос, серіктес т. б.

Синекдоха (гректін synecdoche — бірге жобалап, нобайлап, шамалап түсіну мағыналы сөзі) — бүтіннің орнына белшекті, жалпының орнына жалқыны (дараны), үлкеннің орнына кішіні немесе, керісінше, жалқының орнына жалпыны, белшектің орнына бүтінді колдану негізінде сөз мағынасын алмастыру амалы. Кейбір лингвистерше, синекдоха — метонимияның ен көп тараған түрінің бірі.

Мәселен, бір адамда бір-ак бас болатыны белгілі. Сөйті тұра, қазак: — Басың нешеу? — деп сұрайды. Төрт-бес жанбыз ғой... — деп жауап береді. Төрт-бес тұғымыз бар десе, төрт-бес кой-ешкім бар деген сөзі. Бас екеу болмай, мал екеу болмайды; Қазан басында қалтаған ак жаулық; көп бастар шұлғысып, көп сақалдар шошаңдастып қалды. Шекесі шығынқы домалақ бастар, бүйірі созынқы ұзын бастар, өнерге біткен ашық мандайлар, өнерсіз еті қалың мандайлар екі жыл бойы алдыннан кеткен жок. (F. Mұс.) Жат хабарды Жігітек алғаш естіген жерде бірталай ак сақал, кара сақал боп, Оралбайды қатты кіналаганың да білді. (М. Ә.); Көп қоркытады, терен батырады; Білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар.(М.); Тұмсықтының тамағы шокуменен табылар, өнер-білім дегенің окуменен табылар, (Ы. А.); Артымыздан қол жетті.(Б.ж.)

Бұл сөйлемдердегі бас, жан, тұяқ, бастар, мандайлар, сақалдар, ак сақал, кара сақал, көп, бірді, мыңды, тұмсықты, қол дегендер синекдоха, олардың кейбірі мал (тұяқ), қалғандары, негізінен, адам, адамдар, карттар, жастар,

әскер деген сөздердің орнына жүріп, соларды алмастырып тұр; кейінде бүтіннің, тұтастық орнына бөлшек, кейде жекеше мағына орнына көпше форма қолданылып тұр.

Синекдоха, метонимия сиякты, троптың — сөзді, сөз тіркестерін мәнерлеп, көркемдеу құралының бірі.

Синекдоха негізінде алмастырылған сөздердің мағынасы кейде кеңейіп, кейде тарылуы мүмкін. Мәселен, ертеректе орыстар шеттен, басқа елден келгендердің бәрін — немістер, ашыган, аштылған азық-тулік атаулыны — квас, ішетін суын атаулыны пиво деп атаған болатын дегенбіз; қазірде неміс — неміс халқы адамы; квас, пиво — суынның бір бір түрі ғана; орыс тілінде бұл сөздердің мағынасы тарылған; орысша «Все флаги в гости будут к нам» дегендегенде, флаги «корабльдер» орнында тұр, ағылшынша іне looi (фут — аяқ; ноги) — жаяу әскер (пехота) деген сөз. Мұнда флаги, іне looi сөздерінің мағынасы кеңейген.

Синекдоха көпше форманы қолданбай-ақ, сөзді жекеше түрде айту арқылы көптік, жинақтық мағына білдіріледі: И слышно было до рассвета, как ликовал француз (Лермонтов). Мұнда әнгіме бір француз емес, көп француз, яғни француздар туралы. Покупатель! Будь вежлив с продавцом! Бұл мысалда да жинақтық, көптік мағына жекеше форма арқылы түсінікті болып тұр.

Синекдоха кейде адамның психологиялық кезеңдеріне де байланысты ауыстырыла береді: Пора! Pero покоя прости... (Пушкин). Мұндағы пероның мағынасы — жаза-жаза шаршадым... Егерде сөз тіркесі писать пером (каламмен жазу) түрінде қолданылса, перо синекдоха болмаган болар еді.

Қазактар: жақын жер, алыс смес деу орнына тиіп тұр, таяқ тастам жер, «хәү⁶ дем жер, — десе, орыстар: «Отсюда рукою подать» дейді. Бұл да синекдоха.

Синекдоха кейде сықақ-әзіл, қалжын, комсыну, ерсі көру тәрізді мағына аңғарту үшін әдейі қолданылады; ондайда кейде адамның түр-тұлғасы, киім пішіні де еске алынады; Эй, дудар-бас! Эй, кисық! Эй, тұлқи тымақ, сен берірек келші... Вздыхают рыжие панталоны. Так контрабас пил чай вприкуску, а флейта

внакладку. Флейта спала с огнем, контрабас — без огня (Чехов). Бұл мысалдардағы синекдохалар — дударбас, кисық, тұлқи тымақ, панталоны — адамдар; контрабас, флейта — музыкалық инструмент түрінің маманы.

Орысша чуйка — погромщик (черносотинец, адам өлтіруші); гороховое пальто — патша қүзетінің тынышысы, красная шапочка — ертек, ертек айтЫп; қазақша қызылбас, каракалпак, — халық аты; алмұрт — жеміс, алмұрт өсетін ағаш; шабдал — жеміс, шабдал өсетін ағаш; қазак, ұғымында саран адам — Шығайбай, Қарынбай, Қарабай т. б.

Сөз мағынасын ауыстырып қолдану амалдары (метафора, метонимия, синекдоха т. б.) эмоционалды бояулар, сипаттармен, таңдану, жалыну, жалбарыну, сыйлау, еркелету тәрізді сөзімдермен байланысты болып келеді. Соның нәтижесінде сөз мағынасы бірсыңыргы өзгеріске түсуі, «қырланып, сирлануы» мүмкін.

Мәселен, кейір славян тілдерінде лихой (желөкпе жігіт, эпербакан шофер мағынасында) — жауыз, мейірімсіз, ашулы, кекті, бақытсыз; чех тілінде lichy — «жалған», «жасанды»; осы түбірден шыққан lichititi — мадактау, мактау деген сөз; серб тілінде замука (мука — азап сөзінен шыққан) — табыс, жалакы, сибек акы (заработка); болгарша печал — қайы, уайым, мұн; печа — камкорлық, печеля — баю, қалтасын толтыру, тауып алу, чех тілінде nadobого (добро сөзінен шыққан) — мұлдем, бүтіндей толық; ағылшынша sanctimious сөзі алғашында киелі, касиетті, әулис деген мағынада болып, келе-келе жәдігей, скі жүзді (ханжеский) мағынасына ауыскан.

Сондай-ақ, орысша көп (много), ете (очень) сөздерінің ары мағынасы — күш, қуат. Мәселен, қазіргі украинша в нього сила грошай — оның ақшасы көп; чехша тос — «ете»; қуат, күш, өкімет (могущество, сила, власть) ертеректегі орыс тілінде го-моля — көп; ете; орыс диалектілерінде оғомоля — әлсіздік, талу, талып калу; полякша да сіиго — көп, ете; сінгу — үлкен, күшті; т. б.

Бір сыпыра тілде тандану, қорқыныш, сүйініш ұғымдарының біразы алмастырылған мәғыналы сөздер арқылы беріледі: серб тілінде чудо — бәле, қырсық, бакытсыздық; таңғалу, таңғалыс; орысша пропасть — (тұнғиық, шықырау) — терең, тұпсіз, ұшықыры жок; құру, жойылу, жок болу, апат болу; чех тілінде sposita — құрқол; полякша huk (айгайшу, тарсыл ғүрсіл мағынасынан алынған) — көп, үйме, үйінді; zgraja (айгай-шұлы) — үйме, үйінді; жиын, тобыр; немісше sehr «өте»; этимологиялық жағынан sehr сөз versenren — жарапау, зиян келтіру мағынасынан шыққан.

Казакша қозым, құлыным, құлыншағым, карашығым, кегершінім, сұмдық жаман, сұмдық қорқынышты, керемет жақсы, аскан сұлу, ғажап (танғажайып, бұл қалай хат...) т.б. осы сияқты тіркестердің калыптасуынан да сөздерді ауыстырып қолдану жолдарының әсері аңғарылады.

Тақырышты бекіту үшін сұрақтар:

1. Лексикологияның қарастыратын нысаны не?
2. Лексикологияның қандай салалары бар?
3. Ономасиология нені қарастырады?
4. Этимология дегенде не түсінесіздер?
5. Семасиология нені үйренеді?
6. Семасиологияның қандай заңдылықтары бар?
7. Қазак тілі фразеологиясындағы ерекшеліктер қандай?
8. Ұқсату заңдылығы нәтижесінде пайда болған сөздердің белгілері туралы не білесіндер?
9. Полисемияның қолданылуына мәлімет беріндер?
10. Сөз мәғынасының көнеюі дегенде не түсінесіндер?
11. Сөз мәғынасының тарау заңдылығы казак тілінде қандай көрініste?
12. Бөлшектің бүтінге ауысу заңдылығы нәтижесінде пайда болған сөздерге мысалдар келтіріңдер.
13. Метафора дегеніміз не?
14. Метонимия қалай жасалады?
15. Синекдоханың өзіндік белгілері қандай?

СӨЗДІҢ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

(грамматикалық мәселелер)

Сөздер өзара байланыспайды, бір — бірімен тіркестей тұрғанда ойды білдіре алмайды. Егер олар сейлем ішінде бір — бірімен байланысса, онда ойды білдіре алады. Сөздердің бір — бірімен байланысы, тіркесуі грамматика арқылы іске асады.

Грамматика, ен алдымен, сөздердің бір — бірімен қатынасын білдіреді. Ол қатынас - грамматикалық қатынас. Яғни сөйлемдегі сөздер грамматикалық (формалар, жалғаулар) арқылы бір — бірімен байланыспайды, грамматикалық қатынаска түседі. Сөйтіп, грамматика ойды түсінікті етеді.

Грамматиканың екі саласы бар: морфология және синтаксис. Морфология - сөздердің морфологиялық құрылымы мен типтері, морфема мен оның түрлері, сөздердің түрленуі, олардың формалары, сөз таптары туралы ілім. Ал синтаксис - сөз тіркесі мен сөйлем, олардың құрымы мен түрлері, сөздердің сөйлемдегі тіркесімі туралы ілім.

Сөздің морфологиялық құрылымына талдау жасау үшін, ен алдымен негізгі морфологиялық ұғымдарды біліп алушымыз керек. Ол ұғымдар: морфема, түбір морфема, аффикстік морфема, - дегендегі.

Морфема дегеніміз - сөздердің ары қарай бөлшектеуге келмейтін ен кіші мәғыналық бірлігі. Морфема түбір морфема, аффикстік морфема болып екіге бөлінеді. Мысалы, оның анасы кім? дегендегі ана+сы сөзінде екі морфема бар. Ана - түбір морфема, -сы (тәуелдік жалғауы) - аффикстік морфема. Оның деген сөз де солай: 0 - түбір, морфема, -ның - аффикстік морфема

Морфемалар мағысы мен қызметі жағынан әр түрлі. Морфемалардың ішінде негізгі лексикалық мағынаны білдіретіндер де, грамматикалық мағынаны білдіретіндеріде бар. Мысалы, үшіктерге сөзінің құрамында төрт морфема бар. Оның біріншісі - үй, ол заттық мағынаны білдіреді; екіншісі - шік, бұл кішірейткіш мағынаны білдіреді, үшіншісі - тер, көптік мағынаны білдіреді, төртіншісі - ге бағыт мағынасын білдіреді. Бұлардың ішіндегі үй морфемасы түбір сөз болғандықтан ол заттық, лексикалық мағынаны, ал қалғандары аффикстік морфемалар болғандықтан грамматикалық мағыналарды білдіріп тұр. Лексикалық мағынаны білдіретін морфема түбір морфема немесе негізгі морфема деп аталады да, грамматикалық мағыналарды білдіретін морфемалар немесе көмекші морфемалар деп аталады.

Әр түрлі тілдердегі түбір морфема мен аффикстік морфемалардың табиғаты әр түрлі болып келеді. Мысалы үшін қазақ тілі мен орыс тілін салыстырып көрелік. Қазақ тіліндегі жазу, жазба, жазылған деген сөздерді орыс тіліндегі писать, письмо записка, перепись деген сөздермен салыстырсақ, қазақ сөздерінің түбірі - пис. Жаз түбірі өздігінен жеке, дербес сөз ретінде қолданыла алады, ал орыс тіліндегі пис түбірі өздігінен дербес қолданыла алмай, сөз құрамындаға (писать, письменный) қолданылады. Оның үстіне пис түбірі тек заттық мағынаныға білдірсе, жаз түбірі әрі заттық мағынаны (жазу ісі), әрі лексикалық мағынаны (етістіктің бүйрық рапы, екінші жак) білдіреді. Пис деген сияқты орыс тіліндегі дербес қолданыла алмайтын түпкі түбірлердің тіл білімінде «өлі түбірлер» деп атайды. Жоғарыда айтылғандарға қарап, қазақ тілінде өлі түбірлер мүлде жоқ екен деген қорытынды шықлауга тиісті. Мысалы, бұлік, бұлін, бұлдар деген сөздердің бір-бірімен салыстырсақ, олардың өлі түбірі бұл-деген де, ал - ік, - ін, - дір дегендегер сөз тудыратын аффикстер. Семіз, семір сөздерінің өлі

түбірі - сем; жақ, жан сөздерінің өлі түбірі - жа. Тырдай, жұрдай, нарттай сөздерінің аффикстері - жай да, ал олардың өлі түбірлері - тыр, жор, нарт.

Бұлардың өлі түбір болатын себебі - олар өздеріне тиісті қосымшаларының жеке тұрып қолданыла алмайды. Тек қосымшаларымен бірге алынғандаға олар сөз ретінде ұғынылады. Біз бұл жерде тарихи тұрғыдан алғандаға олар түбір бола алатындықтан айтып отырмыз. Әйтпесе бұлар қазақ тіл білімінде қосымшалармен бірге бір сөз ретінде қабылданып кеткен. Сондыктан да, қазақ тіліндегі түбір мағынасы мен формасы жағынан түбір ретінде де, түбір сөз ретінде де бір - біріне сәйкес келе береді. Бұл жердегі «түбір» деген мен «түбір сөз» деген бір емес. Мәселен, орыс тіліндегі пис морфемасы - түбір, ал писать - түбір сөз. Қазақ тіліндегі жаз морфемасы - әрі түбір, әрі түбір сөз. Әйткені, пис морфемасы дербес қолданыла алмаса, жаз түбір дербес сөз ретінде қолданыла береді. Қазақ тіліндегі бұл қасиет түркі тілдері мен ағылшын тіліне де тән.

Жоғарыда біз «пис түбір тек заттық мағынаға білдіреді» дегендегі айыттық. Орыс тіліндегі кейбір түбірлер (негізгі морфемалар) лексикалық мағынаны да білдіруі мүмкін. Мұндай жағдайда заттық мағынаны білдіретін түбір лексикалық мағынаны білдіретін сөз ретінде қолданылады да, заттық мағына мен лексикалық мағына бір-бірімен астасып қабаттасып кетеді. Мысалы, орыс тіліндегі бег (бежать), дар (дарить), дом (домик) дегендегер - пис түбірі сияқты түбір марфемалар. Солай бола тұра да, бұлар лексикалық мағыналары бар дербес сөздер ретінде де қолданылады. Демек, орыс тілінде түбір (корень) деген үғым өз алдына дербестігі жоқ пис - (писать), веж - (вежливый) тәрізді түбірлерді де, өз алдына дербестігін сактаған бег, дар, дом тәрізді

тұбір сөздерді де (піс -, веж – дегендер сөздер емес, олар тек тұбірлер қамтиды. Ал қазақ тілінде піс-, веж- сиякты тұбірлер жок, онда оқы, жаз, бүлін деген тәррізді тұбір сөздер бар.

Енді тұбір мен негіз деген терминдердің мән - мағынасына келелік. Тұбір (корень) деп - сөздің ешбір жұрнақсыз - ак, заттық (кейде лексикалық) мағына бере алатын, ары қарай бөлшектеуге келмейтін тұп бөлшегін айтамыз. Мысалы, письмо, писать, выписка, описание сөздеріндегі піс – морфемасы немесе столик, столовая, настольный, застольный сөздеріндегі стол- морфемасы тұбір болып саналады. Негіз (основа) деп - сөздің ешбір жалғаусыз өз алдына тұрып, лексикалық мағына бере алатын, өзгермейтін, түрленбейтін негізгі бөлшегі.

Негіз әдетте тұбірден де, тұбір мен жұрнақтың қосындысынан жасалынады. Яғни, тұбір сөз де, туынды сөз де негіз бола алады. Осылай олар тұбір негіз, туынды негіз деп те атала береді. Мысалы, дом, холод, один, завтра, комнат+а, бел+ый, смотреть - бұлар тұбір негіздер; надом+ый, комнатушк+а, посмотреть - бұлар туынды негіздер. Болмаса қазақ тіліндегі егіншіліктің леген сөзді талдан көрелік. Мұның тұбірі (тұбір негіз) – ек, бірінші туынды негіз – егін, екінші туынды негізі – егінші, үшіншісі туынды негізі – лік; ал -тін - аффикстік (көмекші) морфема.

Тұбір әр түрлі сөз таптарына ортақ қызмет етеді алады. Мысалы, бас тұбірі бастық, басшы, басшылық, баспа, баспалдақ деген зат есімдердің де, басты, бассыз деген сын есімдердің де, баста, баскар, бастап деген етістіктердің де тұбірі болып саналады.

Негіз белгілі бір сөз табына жататын әр түрлі формаларға ортақ морфема ретінде қызмет етеді. Мысалы, баскар+ып, басқар+ғалы, баскар+ған, баскар+ар, баскар+атын дегендердің бәрі етістіктер. Бұлардың ортақ негізі (основа) - баскар морфемасы. Дәл осылар

бастықтар, бастыққа, бастықтан, бастығын деген зат есім формаларының ортақ негізі - бастық сөзі.

Аталған мысалдардан байқалатын бір нәрсе – орыс тіліндегі көлтеген негіздердің құрамында олардың кай сөз табына тән екенін анфартатындағы грамматикалық көрсеткіштер (аффикстер) болады. Мысалы: комнат+а, комнатушк+а,- бұлар зат есімдер; бел+ый, повелевш+ий - бұлар сын есімдер; смотреть, посмотреть - бұлар етістіктер. Егер осы сөздердің құрамындағы -а, -ый/ий, -ть грамматикалық көрсеткіштерін негіздерден бөліп алсақ, онда ол негіздер өздігінен дербес қолданыла алмайды. Ал қазақ тіліндегі негіздердің құрамында ол сөздердің кай сөз табына қатысты екекнідігін анфартатындағы грамматикалық көрсеткіштердің болуы шарт емес. Мысалы: бас – 1) зат есім, 2) етістік; ак - 1) сын есім, 2) етістік. Соған қарамастан бұл тұбір негіздер (бас, ак) дербес сөз ретінде жеке қолданыла береді.

Бұл құбылыс жалғыз қазақ тіліндеға емес, бүкіл түркі тілдері мен ағылшын тілінде де солай. Оны мына салыстырудан көрүте болады: книга – кітап -book; большой-улкен -biq: считать-окы-сонн. Мұндағы орыс сөздері екі морфемадан- тұбір және аффикстік морфемадан, ал қазақ, ағылшын тілдеріндегі балама сөздер бірғана тұбір морфемалардан құралған.

Тұбір (негізгі) морфемаларда дербестік бар. Олар дербес сөз ретінде қолданыла алады. Ал аффикстік морфемаларда мұндай дербестік болмайды. Олар әрқашан сөз құрамындаға қолданылады және сөз тыс ешқандай мағына білдіре алмайды.

Тұбір морфема мен аффикстік морфемалардың тағы бір айырмашылығы- егер аффикстік морфемалар сөздердің белгілі бір тобының (мысалы, зат есімнің немесе сын есімнің) құрамындаға қолданылса, тұбір морфемалар бір емес, әр басқа сөз табына қатысты сөздердің құрамында ұшыраса береді. Мысалы, білімнен

деген сөздің кұрамындағы-ім және -нен аффикстік морфемалар сөздердін зат есім деп аталатын тобындаға ғана ұшырасса, біл деген түбір морфема сөздердін зат есім (мысалы, білім) деп аталатын тобындаға ғана емес, сонымен бірге, етістіктер тобында да (білдіру, біліну, білісу), сын есімдер тобында да (білгіш, білімді) ұшыраса береді. Бір сөзбен айытқанда, аффикстік морфемалар белгілі бір сөз тобынаға телулі болады.

Аффикстік морфемалар мағынасы мен қызметі жағынан түрліше болып келеді. Олардың ішінде түбір морфемаға жалғанып, ол түбірдін мағынасын нактылай, саралай түсетін аффикстер бар. Ол аффикстің атын- жүрнақ деп атайды. Мысалы, көлшік деген сөздің кұрамындағы –шік жүрнағы заттық ұғымды білдіретін көл деген түбірге жалғанып, оның мағынасын (кішкентай ғана көл, көл сиякты су) нактылап түр.

Сондай-ақ, түбір морфемаға жалғанып, бір сөзді екінші сөзбен байланыстырып, олардың өзара қарым-қатынасын ғана білдіретін аффикстер бар. Олардың атын - жалғау деп атайды. Мысалы, көлдің жағасы дегендегі –дің мен-сы аффикстері сөз туындырып тұрған жок, көл жаға деген сөздерді байланыстырып түр.

Түбір морфемадан сөз тудыратын аффикстерді-сөз тудырушы аффикстер дейміз. Сөз тудырушы аффикстердің мағынасы деривациялық мағына деп аталады. Сөз бен сөзді байланыстырып, олардың бір-біріне катынасын білдіретін аффикстер-сөз түрлендіруші аффикстер, ал олардың грамматикалық мағыналары реляциялық мағына деп аталады.

Сөйтіп, аффикстер (аффикстік морфемалар) екі үлкен тошка бөлінеді екен. Олар: жүрнақ және жалғау. Жүрнақ -сөз тудырады, ал жалғау (окончание немесе флексия) - сөз түрлендіреді. Эрбір жеке тілде олардың грамматикалық құрылышының ерекшеліктеріне

қарай жүрнақ үш түрге жіктелінеді. Олар: 1) префикс (приставка), 2) инфикс, 3) суффикс (постфикс).

Префикс түбірдің алдына қосылады. Мысалы: в+ход+ить – ис+ход+ить – находить – походит – сходит – уходит, со+труд+ник/ница/, пре+по+дава+тель+ница. Инфикс түбірдің ішіне қыстырылады. Бұл латын тілінде бар, орыс тілінде жок. Ал суффикс түбірден соң жалғанады. Мысалы: бала+лық, жылқы+шы, работ+ник, уч+тель, дом+ик.

Орыс тілінде префикс пен суффикс бар. Қазақ тіліндегі жүрнақ орыс тіліндегі суффикске сәйкес келеді де, түбірден соң жалғанады.

Түркі тілдерінде орыс тіліндегі тәрізді префикстер жок. Түркі тілдерінің бірі - қазақ тіліндегі беймаза, бейтаныс, бейуақ, бейхабар, наразы, намакұл деген сөздердің құрамындағы бей-, на- морфемаларының префикс екендігі рас. Бірақ ол қазақ тілінде префикс ретінде қызмет атқара алмайды. Бей-, на- префикстері иран тілдерінен енген сөздердің құрамындаға қолданылып, сол сөздермен бірге келген, бөлшектенбейтін бір тұтас тұлға (форма) ретінде ұғынылады.

Жалғаулардың жүрнектардан айырмашылығы - жүрнақтар сөз тудырса, жалғаулар – форма тудырады. Сөз тудырушы жүрнақ жалғанған сөзіне жаңа мағына үстеп, туынды сөз жасайды. Жасалған туынды сөдердің әрқайсысы дербес лексикалық бірлікке (сөзге) айналып, бөлек сөз ретінде каралады. Мысалы, су деген түбірге жүрнақ жалғасак, су+лы, су+лық, су+ла, су+лан+дыр+у деген туынды өздер жасалады. Бұлардың мағаналары әр баска. Ал сол су деген түбірге жалғау жалғасак, су+ға, су+ым, су+лар деген сөз формалары жасалады. Бұлардың лексикалық мағанасы бір-еу ғана, ал формалары – әр түрлі. Оларда тек грамматикалық мағыналар бар. Айталақ, суға деген септік мағына, суым деген тәуелділік мағына, ал сулар дегендеге көптік мағына танылады.

Ескерте кететін нәрсе: - жалғаулар әр уакыт тек грамматикалық мағына туғызады десек, біз кателесеміз. Кейде оның жұрнақтың орына жұмсалып, лексикалық мағына да туғызатын кездері болады. Мысалы, босқа, текке, бекерге, кешке деген сөздерді бос+қа, тек+ке, бекер+ге, кеш+ке деп, түбір және аффикстік морфемаларға жіктеуге болады. Мұндағы -қа/ке, -ға/ге аффикстері барыс септік жалғауы екендігі ақиқат. Бірақ олар бұл жерде сөз түрлендіруші қызметін айырып, сөз тудырушы қызметке ауысқан. Сейтіп, олар өзі жалғанған сөздерді ұстулерге айналдырган. Тіліміздегі жатыс, шығыс, көмектес септіктерінің жалғаулары да дәл осындай қызмет атқара алады. Мысалы: баяғыда, күнде, әуелден, кенеттен, ретімен, кезекпен т. б.

Қазақ тілінде –у жалғауы жалғанған кейбір етістіктер түйік етістік формасынан зат есімдерге айналған. Мысалы: жабу, егу, кесеу, қашау, бояу т. б. Бұлардың құрамындағы –у морфемасы о баста форма тудыруши (түйік етістік формасы) косымша болған. Қазір ол форма тудыруши емес, сөз тудыруши жұрнақ ретінде танылып жүр. Шындығында да солай. Ол түйік етістіктің жалғауы бола тұрып, зат есім, сын есім (бітеу, тұзу) тудыратын жұрнақка айналған.

ГРАММАТИКАЛЫҚ ТӘСІЛДЕР МЕН ФОРМАЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ МАҒЫНАЛАРЫ

Грамматикалық тәсілдер

Біз сөзде лексикалық және грамматикалық мағына болады дегенді айттық. Грамматикалық мағыналар әр түрлі грамматикалық тәсілдер арқылы беріледі. Ол тәсілдер мыналар: 1) аффиксация тәсілі, 2) ішкі флексия тәсілі, 3) қосарлану тәсіл 4) көмекші сөздер

тәсілі, 5) сөздердің орын тәртібі тәсілі, 6) екпін тәсілі 7) интонация тәсілі.

1. Аффиксация тәсілі. Түбірге немесе негізгі аффикстер жалғану арқылы грамматикалық мағынаның берілуі – аффиксация тәсілі деп аталады. Бұл тәсіл өсіреле түркі тілдерінде жиі колданылады. Мысалы, -шік, -ыш, -дыр жұрнақтары косылып, үйшік, жазғыш, жаздыр деген сөздерде деривациялық мағынаны білдіреді. Аффиксация тәсілі, түркі тілдерінен басқа, индоевропа тілдерінде де бар. Бірақ оларда сәл басқашалау. Айтальық, славиян тілдерінде, оның ішінде орыс тілінде сөз септелгенде немесе жіктелгенде, көп жағдайда түбірдің фонемалық құрамы өзгеріп кетеді. Мысалы: сонсна, ходить-хожу т. б. Ал түркі тілдерінде олай емес. Түркі тілдерінде сөздердің септелуі немесе жіктелуі түбірдің фонемалық құрамын өзертпейді. Мысалы: үйкі - үйқыға - үйқыны - үйқыдан; жүр - жүрмін - жүріндер т. б. Сондай - ак, орыс тілінде көптеген аффикстердің әрқайсысы бір - бір мағынаны емес, бірден бірнеше мағынаны білдіреді. Мысалы, гост+ям деген сөздегі -ям аффиксі әрі барыс септігін (деталь, падеж), әрі зат есімнің көпше түрін білдіреді (гости+ям – гостям). Ал қазақ тілінде бұлар (көп мағына мен барыс септігі) өз алдына бөлек - бөлек аффикстер арқылы беріледі: қонақ+тар+ға. Ол аффикстер бірінің үстіне бірі жалғана береді.

Бұл – түркі тілдеріндегі аффикстер негізінен алғанда дара мағыналы болады деген сөз. Алайда түркі тілдерінде бірнеше грамматикалық мағынаны білдіретін аффикстердің де бар екендігін жоққа шығаруға болмайды. Мысалы: жер жырттық, егін салдық дегендегі -қ аффиксі әр жақтық (1-ші жақ, жіктік жалғауы), әрі көпше мағынаны білдіреді. Кездесеміз, сөйлескенбіз дегендегі – міз беріледі: міз –біз аффикстері де дәл осындай. Бірақ түркі тілдерінде

бірнеше грамматикалық мағынаны білдіретін бұл тәрізді аффикстер орыс тіліне қарағанда сирек ұшырасады.

Ескерттін нәрсе: түркі тілдерінде бір сөздің кұрамында бірнеше аффикс қабаттысып келсе, түбірге алдымен жұрнактар, содан кейін жалғаулар жалғанады. Сөз кұрамында бірнеше жалғау қабаттысып келсе, алдымен көптік жалғауы, одан соң тәуелдік жалғауы, мұнан соң септік жалғауы, онын үстіне жіктік жалғауы жалғанады. Мысалы: ауыл+дар+ыныз+дан+быз.

Орыс тілінде түбір мен аффикс бір-біріне әбден жымдаса, кіріге қосылса (бег-бежать), түркі тілдерінде олар жай ғана жалғаса қосылып, морфемалардың ара жігі анғарылып тұрады (жүтір-жүтірді-жүтірген). Осыған орай, орыс тіліндегі түбір мен аффикстердің жымдаса, кіріге қосылу фузия деп аталса, түркі тілдеріндегі жалғаса қосылуы – агглютинация деп аталады. Фузия индоевропа тілдеріне тән, агглютинация – түркі, монгол, угоро-фин тілдеріне тән.

2. Ішкі флексия тәсілі. Грамматикалық мағыналарды білдірудің басты тәсілдерінің бірі – ішкі флексия тәсілі. Ішкі флексия тәсілі дегеніміз – түбірдің дыбыстық құрамының өзгеруі арқылы грамматикалық мағынаны білдіру тәсілі. Бұл тәсіл – әсіресе семит тілдеріне (араб, еврей т. б.) тән тәсілі. Мысалы, араб тіліндегі «жазу» деген сөз – ktb деген дауыссыз дыбыстардан құралады. Осы түбірді katib деп өзгертсек, ол «жазып отырушы», kitab – «кітап», kutub – «кітаптар», kataba – «жазды», aktub – «мен жаздым», ictub – «жаз». Бұл мысалдан араб тілінде түбірдің құрамындағы дауыссыздардың аралығына дауыстылардың енуі және олардың өзгеруі аффикстердің қызметімен параллеленіп екенін көреміз.

Ішкі флексия неміс (Mutter – шеше, Mutter – шешелер), ағылшын (foot - аяқ, feet - аяктар), орыс (называть – наавать) тілдерінде де кездеседі. Мысалы, орыс тіліндегі убирасть – убрать

деген сөздерде видтік мағына, жекешелік мағына, етістік мағына бар. (Алайда аталған тілдерде түбір сөздерге аффикстер де жалғана береді. Дегенмен оларда ішкі флексия айырықша қызмет аткарады. Сондықтан да, бұл тілдер флексивті қатарына жатады).

3. Қосарлану тәсілі. Екі сөздің қосарлануы да грамматикалық мағынаны білдірудің тәсілі ретінде қызмет етеді. Қосарлану тәсілі түркі тілдерінде кен тараған және жиі колданылады. Мысалы: кора - кора, тау – тас т. б.

Қосарлану арқылы грамматикалық мағына туғызатын форма ретінде әсіресе қүштейтпелі шырай мағынасын беретін үстеме буын арқылы жасалған қып - қызыл, сап – сары деген сияқты қосарлануды айтуымыз керек. Бұлай қосарлану тек сын есімдерге тән және нағыз грамматикалық мағына беретін форма. Ол сын есімдерге қүштейту мағынасын жамайды (Ал жоғарыда қора - қора, тау – тас дегендерде лексикалық мағына бар. Оларда сөз тудыру қызметі басым болса, бұларда форма тудыру қызметі басым).

4. Көмекші сөздер тәсілі. Тілде негізгі атауыш сөздермен бірге көмекші сөздер де болатындығы белгілі. Атауыш сөздерде дербестік болса, көмекші сөздерде дербестік жок. Сондықтан да, олар аффикстерге ұқсас қызмет аткарады. Мысалы, университетке оку үшін келдім дегендегі көмекші сөз - үшін. Үшін көмекші сөз қандай қызмет аткарып тұр? «Оку үшін келдім» дегенді «ок+у+ға келдім», «окы+ға+лы келдім» деуге болады. Ендеше, «үшін» көмекші сөзи -ға (барыс септігі), -ғалы (кесемше жұрнағы) аффикстердің қызметін аткарып тұр. Бұдан шығатын қоратынды: көмекші сөздер де грамматикалық мағына туғызуудың бір тәсілі екен.

Көмекші сөздердің түрлөрі көп. Олардың білдіретін грамматикалық мағыналары да алуан тұрлі.

Көмекші сөздердің бірі - жалғаулықтар деп аталады. Олар сөйлем мүшелерін байланыстырады. Мысалы: оку мен тәрбие, тындаіық та кайтайык.

Көмекші сөздердің екінші түрі – септеуліктер (послелоги) деп аталады. Ол орыс тіліндегі предлогтарымен (в, к, на, над, за, после, перед, для т. б.) бірдей қызмет атқарып, сөйлем мүшелерінің арасындағы бағыныңқылық катынасты білдіреді. Мысалы: сабак+ка дейін, сабак+тан сон дегендердегі септеуліктер – дейін, сон. Бұлар өзінің алдында тұрған сөздердің белгілі бір септік жалғауларында тұруын керек етіп тұр. Сондыктan да, олар септеуліктер деп аталаңады.

Көмекші сөздердің үшінші түрі – демеуліктер (частицы): алыс па? сен фана, кешікті – ау, әнін ән - ак екен, айтыпты – мыс. Бұлар негізгі сөзге сұрау, шектеу, қүшету, құдіктену мағыналарын үстейді.

Көмекші сөздердің тағы бір түрі - көмекші етістіктер. Бұлар негізгі етістіктерге тіркесіп, алуан түрлі грамматикалық мағыналарды білдіреді. Мысалы: айт+а берді - істін созылынқылығын, айт+ып болды - істін аяқталғанын, айт+а бастады - істін басталуын, айт+а қойды - істін тездігін білдіреді.

Роман тілдері мен герман тілдерінде колданылатын артиклидер де көмекші сөздердің бірі (Бұлар славиян, түркі тілдерінде кездеспейді). Артиклидер белгілілік пен белгісіздті, род категориясын бір – бірінен ажырату үшін колданалады. Француз тілінде артиклидер жекеше мен көпшені де айыра алады. Мысалы: ағылшын тілінде the (зе) – белгілікті, a/an (ә, ән) – белгісіздікті білдіреді; the book – осы кітап, a book – кез – келген кітап. Фр. le journal – un journal (газет), le paysan – шаруа, les paysans – шаруалар (көптік катег.).

5. Сөздердің орын тәртібі - грамматикалық тәсілдердің бірі. Сөз түрлендіруші формалар жоқ немесе өте аз тілдерде сөздердің орын тәртібінің мәні айырықша. Мәселен, қытай тілі мен ағылшын тілінде сөздердің орын тәртібі грамматикалық тәсілдердің ішінде басты тәсілдердің бірі. Мысалы: the Father loves the son – әке сүйеді бала (әке бала + сын сүйеді). Мұндағы сөйлем мүшелерінің орнын ауыстырсақ, сөйлем мүлде басқаша мағынаға ие болады. Баяндауыштың алдында тұрса – бастауыш, баяндауыштан сон тұрса – толықтауыш деген сиякты. Міне, сөздердің орын тәртібі - грамматикалық мағына аткарады дегеніміз осы. Орыс тілінде де дәл сондай: Мать (бастауыш) любить (баяндауыш) dochь (толықтауыш).

Сөздердің орын тәртібі түркі тілдерінде кейде анықтауыш пен анықталғыш сөздің жігін ажыратуға көмектеседі. Мысалы: сағат қалта - сағат салатын қалта, ал қалта сағат - қалтаға салатын сағат. Бұдан арыға бармайды, барса (инверсия) тек стильдік қызмет аткарады. Мысалы: Тарт қолынды Ветнамнан (Шешенстаннан)! Мұндайда сөйлем мүшелерінің табигаты өзгермейді.

Француз тілінде септеу (склонение) жоқ. Сондыктан онда сөздердің орын тәртібі ен басты грамматикалық ретінде колданылады. Мысалы: Henri appelle Alfert – Анри шакырады Альберт/ті/. Болмаса керісінше.

6. Екпін тәсілі. Сөз екпіні тиянақсыз, жылжымалы болса, ол да грамматикалық тәсіл ретінде қызмет аткарады. Мысалы: мука – азап, мука – ун; замок - корған, замок - құлып. Екпін бір буыннан басқа буынга жылжыса, әр түрлі грамматикалық мағынаны (форманы) білдіреді. Мысалы: окна – женеше, ілік септік (им. пад), окна – көпше, атау тұлғада; руки, ноги – руки, ноги дегендер де сондай.

7. Интонация тәсілі. Екпін сөзге катысты болса, интонация - фразага, сөйлемге катысты болады. Интонациясына қарап, фраза

мен сөйлем сұрау мәнінде ме, жоқ, байымдау немесе көтерінкі (лепті) мәнінде ме? дегенді білуге болады. Мысалы: сынақты (зачет) тапсырдың фой (байымдау, тұжырымдау). Сынақты тапсырдың фой (сұрау)? Кейде сөз тіркесі мен сөйлем де интонация арқылы ажыратылады. Мысалы: Ол студент (сөз тіркесі), ол – студент (сөйлем).

Тілде «ой екпіні» (логикалық екпіні) деген болады. Сөйлемдегі қай сөзге ой екпіннің түсініне байланысты оның мән - мағынасы әр түрлі болуы мүмкін. Мысалы: - Сен кітапты әкелдің бе? Ой екпініне байланысты жауап та әр түрлі болады: 1) – Иә, мен (әкелген), 2) Кітапты (әкелдім). 3) Иә әкелдім (кітапты).

Сонымен, грамматикалық мағыналарды білдірудің тәсілдері алуан түрлі екен. Олар екі топқа бөлінеді: 1) синтетикалық тәсілдер (аффиксация, ішкі флексия, екпін, қосарлану), 2) аналитикалық тәсілдер (көмекші сөздер, сөздердің орын тәртібі, интонация). Синтетикалық тәсіл сөз ішінде болады, ал аналитикалық тәсіл сөздің сыртында болады.

Синтетикалық тәсілдер жиі колданылатын тілдер - синтетикалық тілдер, аналитикалық тәсілдер жиі колданылатын тілдер - аналитикалық тілдер деп аталынады.

Грамматикалық формалар мен мағыналар

Біз жоғарыда грамматикалық тәсілдер туралы сөз еттік. Енді грамматикалық формалар мен грамматикалық мағыналар туралы сөз етпекпіз. Бұл үшеуі бір-бірімен тығыз байланысты. Грамматикалық мағына белгілі бір грамматикалық формамен айтылады. Ал грамматикалық тәсіл грамматикалық мағынаны грамматикалық форма арқылы білдірудің жолы болып саналады.

Тілдегі грамматикалық мағыналар грамматикалық формалар арқылы беріледі. Мысалы, «бірінші жақ формасы», «нақ осы шак формасы», «шығыс септік формасы» дейміз. Олар жақтық, шактық, септік мағыналарын береді. Сөз қанашама формада колданылса да, ол әр басқа сөз емес, бір сөз ретінде ұғынылады. Мысалы: ағаш+тың, ағаш+қа, ағаш+ты, ағаш+та, ағаш+тан, ағаш+пен т.б. Бұл жерде алты форма, бір-ак сөз бар.

Сөз формалары деп- сөздің лексикалық мағынасына қосымша грамматикалық мағыналарды жамайтын формаларды ғана айтамыз. Бұл түргыдан жазу (писать), жазушы (писатель) дегендер бір сөздің формалары болып саналмайды, өйткені жазу – іс-әркетті көрсетсе, жазушы - жазуға бейім адамды көрсетеді. Ал жақсы – жақсырақ, келді- келеді-келсе десек, бұлар-грамматикалық формалар. Форма, әдетте, белгілі бір мағынаны білдіреді, мағынасыз форма жоқ. Ендеше, әр түрлі грамматикалық мағыналарды білдіретін сөз формаларын - грамматикалық формалар деп атайды. Мысалы: ек, егініз, ексін, егейік- бұлар бір сөздің әр түрлі грамматикалық формалары. Ал ек, егінше, егіс - бұлар ек деген түбірден жасалған әр басқа сөздер. Өйткені соңғылар әр басқа лексикалық мағыналарды білдіріп тұр.

Формалардың ішінде біреуі негізгі, ал қалғандары туынды формалар болады. Мысалы, атау септік-негізгі форма, қалған септіктер- туынды формалар. Туынды формалар негізгі формалардан жасалады. Екінші жақ бүйрек рай формасы (жаз)-негізгі форма, ал ашық рай (жазда), шартты рай (жазса), қалау рай (жаз+ғы+м келеді) – туынды формалар.

Сөз формаларын екі түрі бар: 1) синтетикалық формалар, 2) аналитикалық формалар.

1) Сөздің синтетикалық формалары. Сөздің синтетикалық формаларын аффиксация арқылы және ішкі флексия (дыбыстарын

алмасуы) арқылы жасалады. Мысалы, стол-столы, ағыл. table(үстел)- tables (үстелдер). Бұл сөздердің көпше формалары аффикстері арқылы жасалып тұр. Аффиксация тәсілінің префиксация, инфексация, суффиксация деген түрлері бар. Бұлар сөздің қай жерінен қосылатындығымен ерекшеленеді.

Қазак тілінде сөздің формалардың жасайтын- жалғаулар (көптік, тәуелдік, септік, жіктік). Олардың кейбіреулері сөз тудыруши қызмет атқарады. Мысалы: тебеген, босқа, жүресінен, егет.

Сөздің синтетикалық формалары ішкі флексия арқылы да жасалады. Мысалы: ағыл. man (ер, еркек) – men (ерлер, еркектер), нем. Gast (конак) – Gaste (конақта). Сонында сөз өрі ішкі флексия, өрі аффиксация арқылы жасалған.

2) Сөздің аналитикалық формалары. Сөздердің аналитикалық формасы дербес (атауыш) сөз бен көмекші сөздің тіркесінен жасалады. Мысалы: келе жатыр. Бұл – екі сөздің тімен емес, екі форма емес, бір сөздің құрделі (аналитикалық) формасы; бір тұтас грамматикалық бірлік. Кел дегендес лексикалық мағына бар, ал жатыр дегенде бұл жерде дербес лексикалық мағына жок. Ол алдыңғы толық мағыналы дербес сөзге тіркесіп оған осы шақтық мағына үстеп тұр. Бұл жағынан жатыр көмекші стістігінің қызметі, келеді, келмек, келіпті, келген дегендердегі – еді,- мек, -i,- мек, -іпті, -ген аффикстердің қызметтерімен бірдей. Бұл аффикстердің қызметтері де -шақтық мағына туғызу. Орыс тіліндегі будет работать (келер шақ) деген де аналитикалық форма. Оны работать - работаявияябткен шақ)- работает (осы шақ) дегендермен салыстырсақ, бұл айтқанымыз дәлелдене түседі. Көмекші сөз өзінің грамматикалық табигаты мен қызметі жағынан сөз түрлендіруші (форма тудыруши) морфема барабар қызмет атқарады.

Грамматикалық категориилар

Грамматикалық категория грамматикалық мағына мен грамматикалық формамен тығыз байланысты. Өйткені біріншіден, грамматикалық мағына грамматикалық категорияның элементі ретінде өмір сүреді, сонына кіреді. Екіншіден, қандай бір грамматикалық категория болсын, ол кейінде екі түрлі формада көрінүй мүмкін. Мысалы, бір ғана септіктің формасы өздігінен септік категориясын құрай алмайды. Септік категориясы болу үшін, тілде атап септіктен басқа ілік, барыс, жатыс, табыс ... т.б. септіктердің болуы шарт. Сонда ғана септік категориясы грамматикалық категория ретінде қанша алады. Жақ (1-жак, 2-жак,, 3-жақ) категориясы, шырай (жай, салыстырмалы, қүшетпелі шырай) категориясы туралы да осының айтуда көрек.

Сейтіп, грамматикалық категория біртекtes грамматикалық мағыналарды білдіретін грамматикалық формалардың жиынтығынан құралады. Мұндағы "біртекtes грамматикалық мағыналар" дегеніміз не? Ол - бір грамматикалық категорияның жалпы мағынасы (ер басқа емес) біреу ғана, - деген сөз. Мысалы, шақ категориясы осы шақ, еткен шақ, келер шақ формаларында көрінгенімен, олардың мағыналары біреу ғана, яғни шақтық (мезгілдік, уақыттық) мағына. Біртекtes шақтық мағыналар әр түрлі грамматикалық формалармен беріліп, жалпы грамматикалық шақ категориясын құрап тұр. Ендеше, "осы шақ категориясы", "әткен шақ категориясы", "келер шақ категориясы" деп атап көте. Ондай категориялар жок, бір ғана "шақ категориясы" деген бар. "Әткен шақ", "осы шақ" дегендегер - грамматикалық мағыналар. Олардың әрқайсысына тән өзіндік формалары болады. Шақ категориясы бір шактан емес, күллі шактардың мағыналары мен формалардың жиынтығынан құралады.

Бұған қарап, белгілі бір грамматикалық категорияға кіретін грамматикалық мағыналардың бір-бірінен айырмашылықтары жок еken деп айтуга болмайды. Олардың айырмашылықтары да, ұқсас (ортак) жактары да бар. Мысалы, жақ категориясына енетін I жақ, II жақ, III жақ дегендердің ұқсас жағы - жақтық мағынасы. Ал айырмашылықтары - I жактың - мен, II жактың - сен, III-жактың - ол дегендегердің білдіретіндіктері.

Сөздің бір формасы бірден бірнеше грамматикалық категорияны білдіруі мүмкін. Мысалы: жазғыз деген сөздің формасында 3 түрлі грамматикалық категорияның элементтері бар. Олар: бұйрық рай, екінші жак, өзгелік етіс. Бұған керісінше бір грамматикалық категория әр түрлі формамен берілуі мүмкін. Мысалы: студент+ке, студентк+е, студенті+не дегендегі бір ғана барыс септігі әр түрлі формалармен (-ке, -е, -не) берілген. Бірақ бұлар әр басқа категориялар емес, бір ғана септік категориясы. Күшетпелі шырай да бірде синтетикалық тәсіл арқылы (кып-қызыл), бірде формасына қарап, оларды әр түрлі категория екен деп қалмау керек.

Белгілі бір грамматикалық категорияның дүние жүзіндегі барлық тілде болуы шарт емес. Ол грамматикалық категория бір тілде болғанымен екінші тілде болмауы мүмкін. Мысалы, орыс тілінде бар вид (совершенный вид, несовершенный вид) категориясы француз, неміс тілдерінде кездеспейді. Немесе қазақ тіліндегі тәуелдік категориясы орыс тілінде (славян тілдерінде) жок. Грамматикалық род категорияны орыс, неміс, француз тілдерінде бар, бірақ ол ағылшын тілі мен түркі тілдерінде ұшыраспайды.

Белгілі бір грамматикалық категория әр тілде әр түрлі дәрежеде көрінуі мүмкін. Мысалы, араб тілінде 3 септік болса, орыс тілінде - 6, қазақ тілінде - 7, эстон тілінде - 15 септік бар. Грамматикалық етіс категориясы көптеген тілдерде бар. Бірақ оның өзгелік етіс (каузатив) түрі түркі тілдері мен француз тіліне ғана тән. Ол славян тілдерінде кездеспейді. Орыс тілінде род категорияның я түрі болса, француз тілінде оның екі-ак түрі бар (онда средний род жок).

Бұдан шығатын қорытынды: әр тілдің өзіне тән грамматикалық ерекшеліктері болады екен. Солай дей тұрсақ та, көптік, септік, жак, шак, рай, етіс категорияларының, көптеген тілдерге тән екендігін айтуымыз керек.

Грамматикалық категорияның көшшілігі белгілі бір сөз таптарына телулі болады. Мысалы, род, септік, көптік категориялары есімдерге тән болса, жак, шак, рай, етіс категориялары етістіктерге қатысты.

Сонымен, грамматикалық категория деп – біртекtes грамматикалық мағыналарды білдіретін грамматикалық формалардың жиынтығын айтады. Грамматикалық категориялар – көптік, септік, жак, шак, рай, етіс, т.б. категориялар.

СӨЗ ТІРКЕСІ МЕН СӨЙЛЕМНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Синтаксистің негізгі қарастыратын мәселелері: сөз тіркесі мен сөйлем, олардың құрылымы мен түрлері, сөз тіркесі мен сөйлемдегі сөздердің байланысу тәсілдері мен формалары.

Сөз тіркесінің құрылымы

Сөз тіркесі сөздердің бір-бірімен тіркесіп қолдануынан жасалады. Сөз тіркесі жасалу үшін, оның құрамындағы сөздер мағыналық және грамматикалық жағынан байланысты айтылуы шарт. Мағыналық жағынан байланыс деп – сөздердің сөз табы ретіндегі жалпы категориялдық мағынасын, ал грамматикалық жағынан байланыс деп – бір сөздің басқа бір сөзге грамматикалық жағынан бағыныштылығын айтамыз. Яғни сөз тіркесіндегі сөздер белгілі бір грамматикалық формада тұрып, олардың бірі-басындық (ұйтқы) жағдайда байланысады.

Сөз тіркесіндегі басты рольді оның басындық сынары атқарады. Басындық сөздің қай сөз табынан болуының үлкен мәні бар. Әйткені сөз тіркесінің құрылымы оның құрамындағы ұйтқы сөздің қай сөз табына қатысты болуына қарай айқындалады. Мәселен басындық сөз зат есім болса, ол өзінін алдында тұрган анықтауыш сөздермен, яғни сын есім, сан есім, есімдік, есімшелермен тіркеседі. Мысалы: Ақылды адам, бес кітап, бұл бала, баар жол т.б. Бұл сын есімдер басындық сынар бола алмайды деген сөз емес. Сын есімдер де басындық сынар бола алады. Бірақ сын есімдер басындық сынар болғанда өзінің алдындағы есімдердің атау мен іліктен басқа септіктердің бірінде тұруын керек етеді. Мысалы: ақылға бай, тастан катты, кулықты көргіш.

Етістіктер үйтқы (басынқы) сөздер ретінде өзіне бағынышты зат есімдермен де, үстеулермен де, көсемшелермен де, еліктеу сөздермен де тіркесе береді. Мысалы: **тауга шығу, ерте тұру, қадала карау, бұрқ-бұрқ қайнау.**

Сонымен, сөз тіркесін құрастыруышы сөздер бір-бірімен синтаксистік байланысқа түседі еken. Ол синтаксистік байланыстың тіл-тілде бірнеше түрі бар. Олар: қысу, матасу, менгеру, қабысу, жанасу.

Қысу деп – басынқы сөз бен бағыныңқы сөздің бір-бірімен жекелік-көптік жағынан, септік жағынан, род жағынан байланысуын айтамыз. Мысалы: орыс тілінде высокая гора – высокие горы, высокой горы – высоких гор. Немесе: он играл – она играла.

Қысу орыс тілінде сөз тіркесіне де, сейлемге де қатысты болса, казак тілінде ол тек сейлемге қатысты. Мысалы: Мен келдім, сен келдің. Қазақ тілінде қысу – сөз тіркесінің байланысы емес, сөйлем мүшелерінің байланысы. Ендеше оны предикативтік байланыс деп атап керек.

Қазақ тілінің екінші ерекшелігі – септік жалғаулары арқылы байланысды қысу демейді, оны матасу, менгеру деп екі түрге беліп карастырады. Мысалы: Менің кітабым (матасу), кітаптан оқыдым (менгеру).

Матасу – ілік жалғаулы сөз бен тәслік жалғаулы сөздің байланысы. Мысалы: Менің кітабым, сіздің кітабының. Мұнда басынқы сөз тәуелдік жалғауында тұрады да, бағыныңқы сөз ілік септік жалғауында тұрың, анықтауыш қызметін аткарады.

Менгеру деп – сөз тіркесі құрамындағы басынқы сөз (етістік) бағыныңқы сөздің атап мен іліктен басқа септіктердің бірінде тұруын керек ететін байланысты айтамыз. Мысалы: Киім+ді тазалау, ауыл+ға бару, үй+ден шығу, жолдасы+мен кездесу.

Қысу деп – сөз тіркесі құрамындағы бағыныңқы сөз басынқы сөзбен жалғаусыз, катар тұру арқылы байланысуын айтамыз. Мысалы: Ағаш үй, ак орамал, он дәптер, білген кісі, барлық адам.

Сөз тіркестерінің жалғаусыз байланысуының тағы бір түрі бар. Оны жанасу деп атайды. Егер қабыса байланысқан сөз тіркесінің басынқы

сынары зат есім болса (мысалы: үй, орамал, дәптер, кісі, адам), жанаса байланысқан сөз тіркесінің басынқы сынары – етістік болады. Мысалы: кеше келу, жапалақтап жауу, катты сүйсіну, екі жеу, сылқ-сылқ күлу.

Жанасудың қабысудан тағы бір ерекшелігі - қабысу тек катар тұру арқылы байланысса, жанасу катар тұрып та алшак тұрып та байланыса береді. Мәселен малышылар жайлаудан **кеше келді** дегенді малышылар кеше жайлаудан келді, кеше малышылар жайлаудан келді деп «**кеше**» сезінің сейлемдегі орнын ортасына, басына, аяғына ауыстырсак, **кеше келу** деген сөз тіркесінің байланысы бұзылмайды.

Сонымен, сөз тіркесі дегеніміз не?

Сөз тіркесі дегеніміз - магыналық жақтан да, грамматикалық жақтан да өзара байланыста, бірлікте болатын, толық магыналы көмінде екі сөздің синтаксистік тіркесі. Синтаксистік сөз тіркесі немесе еркін сөз тіркесі сөйлеу кезінде жасалады. Ал синтаксистік сөз тіркесіне ұксас күрделі сөздер, басқа тіркестер, мәселен, атауыш сөз бен көмекші сөздің тіркесі және фразеологиялық тіркестер бұрыннан жасалған, даяр тұрған лексикалық единицалар ретінде карастырылады да, олар сөз тіркесінің құрамына емін-еркін ене алады. Өйткені толық магыналы сөз бен көмекші сөздің тіркестері, күрделі сөздер мен фразеологиялық бірлікте бір нәрсенің тұракты атаулары. Олар номинативті қызмет аткарады. Мысалға **кәрі жілік, Жогары Кеңес, Қазақстан Республикасы** дегендерді алалық. Бұлар - күрделі сөздер. Олардың алдынғы сынарлары (кәрі, жогарғы, казак) соңғы сынарларының сапасын да, касиетін де білдірмейді. Бұл сөздер өздерінің магыналық дербестігінен айырылып, кейінгі сынарларымен бірге, бір бүтін сөз ретінде үгынылады. Ал синтаксистік сөз тіркесінің құрамындағы бағыныңқы сынарлар өздерінің магыналық дербестігін сактап, өзінен кейінгі сөздерді (басынқы сынарларды) анықтайды, толықтайды немесе пысықтайды.

Дәл осы сиякты, еркін сөз тіркесінің толық магыналы сөз бен көмекші сөздің тіркесінен де, фразеологиялық бірлікten де айырмашлығы бар. Айтальық, келге дейін (бару), тауга карай (журу) дегендерді алсак, бұлар

толық мағыналы сөз бер көмекші сөздің тіркесінен жасалып тұр. Оларда басқа бір сөздің жетпей түрғандығы, мағыналық жактан аяқталмағандығы, тыянақты емес екендігі аңғарылады. Егер оларға бару, журу деген толық мағыналы сөздерді коссак, сонда гана олардан семантикалық тыянақтылығы бар сөз тіркестері жасалынады. Ал бұл сияқты тыянақтылық синтаксистік сөз тіркестерінің өз табигатында бар.

Фразеологиялық сөз тіркестері де дәл осындағы. Олар да бұрыннан жасалып қойған, даяр түрған бірліктер ретінде еркін сөз тіркесінің немесе сейлемнің құрамына ене алады. Өйткені фразеологиялық бірліктердің құрамындағы сынарлардың әрқайсысы әр басқа мағынаны емес, барлығы жиналып келіп, бір бүтін мағынаны білдіреді. Осыған орай белгілі бір фразеологиялық бірлік сейлемде бір гана мүше ретінде қызмет атқарады. Ал синтаксистік сөз тіркесінің құрамындағы сынарлардың әрқайсысы сейлемнің әр басқа мүшесі болады.

Сөйтіп, сөз тіркесі - кемінде екі дербес сөздің бағынынды-басындың байланыстын негізінде жасалған синтаксистік бірлік екен. Синтаксистік сөз тіркесінің курделі сөз бер де, фразеологиялық сөз тіркестерімен де, толық мағыналы сөз бер көмекші сөздің тіркесімен де сырттай ұксас болғанымен, олардан түбірлі айырмашылықтары болады.

Енді синтаксистік сөз тіркестерінің түрлеріне келелік. Құрамына карай сөз тіркестері:

I) жалаң сөз тіркесі, II) курделі сөз тіркес және III) аралас сөз тіркес, - болып үшке бөлінеді. Бұлай болуде сөз тіркесінің құрамындағы сөздердің саны емес, оның кандай байланыстардың (айталық қабысу, матасу т.б.) негізінде жасалғандығы ескеріледі.

Жалаң сөз тіркесі деп – сейлемдегі сөздердің саны канша екендігіне карамастан олардың бәрі сөз тіркесінің бір-ак түрімен (айталық менгеру немесе қабысу) байланысуын айтамыз. Мысалы: сөзді тыңдау - екі мүшелі, шепті қорага тасу - үш мүшелі, шығарманы орысшадан казакшага аудару -

төрт мүшелі тіркес. Бұлардың құрамындағы сөздердің бәріде менгеру арқылы байланысқан.

Курделі сөз тіркесі деп - бір гана үйткы (басынды) сөзге келтірелетін әр басқа байланыс түрлерінің (мәселен менгеру мен жанасудың) жиынтығын айтамыз. Мысалы: Шығарманы қызығып оқу. Бұл- курделі сөз тіркесі. Ол шығарманы оқу, қызығып оқу деген екі жалан сөз тіркесіне құралған. Бірінші - менгеру, екінші - жанасу. Бірақ екеуі де бір гана оқу деген үйткы сөзге келіп байланысқан.

Ал аралас сөз тіркесі деп - әр басқа үйткы сөзге тірелетін әр түрлі байланыстардың жиынтығын айтамыз. Мысалы: Мазмұнды шығарманы қызығып оқу. Мұнда үш түрлі сөз тіркесі бар. Олар: 1) мазмұнды шығарма – қабысу; үйткы сөзі - "шығарма", 2) шығарманы оқу – менгеру; үйткы сөзі - "оқу". Бұл үш түрлі байланыс екі үйткы сөзге тіреліп, бір курделі тіркестің құрамында түйісіп тұр. Мұны аралас сөз тіркестері дейміз.

Сейлемнің құрылымы

Сейлем - ең басты тілдік бірліктердің бірі. Ол – коммуникативтік қызметі бар синтаксистік бірлік. Мұндағы "коммуникативтік" деген сөз – «бір нәрсе жайында хабар беру» дегенді білдіреді.

Сейлем мен сөз тіркесінің айырмашылығы бар. Мысалы, жер жыртылды деген мен жер жырту дегенді салыстырып көрелік. Мұның бірінші - сейлем, екінші - сөз тіркесі. Сейлем – бірдеме жайында хабар береді. Ал сөз тіркесі – бір нәрсені атайды. Бұл сейлем – коммуникативтік қызмет, ал сөз тіркесі – номинативті қызмет атқарады деген сөз.

Демек, сейлемнің өзіне тән құрылымдық үлгісі болады екен. Ол үлгі – бастауыш-баяндаушытық құрылым, яғни предикативтілік қатынас.

Сөйтіп, сейлем дегеніміз – құрылымдық үлгісі бар синтаксистік бірлік. Ол бірдеме жайында хабарлайды, яғни ол коммуникативтік қызмет атқарады. Осы тұрғыдан караганда тілімізде кездесетін Қап! Бәрекелді! Жақсы. Алло! Немене? Кеш жарық! Рахмет! Жок. Бар. Иә. Ей, жігіттер!

– деген сияқты

аитылыстар (высказывание) сөйлем бола алмайды. Өйткені бұларда бастауыш-баяндауыштық құрылым жок және олар бір нәрсе жайында хабар бермейді.

Сейлемге тән белгілердің бірі – интонация. Өйткені кез келген сөйлем белгілі бір интонациямен айтылады. Сондыктан да, сөйлем жеке сез бен сез тіркесінен құрылымдық үлгісі жағынан ғана емес, интонациясы жағынан да ажыратылады.

Беретін хабарының мақсатына қарай сейлемдер екі топка бөлінеді. Оның бірі – хабарлы сейлемдер, екіншісі – сұраулы сейлемдер.

Хабарлы сейлем бір нәрсені хабарлау үшін жұмсалып, хабарлау интонациясымен айтылады. Мысалы: Жолаушылар Ақшоқыдан шыкты. Ал сұраулы сейлем бірдеме жайында хабар алу үшін жұмсалып, сұрау интонациясымен айтылады немесе сұрау есімдіктері (кім? не?) мен сұраулық демеуліктердің (ма/ме) бірі енгізу арқылы жасалынады. Мысалы: Кімдер Ақшоқыдан шыкты? Немесе: Жолаушылар Ақшоқыдан шыкты ма?

Хабарлы сейлем де, сұраулы сейлем де интонациялық тәсілдер арқылы лепті сейлемге айналуы мүмкін.

Мұндайда лепті сейлем эмоциональды-экспрессивті касиетке ие болады да, адамның көніл қүйіне байланысты жайларды, мысалы, қуану, шаттану, шошу, құдікtenу, еркелету т.б. білдіреді. Бұларды білдіру үшін сейлемде арнаулы модаль сездер мен одагай сездер де қолданылады. Мысалы: Бәрекелді (айналдарайын-ай), жолаушылар Ақшоқыдан шығылты ғой (шыкты дей ме?).

Сейлемдер өзін құрастыруыш компоненттерінің арасындағы байланыс салалас байланыс және құрмалас сөйлем болып екі топка бөлінеді. Жай сейлем сез тіркестерінен жасалса, құрмалас сөйлем екі не үш жай сейлемнен жасалады.

Құрмалас сөйлем компоненттерінің арасындағы байланыс салалас байланыс түрінде болуы мүмкін. Осыған орай құрмалас сейлемдер 1) салалас

құрмалас сөйлем, 2) сабактас (бағыныңқылы) құрмалас сейлем және 3) аралас құрмалас сөйлем болып, үш топқа жіктеледі.

Салалас құрмалас сөйлем деп – құрастыруыш компоненттері салаласа байланысқан сейлемді айтамыз. Сабактас құрмалас сейлем деп – құрамындағы компоненттерінің бірі екіншісіне бағына байланысқан сейлемді айтамыз. Ал аралас құрмалас сөйлем деп – құрмаластың үш не төрт сейлемнің бірі екіншісімен салаласа, ал екіншісі үшіншісімен сабактаса байланысқан құрмалас сейлемді атаймыз.

СӨЗ ТАПТАРЫНЫҢ ШЫГУЫ МЕН ДАМУЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТОПТАСТЫРЫЛУЫ

Бұған дейін біз жалпы тіл білімінің мәселелерін сез еттік. Дәл осы сияқты жалпы тілдерге ортақ сез таптары туралы да сез етуге болады. Біз ендігі жерде жалпы тілдерге ортақ сез таптары туралы сез етпекшіміз. Оны сез таптарының жалпы теориясы (общая теория частей речи) деп атауға болады.

Сөз таптарының теориясы не үшін керек?

Сөз таптарының жалпы теориясы таза практикалық міндеттерді шешу үшін, яғни тілдердің ғылыми грамматикаларын жасау үшін, көптеген тілдерге тән, жалпылама ортақ жайларды айқындау үшін қажет.

Сөз таптарының шығуы мен дамуы

Бірсыныра зерттеушілер сез таптарының шығуын сөйлем мүшелерімен байланыстырады. Мысалы, акад. И.И.Мещанинов өзінің «Сөйлем мүшелері мен сез таптары» (М.,1945) деген кітабында билай деп жазды: «Сөйлемде зат есім – бастауыш немесе толықтауыш, сын есім – анықтауыш, үстеулер – пысықтауыш, етістіктер – баяндауыш ретінде жұмсалады. Олай болса, сез таптары сөйлем мүшелері болу арқылы бөлініп шыкты, жасалынды», - дейді (203-б).

Сөз таптарының сөйлем мүшелері кызметінде жұмсалу барысында жасалғандығы рас. Бірақ ол бірден бола салған жок. Тарихи даму барысында

біртіндеп жасалып калыптасты. Бұл ойды тіл білімінің белгілері А.А.Потебня мен В.М. Жирмунскийлер де жақтайды.

Мәселен А.А.Потебня: «Сын есімдер зат есімдерден бөлініп шыкты. Зат есімнен сын есімнің бөлініп шығуы дегеніміз – зат есімнің атрибутивті мүшес (анықтауыш) ретінде колданылуы» - деп жазды өзінің 1899 жылы шықкан «Из записок по русской грамматике» деген еңбегінде (3-бөлім, 77,866).

Көне дәүірде зат есімдер мен сын есімдердің жігі ажырамаған. Мысалы, жас, көк сөздерінің әрі зат есім, әрі сын есім болуы сол көне құбыльстың ізі екендігін көрсетеді. Тілімізде әрі зат есім, әрі сын есім болатын сөздер ғана емес, әрі зат есім, әрі етістік болатын сөздер де бар. Мысалы: кеш, той, ой, ық, ыстық, жарық, салқын, сұық. Кейде тіпті бір сөздің өзі үш түрлі сөз табына жатуы мүмкін. Мысалы: ауру – зат есім (ескі ауру), ауру – сын есім (ауру жүрек), ауыру – етістік (ауырып калды). Бұлар – лексика-грамматикалық омонимдер. Бұлардын зат есім сынары – зат есімдерше, сын есім сынары – сын есімдерше, етістік сынары – етістіктерше түрленеді, солардың әрқайсынына тән категориялармен сиптатталады.

Бұл нені көрсетеді?

Бұл – зат есімдер мен сын есімдердің, етістіктердің, үстеулердің тілдін даму барысында біртіндеп жігі ажырап, дербес лексика-грамматикалық категориялар ретінде калыптасқандығын көрсетеді. Яғни сөздер колданылу ынғайына, атқаратын қызметіне карай сараланады, топтасады. Осылайша дамудың барысында сөз таптары жасалады.

Сөз таптарының бірден пайда болмай, тілдің тарихи даму барысында біртіндеп жасалатындығын үстеулердің сөз табы ретінде калыптасуынан да көрінеді. Мысалы: казак тілінде боска, зорга, бірге (барыс); кейде, қапыда, бірде (жатыс); жүрісінен, кенеттен, бірден (шығыс); жайымен, ретімен (көмектес); орыс тілінде: вечером, порой, издавна, вплотную т.б. Бұлар үстеулер. Олардың түбірлері – зат есімдер (қапы, жайы, реті), сын есімдер (бос, зор), сан есімдер (бір), есімдіктер (кей). Бұл есім сөздерге септік жалғаулары жалғанып, пысықтауыш қызметінде жұмсалу барысында олар

үстеулерге айналған. Көрсетілген үстеулердің құрамындағы септік жалғаулары сол сөздердің айрылмайтын бөлшегіне айналып, әбден көнеліп кеткен. Оларды сөздердің түбірінен бөліп алғы қарастыруға болмайды. Олар түбірге сіңісіп кеткен. Сейтіп, сөз тұтастай лексикаланып, пысықтауыштық қызмет аткарып, басқа сөз табына айналған.

Яғни есімдіктерден үстеу сөздер жасалыну үшін үш түрлі шарт керек екен. Олар: 1) есім сөздерге септік жалғауларының біреуі жалғанып, оның әбден орнығып калыптасуы және көнеленуі; 2) олардың мағына жағынан әуелгі төркіндерінен алшактауы; және 3) пысықтауыш қызметінде жұмсалынуы.

Қазақ тіліндегі көсемше формалы етістіктердің пысықтауыш қызметінде үнемі жұмсала келіп, әбден қалыптасуынан және ондай формалардың көнелуінен жасалған үстеулер де бар. Мысалы: аздап, аз-аздап, қайра, жагалай, таласа-тармаса т.б. Бұлардың көсемшелерге тек форма жағынан ғана үқсастығы бар. Әйтпесе олар –үстеулер.

Олардың үстеу екендіктерін мыналардан көруге болады : 1) бұларға тікелей жіктік жалғаулар жалғанбайды; 2) олар сөйлемде баяндуыш болып қызмет аткармайды; 3) бұл сөздерде етістіктерге тән шактық, жактық т.б. касиеттері жоқ; 4) бұлар сөйлемде тек пысықтауыш болып қызмет аткарады; 5) бұларға етістіктерге жалғанатын болымсыздық жүрнағы (ма/ме) косылмайды.

Қазақ тіліндегі сүзеген, тебеген, қабаған, жатаган тәрізді сөздер формасы жағынан – есімшелер. Бірақ бұлар тілдік табигаты жағынан – сын есімдер. Өйткені олар ұдайы анықтауыш қызметінде жұмсала келіп, өздерінің есімшелік мағыналарынан айырылып қалған да, сын есімдерге айналып кеткен.

Сөз таптарының бір-біріне ауысу сөзін лексикалық мағынасының өзгеруі мен тағыз байланысты. Лексикалық-мағынада өзгеріс болмай тұрып, бір сөз табының басқа бір сөз табына алмасуы мүмкін емес. Мәселен, жогарыда айтылғандай, ауыру деген түйік етістік семантикалық жактан дами келіп,

Бұл күрделі сын есім мағынасында да (ауру адам), зат есім мағынасында да (ауруды емдеу) қолданыла береді. Казір зат есім болып қалыптасып кеткен егей, кесеу, бояу, жабу деген сөздерде түйік етістіктердің субстантивтенін жасалғандар. Бұл сөздер, сонымен бірге етістік қалпында сакталған. Сондай-ақ, батыр, ер, карт деген сын есімдер субстантивтеніп, зат есім түрінде де қолданылады.

Сөйтіп, сөз таптары бір-біріне ауысып жатады. Ол ауысу сөздердің лексикалық мағыналары мен грамматикалық мағыналарының өзгеруі нәтижесінде іске асады. Қай сөз табының кай сөз табына ауысуына қарай ғылымда олардың атаулары әр түрлі болады. Мысалы, басқа сөз табы зат есімге ауысса, оны субстантивтену (ор. больной, ученый, троє), сын есімге ауысса – адъективтену (қашаған, сүзеген), есімдікке ауысса-прониминалдану (біреу келіп кетті), үстеуге ауысса – адвербиалдану (күнде, кешке, босқа, лажсыздан, қайта, жата-жастана), етістікке ауысса – вербалдану деп атайды.

Шылаулар да бір кездері жеке-дара қолданылатын дербес мағыналы атауыш сөздердің кейбіреулерінің мағыналары солғындал, дербестігінен айырылып, көмекші сөздерге айналуы нәтижесінде бірте-бірте қалыптасты, сөйтіп, жеке категория болды. Мысалы: шейін (шей+ін), сиякты (сияк+ты), бойы (бой+ы), жөнінде (жөн+ін+де), шамалы (шама+лы) деген септеулік шылаулар есімдермен текстес, ал дейін (де+й+ін), қарай (қара+й) тәрізлі септеуліктер шылаулар етістіктермен текстес.

Корыта келгенде, сөз таптары бірден емес, тілдің тарихи даму барысында біртіндеп сараланды, дамыды. Олардың әрқайсысы өзіндік жалпы категориялық мағынаға ие болады. Морфологиялық жағынан тұлғаланады. Сөз тудырушы және сөз турлендіруші арнайы формаларға ие болып, сейлемде белгілі бір синтаксистік кызмет атқаруға икемделеді.

Сөз таптарының топтастырылуы

Тіл білімінде сөз таптарының табигаты жайында әр түрлі көзкарастар бар. Мәселен, А.А.Потебня, А.А.Шахматов, И.И.Мещанинов.

В.В.Виноградов сиякты ғалымдар сөз таптарын лексика- грамматикалық категория деп қарайды. Бұлардың пікірінше, әрбір сөз тобының мағынасы сөздің лексикалық мағынасы мен грамматикалық мағынасының жиынтығынан құралады.

Ф.Ф. Фортунатов болса сөз таптарын морфологиялық- грамматикалық (формальды-грамматикалық) категория деп қарайды. Ол сөздерді алдымен "түрленетін" және "түрленбейтін" (үстей) сөздер деп топтастырады да, түрленетін сөздерді "септелеңтін" (зат есімдер), "жіктелеңтін" (етістіктер) сөздер деп іштей тағы да жіктейді.

О.П.Суник пен А. А.Реформатскийлер сөз таптарын таза грамматикалық категория ретінде қарастырады. Мәселен, О.П.Суниктің пікірінше, тіл білімінде сөз таптарын топтастыруды негізге алынып жүрген заттылық (зат есімдерге тән), анықтаушық немесе атрибутивтік (сын есімдерге тән), іс-әрекеттік немесе процессуальдық (етістіктерге тән) мағыналарды жалпы грамматикалық мағыналар деп қарап, бұларды басқа сөз таптарынан ажырататын белгілер деп есептейді.

Біздің оймызыша, сөз таптарын лексика-грамматикалық категория деп қарайтын ғалымдардың пікірлері дұрыс. Өйткені сөз таптары, шындығында да, бір-бірінен тек грамматикалық жағынан ғана емес, сонымен бірге олар лексикалық мағынасы жағынан да ажыратылады. Мәселен, зат есімдерге тән мағына - заттылық мағына, сын есімдерге тән мағына - атрибутивтік мағына, етістіктерге тән мағына - процессуальдық мағына. Бұлар -олардың сөз табы ретіндегі мағыналары. Бұл мағыналар әр сөз табына енетін күллі сөздердің бәріне ортак. Сөз таптарына тән категорияларды (жалпылама ортак) мағынаны сөздің лексикалық мағынасымен де, оның грамматикалық мағынасымен де шатастыруға болмайды. Сондықтан да, бұл мағына, яғни сөз таптарына тән жалпылама ортак мағына тіл білімінде - жалпы категорияларды мағына деп аталаңады (Ол сөздің лексикалық мағынасы мен грамматикалық мағынасының жалпылану арқылы бірігуінен жасалады).

Сонымен, сөз таптараты бір-бірінен, біріншіден, жалпы категорияларды мағыналары жағынан ажыратылады, екіншіден, олар өздеріне тән грамматикалық белгілері арқылы (көптелу, жіктелу деген сиякты) ажыратылады. Грамматикалық белгілердің өзі екі түрлі. Оның бірі морфологиялық белгі, екіншісі - синтаксистік белгі.

Морфологиялық белгінің катарына сөз тудыру формалары (жұрнактар) мен сөз түрлендіру формалары (жалғаулар) енеді. Мысалы: етікші, өнім - зат есімдер; денелі, тұзды, айтқыш, тапқыш - сын есімдер; тағала, шегеле, кана, өрте - етістіктер. Бұлар - сөз тудыруши аффикстер арқылы жасалған сөздер. Ол аффикстер әр сөз табына телініп, олардың грамматикалық белгісі ретінде қызмет атқарып түр. Ал үйлер, қадаға, кішірек, келдік, барса деген сөздер сөз түрлендіруші формалар арқылы жасалғандар. Бұл сөздердегі жалғаулар да жоғарыдағы жұрнактар сиякты бір сөз табын екінші сөз табынан ажыратуға себепші болып тұр. Мысалы, осы сөздердегі -лар, -ға жалғаулары зат есімдерге тән болса, -рек сын есімге тән. Ал -ді+к пен -са жалғаулары етістіктерге тән. Бұлар - тиісті сөз таптарын сипаттайтын морфологиялық белгілер.

Сөйтіп морфологиялық белгі дегеніміз - бір сөз табындағы сөзді басқа сөз табындағы сөзлен ажырататын грамматикалық формалардың білгілі бір жүйесі. Ал синтаксистік белгі дегеніміз - белгілі бір сөз табына катысты сөздердің сейлемдегі қызметі яғни сойлем мүшесі болу қызметі мен олардың басқа сөздермен тіркесу кабілеті. Айталық, зат есімдер сейлемде етістіктермен тіркеседі де, бастауыш қызметін атқарады. Бұл оның жалпы категориялы мағынасы - заттылық мағына екендігінен байланысты.

Сын есімдер зат есімдермен емін-еркін тіркесе алады. Бұлай болуы занды да. Өйткені сала әрқашан затқа телулі болады. Осыған орай сын есімдер анықтауыш қызметінде, ал зат есімдер бастауыш немесе толықтауыш қызметінде жұмсалады. Бұл жердегі бағынышты мүше - сын есімдер.

Үстеулердің сейлемдегі негізгі қызметі - пысықтауыш болу. Олар етістіктермен тіркесіп (олардың алдында тұрып), іс-әрекеттің сынын,

мезгілін, күйін білдіреді. Етістіктердің негізгі қызметі сейлемде баяндауыш болу. Ол бастауыштың кимылын, іс-әрекеттің білдіреді.

Бұл айтылғандарға қарап, зат есім тек бастауыш пен толықтауыш, сын есім - анықтауыш, үстене - пысықтауыш, етістік - баяндауыш болудан басқа ешқандай сейлем мүшелері бола алмайды екен деген ұғым тумасқа тиісті. Олар колданылу ынғайына қарай сейлемде кез келген мүше бола алады. Бірақ жоғарғылардан басқа қызмет атқаруы - оларға тән басты қызмет емес, колданылу ынғайына қарай туған екінші қатардағы қызметі.

Корыта айтқанда: сөз таптары бір-бірінен 1) жалпы категориялы мағынасы, 2) морфологиялық және 3) синтаксистік белгілері арқылы атқарылады.

Такырыпты бекіту үшін сұрақтар:

1. Морфема дегеніміз не? Оларға не жатады?
2. Морфемалардың қандай түрлерін білесін?
3. Морфологиялық ұғымдарға не жатады?
4. Аффикстік морфемалардың қандай түрлері бар?
5. Түбірдің қандай түрлерін білесін?
6. Түбір мен негіздің айырмашылығы неде?
7. Морфемалар қандай мағыналарды білдіреді?
8. Дүние жүзі тілдерінде жұрнактардың қандай түрлері бар?
9. Жалғау мен жұрнактың айырмашылығы неде?
10. Артиклидер мен префикстер қандай тілдерге тән?
11. Грамматика нені зерттейді?
12. Грамматикалық бірліктерге не жатады?
13. Қандай грамматикалық тәсілдер бар? Олардың бір-бірінен айырмашылығы?
14. Қандай грамматикалық формалар бар? Олардың айырмашылыктары?
15. Қандай грамматикалық категориялар бар? Олардың бір-бірінен айырмашылығы?
16. Грамматикалық мағыналардың қандай түрлерін білесін?
17. Грамматикалық мағына мен лексикалық мағынаның қандай айырмашылықтары бар?
18. Сөз формаларының қандай түрлерін білесін? Олардың ерекшелігтері?
19. Ішкі және сыртқы флексия тәсілдеріне нелер жатады?
20. Каузатив қай тілдерге тән?
21. Сөздердің қандай сапалық өзгерістерін білесін?
22. Синтаксистік сөз тіркесінің белгілері?

23. Синтаксистік сөз тіркесінің өзі текес басқа тіркестерден айырмашлығы?
24. Сөз тіркесінің кандай түрлері бар?
25. Байланыстың түріне карай сөз тіркестерінің жіктелінуі
26. Басынқы сөздің санына қарай сөз тіркестірінің жіктелінуі
27. Сөйлемге кандай белгілер тән?
28. Сөйлем болу үшін кандай шарттар керек?
29. Сөйлем мен сөз тіркесінің кандай айырмашылықтары бар?
30. Сөздің жалпы категориялы мағынасы дегеніміз не?
31. Сөз таптаратына кандай белгілер тән?
32. Сөз таптаратының қайсысы бұрын шықты?

ТІЛДЕРДІҢ ШЫГУЫ МЕН ДАМУЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ӨЗАРА ӘСЕРЛЕРИ

Тілдің шығуы

Тілдің шығуы туралы сөз еткенде, ең алдымен, екі түрлі мәселені бір-бірімен ажыратып алу керек. Бірі -жалпы адам баласы тілінің шығуы, екіншісі - жеке, нактылы тілдердің (мысалы, қазақ, орыс, ағылшын тілдерінің) шығуы туралы мәселе. Бұл екі мәселені бір-бірімен шатастырмаған жөн.

Адамзат тілінің шығуы сонау көне заманға, яғни алғашкы адамдардың пайда болу заманына барып тірелсе, жеке тілдердің шығуы содан кейінгі дәүірлерде болған нәрсе.

Тілдің шығуы туралы мәселе әр түрлі ойшылдардың назарын баяғыда-ак өзіне аударып келген. Олар бұл мәселе туралы түрлі-түрлі пікірлер мен жорамалдар айтып, сан қыла байымдаулар жасады.

Сондай жорамалдардың бірі - дыбыска еліктеу теориясы. Бұл теория ежелгі грек философиясынан басталады. Ол әсіресе 11-19 ғасырда кен еріс алды. Мұның өкілі - неміс философи Г.Лейбниц (1646-1716). Аталған теория тілдің шығуын былайша түсіндіреді: алғашкы адамдар жануарлардың дауыстарын, құстың сайрауын естіп, соларға еліктеуден әр түрлі дыбыстарды шыгарған. Содан алғашкы сөздер жасалып, олар заттардың атауына айналды дейді.

Түрлі тілдерде карк-карк, мияу-мияу, тарс-тарс еліктеуіш сөздер бар екені рас. Бірақ бұған қарал тіл тек дыбыска еліктеуден шыкты деуге болмайды. Өйткені табиғатта дыбыс шығармайтын заттар да көп екені, олардың да атаулары бар екендігі даусыз.

Бұл теория тілдің пайда болуының элеуметтік себебін ескермеді. Дыбыска еліктеу теориясын жактаушылар тілді "табиғат сыйы" деп қарайды. Ал шындығында тіл қоғамның жемісі. Ол катынас жасау қажеттілігінен туған.

Тілдің шығуы туралы екінші теория - эмоциональды теория. Бұл теория 18-19 ғасырларда кен тараған. Оның жактаушысы Ж.Ж.Руссо (1712-1778). Ол "бір нәрсеге құштарлық алғашкы" сөздерді шығарды, - деп жазды. Бұл да кате теория болатын.

Ж.Ж.Руссоның "эмоциональды теориясы" (19-20 ғасырларда) одагай теориясына келіп ұласты. Одагай теориясы бойынша, алғашқы адамдар айналадағы заттармен танысқанда өздерінің алған әсерлерін еріксіз шығарылған дыбыстар арқылы, яғни одагайлар арқылы білдірген. Сол эмоцияны білдіретін әр түрлі "еріксіз шығарылған дыбыстар" әлгі заттардың атауларына айналып, осыдан келіп тіл пайда болған.

Одагай теорияларын жактаушылардың бірі - орыс лингвисті Д.Н.Кудрявский (1887-1920). Ол: "Одагайлар адамның ең алғашкы сөздері еді. Алғашкы сөздерде дыбыс пен мағына бір-бірінен бөлінбеген, бір тұтас болатын. Кейіннен олар бір-бірінен ажырасты", - дейді. Бұл теория да кате. Оның қателігі мынада: Тілдердегі одагайлар әр түрлі эмоцияны білдіреді, бұл- рас. Бірақ сол одагайлар олардың аты болып саналмайды. Тіл-тілде эмоцияны білдіретін сөздерге қарағанда, эмоцияны білдірмейтін сөздер әлдекайда көп. Мұның өзі түсінікті де. Өйткені, тіл змоцияны ғана білдіріп коймайды, сонымен бірге, ең бағыты, катынас құралы, пікір алысудың құралы ретінде кызмет атқарды. Тіл пайда болғанда катынас құралы, пікір алысудың құралы ретінде пайда болған. Бұл теорияның иелері тілдің қоғамдық табиғатына мән бермеген.

Тілдің шығуы туралы теориялардың тағы бірі - көғамдық шарттасу теориясы. Бұл теория бойынша алғашкы адамдар сөздерді өзара келісі отырып (шарт жасасып), таңдап алған. Осыдан кепіл тіл жасалған дейді. Тіл туралы келісу, шарттасу үшін, ол адамдардың бұрыннан тілі болуы керек кой. Олай болса, бұл теория да ешбір дәлелсіз.

Тілдің шығуы туралы бесінші теория - еңбек айқайы теорияси деп аталады (Мәселең, ауыр нәрсені көтергенде "ауп" дейміз рой). Ол 19 ғ. шыкты. Оны жасаушы - Людвиг Нуаре деген философ. Бұл теория бойынша, тіл алғашқы адамдардың еңбек ету кезінде шығарған рефлексті айқайларының негізінде пайда болған. Бұл теория да кате. Өйткені, тіл - катынас қуралы ретінде ғана шығады.

Адамзат тілінің пайда болу теориясының ғылыми негізін К.Маркс пен Ф.Энгельс жасады. Олар:"Тіл де сана сияқты басқа адамдармен қатынас жасау мұктаждығынан және қажеттілігінен туды"-дейді ("Неміс идеологиясы; Шығ. З т., 29 б.). Яғни мұнда, біріншіден тіл мен сананың (ойлаудың) бір-бірімен тығыз байланыстылығы және олардың бір мезетте шыккандағы, екіншіден, тілдің адмдардың бір-бірімен қатынас жасау қажеттілігінен келіп пайда болғандығы айтылған.

Тілдің шығуы туралы мәселе Ф.Энгельстің "Маймылдың адамға айналу процесіндегі енбектің ролі", "Семьянын, жеке меншіктің шығуы" деген енбектерінде ғылыми түрғыдан жан-жакты талданып, бұл мәселе жайында материалистік теория әрі қарай дамытыла түсті. Ол енбектерде тілдің шығуы жалпы адам баласының пайда болу мәселесімен тығыз байланыста қарастырылады.

Карастырылады.

Әуелі енбек, онан сон тіл, екеуі екі жақтап адам баласы миының дамуына құшті әсер етті. Ал мидың дамуы ойлаудың дамуына өсер етті. Ойлаудың (сананың) дамуы өз тарарапынан енбек пен тілге, олардың дамуына тағы да әсерін тигізді. Енбек процесінде адам баласы қоғамның тууы - бұл үшеуінің (енбек, тіл, сана) әрі қарай дами беруіне мүмкіндіктер мен жағдайлар жасады.

Қорыта келгенде, ұжымда бірлесе еңбек ету әрекеті өзара қатынас жасау қажеттілігін тудырды. Осыдан біртіндеп алғашкы сөздер туады, тіл мен ой пайда болады. Тіл мен ойлаудың шығуын алғашкы адамдар ұжымынан бөліп қарауга болмайды. Тіл енбекпен бірге ұжымда туды. Тілдің пайда болуы ойлаудың пайда болуымен, тілдің дамуы ойлаудың дамуымен тығыз байланыста болады.

Тілдің дамуы

Тіл - қоғамдық құбылыс. Сондықтан оның тарихы мен дамуы қоғамның тарихы мен дамуына байланысты болады.

Қоғам пайда болғаннан бері тіл қоғамға катынас құралы ретінде қызмет етіп, оның дамуымен бірге дамып келеді. Қоғам және оның дамуы тілдің дамуына әсер етпей тұра алмайды. Солай бола тұрса да, тілдің дамуы қоғамның даму заңдары бойынша емес, өз заңдары бойынша дамиды.

Тілдің дамуы туралы бірнеше кате көзқарастар болды. Мысалы, Н.Я.Marr тіл дамуының әр түрлі сатысы бар және ол сатылардың әркайсысы белгілі бір коғамдық формацияға сай келеді деп есептеді. Ағайынды Шлегельдер мен Гумбольдттың тілдің өткен дәуірін - классикалық дәуір, тілдің гүлденіп дамыған дәуірі, ал бергі дәуірлер тілдің азы, бұліну дәуірі деп есептелген. Бұлар ешбір шындыққа жанаспайтын, мүлдем кате көзқарас.

Неміс лингвіст Август Шлейхер тілдің дамуының есімдік пен хайуанаттардың өсіп дамуынан айрмашылығы жоқ,- деп есептейді. Шлейхердің пікіріншे, тіл биологиялық организм сиякты туады, өседі, картаяды; акырында өлеуді. Бұл да кале көзкарас. Тіл - биологиялық құбылыс емес, қоғамдық құбылыс. Осылай болғандықтан бұл екеуінің даму жолдары әр басқа. Тілдің дамуының өзіне тән заңдылықтары бар; тірі организмдердің дамуының өзіне тән заңдары бар. Демек, бұл екеуін бірдей деп есептеу кале.

Сонымен, тіл дамиды екен. Ендеше онын даму жолдары қандай?

Н.Я.Марр тілдін сатылық даму теориясын ұсынып, тілдің есікі сападан жаңа сапаға көшуі, яғни дамуы революция жолымен, аныктап айтқанда, бар

тілді жойып жіберіп, жаңа тіл жасау жолымен болады деп есептеді. Бұл кате теория болатын. Тілдін дамуы - бар тілді жойып, жаңа тіл жасау жолымен емес, бар тілдің негізгі элементтерін дамыту, жетілдіру жолымен, яғни зволюция жолымен, ішкі даму көлімен болады.

Тілдін ішкі даму заңдарына келмес бүрын, алдымен, тілдін заңдары - жалпы заңдар (общие законы) және жеке заңдар (частные законы) болып екіге бөлінетіндігін айтып алуымыз керек.

Жалпы заңдардын катарына тілдің әр түрлі құрылымдық элементтерінің даму карқынының біркелкі болмауын жатқызуға болады. Мысалға тілдің сөздік құрамы мен грамматикалық құрылышын алалық. Бұлардың даму карқыны біркелкі емес. Сөздік құрам өзгеріске өте-мете бейім болады. Ол коғамдағы өзгерістерді тез қабылдайды. Ал грамматикалық құрылыш өте баяу өзгереді. Бұл - тіл атаулының барлығына бірдей тән, күллісіне ортақ жалпы заң.

Осылай бола тұрса да, бұл ортақ заңның әр түрлі нақтылы тілдерле жүзеге асуы түрліше болуы мүмкін. Өйткені ол тілдердің өздеріне тән заңдары болады. Сондыктан, құллі тілдерге ортақ заң жеке тілдерде өзінше дамуы орынды. Мұндай заңдарды тіл дамуының жеке ішкі заңдары деп атайды. Ал дамуының жеке заңын оның барлық саласынан, атаң айтканда: лексикасынан да, грамматикасынан да, фонетикасынан да табуға болады. Мысалы, сингармонизм заңы бүкіл түркі тілдерін фонетикасына ортақ. Бірак сингармонизмнің түрлері әрбір түркі тілдерінде әр түрлі. Айталық, ерін сингармонизмі казак, қарақалпақ тілдеріне қарағанда, алтай, қырылым тілдерінде әлдекайда басым.

Тілдің фонетикасында, лексикасында, грамматикасында әр түрлі өзгерістер жасалып, тіл ұдайы даму күйінде болады. Мысалы, лексикологияда кейбір ескірген сөздер шығып қалып, оның есесіне көптеген жаңа сөздер қосылып отырады немесе сөздердің мағыналары өзгеріп жатады: шет тілден сөз ауысып келуі де мүмкін.

Грамматикада да сондай. Лексикаға қарағанда баяу болса да, тілдің грамматикасы саласында да өзгерістер болып, оның грамматикалық құрылышы жетіліп отырады. Мысалға босқа, зорға деген үстеулер есім сөздерге ба-рыс септігінің қосылуынан жасалған. Сондай-ақ, қазіргі кезде қабаган, төбеген тәрізді сөздер сын есім болып саналады.

Өзгеру мен дамудың барысында дербес сөздердің көмекші сөздерге, ал көмекші сөздердің аффикстерге айналуы - әрбір тілдің тарихында кездесетін құбылыс. Бұл ретте бара дар, жүре дүр тіркестерінен барады, жүреді формаларының, бара тұрған, келе тұрған тіркестерінен есімшешін баратын, келетін формаларының жасалуын мысалға келтіруге болады.

Тілдің даму барысында кейбір аффикстердің ықшамдалғанын байқаймыз. Мысалы: айтканын > айтқам, айтамын / барғаным[^] барамын > барам т.б. Осылайша ықшамдалу сөз тіркестерінде де болады. Олар келе-кеle бір-бірімен кірігіп, бір сөзге айналып кетеді. Мысалы: бұл күн > бүгін, бұл йыл/жыл > биыл, алып бер > әпер.

Қазіргі казак тілінде баяндауышы жатыс жалғаулы тұйық етістіктен жасалған сөйлем түрі бар. Мысалы: Ауыл шаруашылығы жекешелендіруде, бірінші семестр өтуде. Мұндай сөйлем бүрын болмайтын. Болса, жекешелендіріліп жатыр, бірінші семестр ет+іп жатыр болып келетін. Жоғарғыдан баяндауыш формасы кейінгі кезде жасалып қалыптастан.

Жай сөйлемнің инверсиялы түрі де кейінгі кездін жаңалығы. Мысалы: Сөйлеп тұрған Алматы; берілді осы аныктама (справка), т.б. Тілдерде неге мұндай өзгерістер болады? Оның себептері көп. Соның бірі - тілдердің карым-қатынасы, өзара әсері.

Тілдердің өзара әсерлері

Тілдердің өзара әсері екі түрлі жолмен болады. Бір жолы - тоғысу түрінде, екінші жолы - тілдің элементтердің (сөздердің, сөйлем құрылышының) енуі түрінде.

Тілдердің төгісү (этникалық топтардың бірігі) процесінде субстрат деп аталағын күбіліс пайда болады. Бұл күбілістың нәтижесінде женген тіл женілген тілден сөздер мен жеке дыбыстарды, кейбір морфемаларды кабылдайды. Сейтіп, субстрат дегеніміз - женген тілдегі женілген тілдің элементтері. Мысалы, қазіргі франция жерінде ертеде келт (галль) деген элементтері. Мысалы, қазіргі франция жерінде ертеде келт (галль) деген элементтері. Мысалы, қазіргі франция жерінде ертеде келт (галль) деген элементтері. Мысалы, қазіргі франция жерінде ертеде келт (галль) деген элементтері. Мысалы, қазіргі франция жерінде ертеде келт (галль) деген элементтері.

Енді тілдердің өзара әсері нәтижесінде тілдік элементтердің енуіне (яғни екінші жолға) келелік.

Удмурттар (фин-угор тобы) мен татарлар (түркі тобы) баяғыдан коныстас, көршілес өмір сүріп келеді. Сондыктан олардың тілі бір-бірінде әсер еткен. Татар тіліндегі дж дыбысы удмурт тіліне ауысқан. Бұл дыбыс удмурт сияқты басқа фин-угор тілдерінде жок.

Басқа түркі тілдерінде ұяңнан басталатын сөздер чuvаш тілінде қатаннан басталады. Мысалы: бас - пус, бар - пур, дауыл - тавыл, неге? Сейтесек, ол көрші жатқан мари тілінің әсері екен. Ол тілде дауыссыздан басталатын сөздердің басқы дыбысы әр уақыт қатаннан басталады.

Сондай-ак, чuvаш тілі мари тілінен көптік мағынаны білдіретін -сем деген аффиксті қабылдаған. Мысалы: чuvаш тілінде ял "ауыл" - ял+сем"ауылдар". Бұл қосымша басқа түркі тілдерінде жок.

Керісінше, мари тілі чuvаш тілінен сын есімнің салыстырмалы шырайынын -рак жүрнағын қабылдаған. Мысалы: мари тілінде сай "жаксы" -сай+рак "жаксы+рак".

Тілдердің өзара әсері лексика саласында да жиі ұшырасады. Мысалы, түркі тілдерінде араб-парсы және орыс тілдерінен енген көптеген сөздер бар.

Әдетте, тілдің фонетикасы мен грамматикасы тұрақты болады. Жиірек өзгеретіні, ауысатын - лексика саласы. Егер бір тілден екінші тілге дыбыс ене қалса, ол сөзбен бірге, сөздің құрамындаған ене алады. Мысалға, орыс

тілінен ауысқан 12 әріпті (дыбысты) келтіруге болады. Ол: 12 дыбыс казак тілінің байыргы төл сөздерінде колданылмайды.

Бір тілдің екінші тілге әсері морфологиядан ғөрі синтаксисте көбірек аңгарыды. Бұған орыс тіліндегі үлгі бойынша казак тілінде онашаланған айқындауыш мүшелі сөйлемдердің немесе әр түрлі қыстырма сөздері бар сөйлемдердің калыптасуын мысалға келтіре аламыз. Мысалы: Тогжанға Абай тағы бір рет, соңғы рет қарады (М.Әуезов).

Қорыта келгенде, тіл де дамиды. Бірақ оның өз даму жолдары бар. Лингвист болғысы келген адам алдымен тілдік заңдарды біліп алғаны жән.

ДҮНИЕ ЖҰЗІ ТІЛДЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ТОПТАСТЫРЫЛУЫ (классификация)

Дүние жүзінде шамамен 5 мың тіл бар. Олардың ішінде тайпа тілдері де, халық тілдері де, ұлт тілдері де жоқ емес. Кейбір тілдер кең колданылып, халықаралық тілдер дәрежесіне дейін жеткен. Олар: ағылшын, француз, испан, орыс, қытай, араб тілдері.

Тіл білімінде дүние жүзіндегі тілдерді екі түрлі тұрғыдан топтастырады: Бірінші - тілдің шығу тегі тұрғысынан, яғни туыстығы, бір негіз тілден бөлініп шыққандығы тұрғысынан; екінші - шығу тегінде байланыстырмай, грамматикалық құрылымы мен типінің ұқастығы тұрғысынан. Топтастырудың бірінші түрі - тілдердің генеологиялық топтастырылуы, екінші түрі - типологиялық (немесе морфологиялық) топтастырылуы деп аталынады.

Тілдердің шығу тегі, туыстығы (генеологиялық) жағынан топтастырылуы

Дүние жүзіндегі тілдер өздерінің шығу тегінің бірлігіне, яғни туыстығына қарай әр түрлі семьяларға, топтарға бөлінді.

Семья деген термин – шығу тегі бір, біртектес тілдердің бірнеше топтарының жиынтығы дегенді білдіреді. Ал топ деген термин – бір семьяга жататын, бірак туыстығы басқаларға қарағанда тіптен жакын тілдерді білдіреді. Мысалы, түркі тілдері өзара туыстас тілдер. Олар жалпы түркілік бір негізден шықкан. Сондыктан оларды түркі тілдер семьясы деп атайды. Ал роман тілдері индоевропа тілдер семьясына жатады. Онын ішінде өздері бір негізден, яғни латын тілінен шыққандықтан олар роман тілдері тобын құрайды.

Тілдердің туыстығы, өзара жакындық дәрежесі әр түрлі болады. Туыстас тілдердің кейбіреулері бір-бірі мен өте жакын болу мүмкін, кейбіреулері алшағырап болуы мүмкін. Мысалы, бір ғана индоевропа тілдер семьясына жататын тілдердің бәрі де туыстас тілдер. Алайда бұлардың бірінә жакындық дәрежесі біркелкі емес. Сондыктан да, олар өз ішінде 1) славян тілдері, 2) роман тілдері, 3) герман тілдері, 4) индия тілдері, 5) Иран тілдері деп аталатын топтарға бөлінеді.

Осы топтардың әркайсысына енетін тілдердің де өзара жакындық дәрежесі әр түрлі болады. Мысалы, бір ғана славян тобына жататын орыс тілі мен чех тілінің жакындық, ұқсастық жактарына қарағанда, орыс, украин, беларус, тілдерінің өзара жакындық, ұқсастық жактары әлдекайда мол. Осындай белгілеріне қарап жоғарыда аталған топтардың әркайсысы өз ішінде тағы да бірнеше кіші топтарға (подгруппаға) бөлінеді. Мысалы, славян тілдер тобы өз ішінде 1) шығыс славян, 2) онтүстік славян, 3) батыс славян тілдері болып үш кіші топка бөлінеді. Түркі тілдер семьясына жататын тілдер де өз ішінде осылай үлкен топтар мен кіші топтарға жіктеліне алады.

Сейтіп, туыстас тілдердің бір – бірімен жакындығы, ұқсастығы бірдей бола бермейді еken. Олардың ішінде негізгі сөздік коры мен фонетикалық жүйесі және грамматикалық құрылышы жағынан бір – біріне өте жакын молырақ, демек ортақ белгілері азырақ тілдер де болады.

Шығу тегі, туыстығы жағынан топтастыру бойынша дүние жүзіндегі тілдер былайша жіктелінеді:

I. Индоевропа семьясы. Бұған туыстас тілдердің тәменгі топтары енеді:

- Индия тобы. Бұл топка енетін тілдер: бенгал тілі (Индия мен Пакистанда), певджаб тілі (Индия мен Пакистанда), синх тілі (Индия мен Пакистанда), сингаль тілі (Шри-Ланкада), непал тілі (Непал), урду тілі (Пакистанда), хинди тілі (Индия), цыган тілі.
- Иран тобы. Бұл топка мына тілдер енеді: парсы тілі (Иран), пушту тілі (Афганстан), тәжік тілі, курд тілі (Турция, Иран, Ирак, Азерб.), осетин тілі т.б.
- Славян тобы. Бұл топ жоғарыда айттық, өз ішінде үш топка бөлінеді: а) Шығыс славян тілдері (орыс, украин, белорус), ә) Онтүстік славян тілдері (балгар, македон, серб, хорват, словен), б) Батыс славян тілдері (чех.словак, поляк).
- Балтық тобы (литва, латыш тілдері).
- Герман тобы. Бұлар да іштей үш топка бөлінеді: а) Солтүстік герман (скандинав) тілдері (дат, швед, норвеж, испан); ә) Батыс герман тілдері (ағыл., голланд); б) Шығыс герман тілдері (неміс тілі, өлі тілдер: вестгот, остгот тілдері).
- Роман тобы. Бұл топка енетін тілдер: франц, итальян, испан, португаль, румын, молдаван тілдері; өлі тіл - латын тілі.
- Кельт тобы (ирланд, шотлан; өлі тіл - гадъя).
- Грек тобы (грек тілі).
- Албан тобы (албан тілі).
- Армян тобы (армян тілі).

II. Семит-Хамит тілдері семясы.

- Семит тобы (араб, иврит тілі - Израиль еврейлерінің тілі).
- Египед тобы (қоңе египет тілі).

III. Кавказ тілдері семясы. Бұларға жататын тілдер: грузин, абхаз, адыгей, кабардин, чечен, ингуш, дағыстан, авар, лезгин.

IV. Фин угор тілдері семьясы. Бұлар екі топқа бөлінеді:

1.Угор тобы (венгер - угор деген осы, манси тілі, ханти тілі –бұл екеуді Россия Федерациясында).

2.Фин тобы (фин тілі, карель тілі, коми-зырян тілі, удмурт тілі, марий тілі).

V. Түркі тілдері семьясы. Бұлар ең алдымен 1) Батыс хун бұтағы және 2) Шығыс хун бұтағы деп, екіге топтастырады:

A. Батыс хун бұтағы төртке бөлінеді:

1. Булгар тобы (чуваш).

2. Оғыз тобы (туркмен, гагауз, азербайжан, түрік).

3. Қыпшак тобы (қараим, құмық, қарабай, балкар, қырым татарлары, татар, башқұрт, ногай, каракалпак, қазак).

4. Карлук тобы (өзбек, үйгүр).

B. Шығыс хун бұтағы екіге бөлінеді:

1. Үйғыр-оғыз тобы (тува, якут, хакас, иор).

2. Қырғыз-қыпшак тобы (қырғыз, алтай).

VI. Монгол тілдері семьясы. Оған мына тілдер енеді: монгол, бурят, қалмак.

VII. Тунгус-маньчжур тілдері семьясы. Бұл тілдер екі топқа бөлінеді.

1. Тунгус тобы (эвенк, эвен).

2. Маньчжур тобы (нанай, удэгей, ульч т.б.).

VIII. Қытай-тибет тілдері семьясы. Бұл да екі топқа бөлінеді;

1. Тай-Қытай тобы (қытай, дүнген, тай, лаос, ветнам).

2. Тибет-бирма тобы (тибет, бирма).

Бұл семьялардың ешкайсының жатпайтын тілдер бар. Олар: жапон, корей, т.б. тілдері. Себебі бұлар әлі түгел зерттелініп біткен жок.

Тілдердің құрылымдық ерекшеліктері (типологиялық жағынан топтастырылуы

Құрылымдық яғни морфологиялық ұқсастық бір негізден тараған туыстас тілдердің арасындаған емес, сонымен бірге, әр басқа негізден тараған тілдердің арасында да бола беруі мүмкін. Басқаша айтқанда, шығу тегі

жағынан әр басқа тілдердің арасында да құрылымдық яғни морфологиялық ұқсастық болады.

Мұны түсіну үшін, ең алдымен, әр түрлі тілдердегі грамматикалық мағыналарды білдіру тәсілдеріне, сөз, сөйлем құрамындағы мағыналық белшектердің өзара байланысу сипаттарына, яғни синтаксистік қатынастардың берілу әдістеріне көніл қою керек. Мысалға "М.Әуезовтың кітабын мен туыстарымнан алдым" деген сөйлемді онын "Книги М.Ауезова я взял у родственников" деген орысшасымен салыстырып көрелік. Мұндағы ту+ыс+тар+ым+нан деген мен у род+ствен+ник+ов дегендеге көніл койсақ, олардың құрылымдық ерекшеліктері мен байланысу тәсілдері, грамматикалық мағыналарды білдіру әдістері әр түрлі екенін байкауға болады. Анығырақ айтсақ, орыс тілінде грамматикалық, мағыналар ішкі флексия арқылы да сыртқы флексия арқылы да (Мыс- И. что? окно-окна, Р.чего? окна -окон; Д. чему? окну-окнам; Д.что? окно-окна; Т. чем? окном - окнами; И, о чём? о окне- об окнах беріледі.

Ал қытай тілінде "Жана үй+де терезе+лер жок" деген ұғым "Терезе үй жана жок" деген формада айтыды. Өйткені бұл тілде сөздер түрленбейді. Олардың арасындағы синтаксистік байланыс екпін немесе интонация арқылы, орын тәртібі, көмекші сөздер арқылы белгілі болады.

Осы айтылған құрылымдық ерекшеліктеріне қарай дүние жүзі тілдері мынандай типтерге бөлінеді:

1. **Жалғамалы (агглютинативті)** тип. Бұлардың катарына түркі тілдері, монгол тілдері, угоро-фин тілдері жатады. Бұл тілдерге тән негізгі қасиеттер:

1) Грамматикалық мағыналар түбірге косымшалардың (аффикстердің) жалғануы арқылы беріледі;

2) Косымшалардың әрқайсысы кебінесе бір ғана грамматикалық мағынаны білдіреді;

3) Ол косымшалар бірінің үстіне бірі жалғана береді; 4) Қанша косымша косылғанмен сөз түбіяяf_аяb3яя1яя?яя'е4ыбяястық құрам өзгермейді (сол күйінде калады). Мыс.: үй+ім+нің терезе+лер+i.

2. Даралаушы (аморфты) тип. Яғни сөздерге косымша (жалғау, жұрнак) жалғамай, түбір күйінде қолданылатын тілдер. Бұларды кейде түбір тілдер деп те атайды. Даралаушы типке қытай, ветнам, бирма, тай, тибет, малайя-полиневей тілдері жатады. Бұл тілдерге тән қасиеттер: 1) жоғарыда аталғандай түбірге косымшалар косылмайды (яғни сөздер түрлене бермейді); 2) сондыктан ол тілдерде омоним сөздер көп (мол) болады; 3) олар бір-бірінен музыкалық екпін арқылы ажыратылады; 4) синтаксистік жағынан негізгі тәсіл - қа-бысу (кой кора, көк терек, мың кой, ана кісі, тез келді); 5) синтаксистік қатынастар сөздердін орын тәртібі, интонация және көмекші сөздер арқылы беріледі; 6) сез тудырудың ең басты тәсілі - біріктіру.

3. Қопармалы (флексивті) тип. Бұған орыс, неміс, араб, грек тілдері енеді. Бұл тілдерге тән қасиеттер: 1) Грамматикалық мағыналар негізінен ішкі флексия арқылы беріледі. Мыс: Он шел_-она шла; Я ем -ты ешь, он (она) ест, Я бегу,ты бежиши, он - бежит. 2) Сонымен бірге, грамматикалық мағыналар сыртқы флексия арқылы да беріледі. 3) Жалғаулы тілдерле косымшалар көбінесе дара мағыналы болып, бір ғана қызмет аткарып, косымшалар тілдердің бір косымша бірнеше грамматикалық мағына білдіріп, әр қопарылма тілдердің бір косымша бірнеше грамматикалық мағына білдіріп, әр түрлі қызмет аткарады. Мысалы: книг+и дегендегі и жалғауы әрі атау септікті, әрі көптікті, әрі родит. падеж. (нет че-го?) бен ед.числоны, әрі вин. падеж. (вижу что?) бен множ. числоны білдіреді; 4) флексивті тілдерде аффикстер сөздің түбіріне сінісіп кетеді де, олар аффикссіз дербес қолданыла алмайды. Мыс.: пис-ать, писы-мо, пис+ание; дет+м, дет+ство, дет+ский; 5) алмайды. Мыс.: пис-ать, писы-мо, пис+ание; дет+м, дет+ство, дет+ский;

4. Полисинтетикалық немесе инкорпоративті тип. Бұған полезвият (чукот, коряк, нивх, ительмен, юкагир) тілдері мен америкалық индеецтердің тілдері жатады.

Бұлардың ерекшелігі: жоғарыда аталған үш түрлі типтегі тілдерде сөйлем арқылы белгілі болатын синтаксистік қатынастар бұл тілдерде бір сөзben

беріле алады. Мысалы "мен семіз бұғыларды ғана өлтіремін" деген сөйлемді чукот тілінде ты+ата+каа+нмы+ркын деген жалғыз сөзben береді. Мұндағы ты - бірінші жактың көрсеткіші, ркын - етістіктің журнағы, ал басқалары есім түбірлер.

Бұл құрылымдық тип бойынша, бір сез (негіз) екінші бір сөздің негізі мен косымшасының (немесе префикс пен негіздің) арасына сыналанып, қыстырылып кіреді де, синтаксистік топ құрайды. Мақсаты - әлгі бірліктердің арасындағы синтаксистік қатынастарды білдіру. Мұндайда аффикстік морфема өзінің негізінен бөлініп қалса да, бұрынғы қызметін атқара береді.

Ұзын сөздің қысқасы, тілдің типін анықтау, сайып келгенде, оның құрылышын айқындау болып шығады. Осы тұрғыдан алып қарғанда, казак тіліне синтетикалық тәсіл (аффиксация, сыртқы флексия), қытай тіліне аналитикалық тәсіл (екпін, сөздердің орын тәртібі, көмекші сөздер, интанация) тән екен. Ал орыс тілінде екеуі де (ішкі флексия мен сыртқы флексия, екпін, көмекші сөздер т.б.) бар. Яғни онда синтетикалық құбылыс та (аффиксация), аналитикалық құбылыс та (ішкі флексия) кездеседі.

Олай болса, грамматикалық құрылышына қарай тілдер негізінен 1) синтетикалық тілдер, 2) аналитикалық тілдер болып екіге бөлінеді екен. Синтетикалық тілдерде грамматикалық мағыналар (немесе синтаксистік қатынастар) сөздердің түрленуі арқылы беріледі, яғни сөздер ішкі, сыртқы флексияға ұшырап барып, бір-бірімен байланысады. Мұндай қасиет әсіреле літва, неміс, түркі, славян тілдеріне тән. Ал аналитикалық тілдерде грамматикалық, мағыналар (синтаксистік қатынастар) сөздердің формалары арқылы емес, олардың орын тәртібі, интонация және көмекші сөздер арқылы беріледі. Бұл қасиет әсіреле ағылшын, француз, болгар, дат, грек тілдеріне тән.

Эрине, бұлай болу шартты нәрсе. Өйткені бұл тілдердің көшілілігінде грамматикалық мағынаны білдірудің әрі синтетикалық, әрі аналитикалық болып келеді. Рас, бір тілдерде синтетикалық тәсіл басым, екіншілерінде

аналитикалық тәсіл басым. Қай тәсіл басым болса, тілді сол типке жатқызамыз.

ЖАЗУДЫҢ ШЫҒУЫ МЕН ДАМУЫ

Жазудың өмірде атқаратын рөлі зор. Оның да шығу, даму тарихы бар.

Жазу адамдардың кең түрде қарым-катьнас жасауына мүмкіндік береді. Ал ауызекі тіл туралы мұны айта алмайсың. Өйкені сөйлесу жүзбе-жүз кездескен де ғана болатын нәрсе. Жазу арқылы алыста жатып та, жақын түрып та «сейлесе» беруге болады. Жазусыз мәдениет атаулыны, өркениет атаулыны көзге елестету қын. Олай болса, жазудың шығуын өткен замандарда ашылған ұлы жаңалықтардың бірі деп есептеу керек.

Жазудың тарихы өте ерте заманандарда басталады. Қене жазуды да, қазіргі жазуды да білудін әрі теориялық, әрі практикалық үлкен мәні бар.

Қазір біз жазуды сөздердің әріптер тіркесімен белгіленуі деп түсінеміз. Бірақ ол алғашында бұлай болмаган. Сөзді әріппен (дыбыспен) таңбалau кейінірек пайда болды. Оған дейін жазу (таңба) не бүтіндей хабарды, не жеке сөзді, не жеке буынды белгілеген. Осыған орай жазудың мынандай түрлері бар: 1) пиктографиялық жазу, 2) идеографиялық жазу, 3) буын жазуы, 4) әріптік немесе дыбыстық жазу.

Пиктографиялық (суретті) жазу

Бұл – жазудың ең алғашқы түрі. Ол суретке негізделген. Сондыктan мұны кейде скретті жазу деп те атайды. Пиктографиялық жазудың таңбалары - суреттер. Әрбір сурет (пиктограмма) өздігінен бүтіндей хабарды білдіре алады. Мәселен, колына садақ ұстаган адамның суреті - «мен аншымын», «ан аулауға бара жатырмын», «ан аулап тіршілік етемін» дегендерді білдіреді. Мұндай жазуды әртүрлі тілдерде сейлейтін адамдар да түсінетін болған. Оның шықкан мерзімі тым көне дәүірге (неолит дәүіріне) барып тіреледі.

Пиктографиялық жазу тәсілін (журнағын) қазір де кездестіреміз. Мысалы, полисинкетикалық тілдерде сейлейтін халықтардың жазуы

басқалармен салыстырғанда осы пиктографиялық жазуға жақындау келеді. Қазіргі кезде жиі қолданылатын, көшеде жүрудін тәртібін білдіретін әртүрлі белгілердің, дүкендер мен шеберханалардың маңайшаларындағы бас киімнің, аяқ киімнің, сағаттың суреттерінде пиктографиялық сипат бар.

Пиктографиялық жазудың кемшілігі: Пиктограммалар өте күрделі болады. Сондыктan да, адам ойынын бәрін суретпен (пиктографиялық жазумен) жеткізе алмайсын, жеткізген күнде де ол графикалық жағынан жеке сөздерге бөлшектенбейді. Әсіресе онымен абстракты мағыналы сөздерді (сын есімдер мен етістіктерді) таңбалau өте киын.

Мұндайда ол образды – символдық сипаты бар бейнелерді пайдалануға мәжбүр болады.

Идеографиялық немесе логографиялық жазу

Бұл – пиктографиялық жазудың біртіндеп дамуы, жетілуі нәтижесінде пайда болған жазу. Егер пиктографиялық жазу бүкіл сөйлемді (хабарды) білдірсе, идеографиялық жазу бүтіндей бір сөзді бір-ақ таңбамен белгілейді. Алғашында суретпен (пиктографиямен) белгіленіп жүрген нәрселер жазудың даму барысында біртіндеп одан алшактап, ақырында олар белгіленетін заттың сыртқы формасынан дәлме-дәл негізделуден қалып, соган ұксас шартты таңбалар ретінде колданыла бастаган. Ондай таңбалар идеограммалар деп атальынады. Идеограмманың пиктограммадан ең басты айырмашылығы таңбалардың формасында емес, олардың мағынасында. Жогарыда айттық, егер пиктографиялық таңба бүтіндей бір сөйлемді белгілесе, идеографиялық таңба бір сөзді немесе сөздің түбірін не негізін белгілейді.

Ертедегі шумер, египет, қытай жазулары ешбір идеографиялық таңбаның белгілі бір түбір сөзге немесе түбір морфемаға сейкес келіп, соган телінуіне негізделген. Бұл тілдердегі идеографиялық, таңбалар сөздің дыбысталуын емес, мағынасын білдіреді (Сондыктan да, аталған тілдерде омонимдер әр түрлі иероглифтермен белгіленеді).

Осы жағынан алып қарағанда, идеографиялық, жазудың графикалық таңбалар цифrlар тәрізді. Айталық, 1,2,3 деген т.б. цифrlардың сандық магынасын барлық халық бірдей ұғынады, бірақ бұлардың дыбысталуы әр халыкта әр баска.

Дүние жүзі тілдерінің ішінде идеографиялық жазудың дамуына қолайлы тілдер ретінде, әдетте, түбір тілдер (мәселен, қытай, аштек, америкалық индеес т.б.) атальнады. Өйткені түбір тілдерде сөз грамматикалық жактан өзгеріске көп түсे бермейді.

Идеографиялық, жазудың үлгілерін казіргі кездегі математика, химия, физика терминдерінің ішінен де кездестіруге болады. Мысалы: + - "қосу", - "тен", N - "түбір", Н - "сүтек", Р - "куш" т.б.

Идеографиялық жазудың жетіле түскен түрі - морфема-идеографиялық жазу. Бұл жазудың ұстанымы (принципі) бойынша, таңбалар бүтіндей созді емес, оның құрамына енетін морфемаларды белгілейді. Осы ерекшелігіне орай ол морфемаларды белгілейтін таңбалар морфемаграммалар деп атальнады. Казіргі қытай иероглифі морфема- идеографиялық жау болып табылады.

Бұл тұрғыдан идеограммаларды екі түрге бөліп қарауғы болады. Оның біріншісі – сөздердің мағыналарымен тікелей байланысты болса, екіншісі – сөздердің фонетикалық жағымын байланысты. Осыған сөйкес біріншісін - идеографиялық иероглифтер (идеограммалар), екіншісін - фонетикалық иероглифтер (фонограммалар) деп атайды. Айырмашылықтары идеограммалар көбінесі синоним сөздерді белгілеу үшін колданылса, фонограммалар синонимдерді белгілеу үшін колданылады. Сөздерді дәлмешдәл белгілеу үшін, идеографиялық жазудың бұл екі түр-тармагы, әдетте, бір-бірімен ұштастырылып жұмысшынады.

Енді идеографиялық жазу қоғам дамуының қай дәуірінде пайда болған? – дегенге келелік. Ғалымдардың айтуына қарағанда, бұл жазудың пайда болуы құл иелену дәуіріне сай келеді. Өйткені бұл дәуір мемлекеттер арасындағы қарым-катаңастың, сауда-саттықтың күшейген кезі болатын.

Идеографиялық жазудың бірсыныра кемішіліктері бар. Олар: идеограммалар өзі белгілеген сөздің дыбысталуын білдіре алмайды; идеограммалар көп болады және күрделі болады; идеографиялық жазу грамматикалық формаларды белгілеуге келгенде ете икемсіз келеді.

Сонына қарай айтамыз: Кейбір ғалымдар идеографияны логографиялық (гр. Logos "сөз" - грары "жазамын" жазу деп атаған дәл болар еді) - дейді. Осыған орай олар идеограмманы логограмма деп атағанды жөн көреді.

Буын жазуы

Идеографиялық немесе логографиялық жазудың даму барысында буын жазуы пайда болды. Бұл жазудың шығуына, біріншіден, бұған дейін қолданылып келген идеографиялық таңбалар аффикстерді, әсіресе шетел сөздерін, кісі, қала аттарын таңбалауға икемсіз болуы, екіншіден, ол идеографиялық таңбалардың саны көп болып, оларды менгерудің киынга сокқандығы себеп болды. Оның үстіне біраз тілдердің (мәселен, шумер, жапон т.б.) морфологиялық құрылышы да (сөздің түбіріне аффикстердің агтлютинативті ұстаным бойынша жалғануы) буын жазуын қажет етті.

Буын таңбалары ен алғашында бір буынды сөздерді белгілейтін идеографиялық таңбалардың негізінде жасалғанымен, кейіннен олар көп буынды сөздердің өздерімен яғни (бір буынды сөздермен) ұксас дыбысталатын белшегін (буынын) белгілейтін болған. Сөйтіп, ол таңбалар дербес сөздердің таңбасы емес, буынның таңбасы ретінде ұғынылған. Мысалы, идеографиялық-фонетикалық жазу бойынша, яғни фонетикалық иероглиф бойынша шумер тілінде "садактың оғы" дегенді ті деп белгілесе, осы таңба кейіннен (біздің заманға дейінгі үш мың жылдықтың ортасында) сөз құрамындағы Ы деген буынды да таңбалау үшін колданылатын болды.

Олай болса, буын жазуында таңба сөзді емес, сөздің буынын белгілейді. Айталық, буын дара дауысты болса - Г (шумер тілінде: е - "үй", i - "бес"), дауысты мен дауыссыздың қосындысы болса - ГС (аз - "бір", ап - "аспан"), дауыссыз дауыстың қосындысы болса - СГ (su - "кол", lu - керісінше дауыссыз дауыстың қосындысы болса - СГ).

"адам")> болмаса дауыссыз+дауысты+дауыссыз болса – СГС (loig -"ел") деген сияқты. Жазудың мұндай жүйесін ертедегі ассирия, вавилон, крит, кипр, эпиопия, үнді, жапон тілдері пайдаланған.

Идеографиялық жазуға қарағанда буын жазуы оқыту үшін де, колдану үшін де қолайлыған болды. Бұл жазудагы таңбалардың орны да жоғарғылармен салыстырғанда аздау. Егер идеографиялық жазуда мыңдаған таңбалар болса (тілде қанша сөз болса, сонша таңба) жазудың буындық жүйесінде ол 50-60қа дейін (кейде 200-ге дейін) кеміген. Буын жазуы сөзді, әсіресе оның грамматикалық формаларын дәл беруге икемді келеді.

Әріп (дыбыс) жазуы

Әріп жазуы буын жазуынан кейін пайда болды. Ғалымдар бұл жазудың шығуы "біздін заманымызға дейінгі бір мың жылдықтын басында", - дегенді айтады.

Әріп жазуының шығуына және дүние жүзіне кең тарапуына оның кара-пайымдылығы, сездердің дыбысталуын дәл беретіндігі, әр түрлі тілдерге қолайлығы себеп болды деуімзеге болады.

Әрине, қазіргі кезде колданылып жүрген әріп жазуына адамзат баласы бірден келе койған жок. Ол алғашында консонантты-дыбыстық жазу болды (Мысалы, финикий, египет, арамей жазулары). Бұл ұстаным бойыниша, таңбалар сөздегі дауыссыз дыбыстар мен жартылай дауыстыларды ғана белгілең, ал толық дауыстылар ешбір әріппен таңбаланбаған. Кейіннен жазудың даму барысында, біртіндеп дауысты дыбыстар да белгіленетін болды. Біреулер олардың әрқайсысын сөздегі өз орындарына қойып жазатын болса (мысалы, грек жазуы), екіншілер дауыстыларды дауыссыздардың асты-үстіне тиісті диакритикалық таңбаларды қою арқылы белгілең (мысалы, араб жазуы).

Зерттеушілер ең алғашқы таза консонантты-дыбыстық жазу деп финикий жазуын атайды. Онда 22 таңба болған. Бұлардың әрқайсысы же жеке дыбыстарды таңбалады. Олар өздерінен кейінгі вокалды-дыбыстық, жазу жүйелерінің жасалуына негіз болды (Біз бұл жерде вокалды-дыбыстық жазу

деп - тек дауыссыздарды ғана емес.. сонымен бірге, дауысты дыбыстарды да жеке таңбалармен белгілеген жазуды айтып отырмыз).

Әріп жазуы бір елден екінші елге ауысып отырған. Мәселен, жоғарыда аталған финикий әліпбійнің негізінде грек әліпбі, грек әліпбійнің негізінде латын әліпбі, латын әліпбійнің негізінде бүкіл Батыс Еуропа халықтарының әліпбилері жасалды. Ал шығыс халықтарының (араб, иран, еврей т.б.) жазуын арамей әліпбійнің негізінде пайда болды.

Ескерте кететін нәрсе, әліпби бір халықтың екінші халыққа ауысқан кезінде негізінің әр тілдің дыбыстық ерекшеліктерін көрсететін қосымша әріптерді қосып алып отырған. Мысалы, грек әліпбійнің негізінде жасаган славян әліпбій түзу үстінде ағайынды Кириллдер (863 жылы) гректерден 24 әріп алған да, оның үстіне славян тілдерінің ерекшеліктерін көрсететін 19 әріпті қосқан (Бәрі 43 әріп). Сейтіл олар грек жазуын өз тілдеріне дәл келетіндегі етіп ыңғайластырған. Орыс әліпбі осы аталған славян әліпбійнің занды жалғасы болып саналады.

Ал Батыс Еуропа халықтарының латынға негізделген әліпбилері жайында мұны айта алмайсын. Өйткені олар тілдерінің дыбыстық құрамының әр түрлі болуына қарамастан, байырғы латын әліпбін сол күйінде, яғни ешбір өзгерісіз, толықтырусыз қолданылған. Бұлардың үстіне әліпби иелері тек V/J деген екі-ак, жартылай дауысты дыбыстық әрпін қосқан. Соның салдарына Батыс Еуропа тілдерінің дыбыстық құрамы мен әліпбійнің арасында алшактық пайда болды. Мысалы, ағылшын тілінде (дифтонгтарды қоспағанда) – 15 дауысты, 15 дауыссыз, француз тілінде 17 дауысты, 18 дауыссыз, неміс тілінде 16 дауысты, 21 дауыссыз дыбыс бар. Дыбыстардың осыншама мол түрін белгілейтін әлгі тілдердің әліпбійнде тек 26 ғана әріп қолданылады. Оның алтауы дауыстыларды, жиырмасы дауыссыздарды таңбалайды. Аталған тілдердегі біраз сездердің бір түрлі жазылып, екінші түрлі айтылатын себебі сондыктан .

Түркі халықтары болса, оған дейін сында жазуын пайдаланып келгенімен ортағасырдан бастап араб әліпбій қолдана бастады. Қазақ тіл білімінің

негізін калаушы А.Байтұрсынов оны 1990-15 жылдары өз тілімізге ынгайлап, кайта жасаған болатын. Амал не, құйтұркы саясаттың кесірінен ол әліпбіміз 1929 жылы латынға, ал 1940 жылы кириллицаға көшіріледі. Сейтіп, қысқа уақыттың ішінде біздің әліпбіміз өз еркімізден тыс бір емес, әлденеше рет өзгеріске ұшырады. Бұл, әрине, жазу –сызудың дамуына, калыптасуына кесірін тиғізбей қойған жок.

Қысқасы, әріп (дыбыс) жазуын пайда болуының дүние жүзілік мәдениеттің дамуы үшін маңызы үлкен болды. Өйткені бұл жазу –жазу жүйелерінің ішіндегі ең ынгайлышы. Тілдердің қайсысында болса да, ондағы сөздердің саны мен буын санының дыбыстардың саны әлдекайда аз. Осылай, әдетте, дыбыстарды, таңбалашу үшін 20-дан 40-қа дейінгі таңба санының өзі жеткілікті болады. Әріп таңбаларының мұндай шағын мөлшері жазуды менгеруді, сауаттылыққа үйренуді женілдетеді. Бұл жазу, әсіресе, сөздердің дыбыстық жағы мен олардың грамматикалық формаларын дәлме-дәл беруде өте-мөтө қолайлы.

Қорыта келгендеге, жоғарыда айтылғандардан жазудың бірнеше түрлерінің бар екендігін және олардың ұзак тарихы болғандығын көреміз. Сонымен бірге, жазу өте ерте замандарда шығып, мындаған жылдар бойы біртіндеп өзгеріп, дамып, жетіліп отыргандығын байкауға болады.

Тақырыпты бекіту үшін сұрақтар:

1. Адамзат тілі қашан шықты? Оның туу себептері не?
2. Дыбыска еліктеу теориясы дегеніміз не? Оның әкілі кім?
3. Дыбыска еліктеу теориясының кемшілігі неде?
4. Эмоциональды теория дегеніміз не? Ол қашан шықты?
5. Эмоциональды теорияның әкілі кім?
6. Одағай теориясы дегеніміз не? Оның әкілі кім?
7. Одағай теориясының көтөлігі неде?
8. Қоғамдық шарттасу теориясы дегеніміз не?
9. Еңбек айқайы теориясы дегеніміз не?
10. Еңбек айқайы теориясы қашан шықты? Оның әкілі кім?
11. Адамзат тілі пайда болуының ғылыми теориясы .
12. Тілдің өзіндік ішкі даму заны дегеніміз не?
13. Тілдің дамуы туралы қандай көзқарастарды білесіз?

14. Тіл дамуының қандай жолдарын білесіз?
15. Тілдің сатылық даму теориясы дегеніміз не?
16. Тілдің қай саласы өзгеріске (дамуға) бейім тұрады?
17. Тілдің жалпы заңдары мен жеке заңдарына нелер жатады?
18. Тілдердің бір-біріне қандай әсерлері болады?
19. Тілдің шығу тегі жағынан топтастырылуы.
20. Тілдің құрылымдық ерекшеліктері жағынан топтастырылуы.
21. Жалғамалы (агглютинативті) тілдердегі қандай қасиеттер тән?
22. Тұбір (аморфты) тілдерге қандай қасиеттер тән?
23. Қопарылмалы (флексивті) тілдерге қандай қасиеттер тән?
24. Полисинтетикалық (инкорпоративті) тілдерге қандай қасиеттер тән?
25. Жазудың қандай түрлерін білесін? Олардың бір-бірінен айырмашылықтары?

Тіл білімінің негіздері пәнінде қарастырылатын мәселелер:

1. Тіл білімі және оның салалары. Тіл білімі немесе лингвистика – тіл және оның даму заңдары туралы ғылым екендігі. Сипаттама тіл білімі және синхрониялық лингвистика, тарихи тіл білімі және диахрониялық лингвистика. Тіл білімінің тиесті салалары (фонетика, лексикология, грамматика) және онда қарастырылатын мәселелер.
2. Тіл білімі және оның басқа ғылымдармен байланысы. Тіл білімінің ғылымдар жүйесінде алатын орны және оның басқа ғылымдармен байланысы туралы. Стилистика және әдебиеттану ғылымы. Тіл білімі және философия. Тіл білімінің логикамен байланысы. Лингвистика және психология т.т.
3. Қазақ тілінің бүгінгі қоғамға қызмет ету ерісі, колданылу аясы. Қазақ тілінің зерттелу тарихы: а) Казан төңкерісінде дейінгі дәүір; ә) Қазан төңкерісінен кейінгі дәүір және ондағы кезеңдер.
4. Тілдің таңбалық сипаты. Таңбалар туралы ұғым. Таңбалар жүйесі және олардың типологиясы. Семиотика - әр түрлі таңбалар жүйесі туралы ғылым. Тілдің әмбебаптығы туралы мәселе. Паралингвистика туралы ұғым.
5. Тілдің құрылымдық және жүйелік қасиеттері. Жүйе және құрылым. Тілдің единицалар арасындағы парадигматикалық, синтагматикалық және

Тест сұраптары

- иерархиялы (сатылы) катынастар. Тілдік жүйенің сатылары (ярустары): негізгі және аралық деңгейлері.
6. Тіл және қоғам. Тілдік құбылыстардың әлеуметтік байланыстырығы. Халық тарихы мен өмір сұру талаптарының тілдегі бейнесі. Тіл және мәдениет. Тілдің ұлттық сипаты, этникалық белгісі. Сейлеу этикеті. Этнолингвистика саласы.
7. Тіл және ойлау. Тіл мен ойлаудың өзара байланысы туралы көзқарастар. Тілдік единица мен ойлаудың логикалық формалары. Нейтролингвистика туралы ұғым. Тіл және адамның психикасы. Психолингвистика. Сөздің психолингвистикалық теориясы. Тіл мен сөйлеу.
8. Тілдің дамуы. Тілдердің даму заңдылығы. Қоғам дамуы – тіл дамуының алғы шарты. Тіл дамуындағы ішкі және сыртқы (экстрагравитикалдық) себептер. Тілдер дамуындағы адамның белсенді кызметі. Ұлттық тілдің дамуы мен қалыптасуындағы қоғамдық ой-пікірдің, ғылымның, әдебиет пен өнердің көрнекті кайраткерлерінің рөлі. Тіл мәдениеті – тілдік өзгерістерге ықпал етуші тәсіл.
9. Тілдерді зерттеудің сипаттамасы мен әдістері. Лингвистикалық әдістер және олардың мәні. Сипаттама әдісі. Лингвистикалық эксперименттің әдістемесі. Тілдерді зерттеудің салыстырмалы-тарихи әдісі. Сыртқы және ішкі реконструкция, оның әдістемесі. Этимологиялық талдау жүргізуін принциптері мен тасілдері. Типологиялық әдіс, оның мәні. Тілдердің типологиялық топтастырылуы. Тілдерді зерттеудегі статистикалық әдіс. Лингвистикалық география. Стилистикалық және лингвостилистикалық география. Стилистикалық және лингвоэстетикалық талдаудың әдістемесі.
10. Қазақ тіл білімі. I.Кенесбаев және фразеология мәселелері. Н.Сауранбаев – құрмалас сөйлем туралы. Проф. С.Аманжолов зерттеулеріндегі диалектология мәселелері. М.Балақаев – қазақ тіл біліміндегі сөз тіркесі теориясының негізін калаушы. F.Мұсабаевтың қазақ тілі тарихына көзкарасы. Проф. А.Ысқақовтың морфологиялық зерттеулері. Қазақ тілінің оқытылуы, оқыту әдістемесі жөнінде.

1. Лингвистика сөзі кай тілден алынған термин?
- A. ағылшын
 - B. француз
 - C. неміс
 - D. орыс
 - E. грек
2. Тіл білімінде кандай салалармен тығыз байланысты?
- A. логика
 - B. экология
 - C. экономика
 - D. география
 - E. биология
3. Тіл білімінде тілдің белгілі бір дәүіріндегі қалпы не деп аталады?
- A. диахрония
 - B. лексикология
 - C. этимология
 - D. синхрония
 - E. морфология
4. Сөзді және сөздердің жиынтығы – тілдің сөздік құрамын зерттейтін ғылым.
- A. синтаксис
 - B. морфология
 - C. лексикология
 - D. грамматика
 - E. пунктуация
5. Географиялық атауларды зерттейтін ғылым
- A. антропонимика
 - B. синхрония
 - C. диахрония
 - D. логика
 - E. топонимика
6. Бүтіннің орнына бөлшекті, жалпының орнына жалқыны, ұлкеннің орнына кішині колданылатын сөз мағынасының ауысуы не деп аталады?
- A. метафора
 - B. метонимия
 - C. синекдоха
 - D. ассонанс
 - E. аллiterationация
7. Дыбысталуы бірдей, мағынасы басқа-басқа сөздер калай аталады?
- A. омоним
 - B. антоним
 - C. синоним
 - D. барлығы дұрыс
 - E. полисемия
8. Синоним сөздерді тап.
- A. биік-төмен
 - B. жақсы-жаман
 - C. қадірлі, құрметті, ардакты, аяулы
 - D. ұлкен-кіші
 - E. адамның басы, арықтың басы

9. Омонимнің грек тілінен алынған мағынасы.

- A. катар атап
- B. қарсы
- C. ат атап
- D. бірдей, біркелкі
- E. белгілеу

10. Табу кайсы тілден алынған термин.

- A. неміс
- B. ағылшын
- C. француз
- D. грек
- E. полинезей

11. «Тебе шашы тік тұрды». Кандай оралым?

- A. фразеологиялық
- B. этимологиялық
- C. логикалық
- D. семантакалық
- E. лексикологиялық

12. Сөздіктерді құрастыруды кандай сала зерттейді?

- A. этимология
- B. семасиология
- C. фонология
- D. лексикография
- E. морфология

13. Әдеби тілдегі жалпылама және жиі колданылатын сөздердің камтып, әдеби тілдің лексикалық, семантикалық нормаларын көрсететін сөздік түрі.

- A. аударма сөздік
- B. түсіндірме сөздік
- C. синонимдік сөздік
- D. орфоэпиялық сөздік
- E. орфографиялық сөздік

14. Акустика кай тілден алынған термин?

- A. грек
- B. ағылшын
- C. неміс
- D. француз
- E. орыс

15. Адамның құлағы бір минут ішінде қанша дірілдің нәтижесінде пайда болған дыбыстық қабылдал ести алалы?

- A. 6-дан 10000-ға дейін
- B. 8-ден 12000-ға дейін
- C. 12-ден 15000-ға дейін
- D. 16-дан 20000-ға дейін
- E. 20-дан 25000-ға дейін

16. Резонанс сөзі кандай мағына береді?

- A. көндік
- B. жанғырық
- C. естілу
- D. көлемдік
- E. жоғары тон.

17. Тіс дыбыстары қай қатарда?

- A. о, у, ё

В. ф, в

С. м, б, п

Д. к, ғ, қ, ғ

Е. т, д

18. Казак тілінде қанша дауыссыз дыбыс бар?

- A. 22
- B. 23
- C. 24
- D. 25
- E. 26

19. Латының денталь сөзі кандай мағына береді?

- A. тіс
- B. тіл ұшы
- C. тіл арты
- D. ерін
- E. күйс

20. Ерін катысына қарай дауыстылардың бөлінуі

- A. ашық және қысан
- B. еріндік және ашық
- C. жуан және жінішке
- D. еріндік және езуілік
- E. жуан және езуілік

21. Дифтонг деген термин кандай мағына береді?

- A. екі дауысты
- B. екі дауыссыз
- C. бір дауысты, бір дауыссыз
- D. В және С жауптар дұрыс
- E. А жауабы дұрыс

22. Вокализм кай тілден алынған, кандай мағына білдіретін термин?

- A. орыс, «дауыссыз»
- B. неміс, «ұнді»
- C. ағылшын, «катан»
- D. грек, «ұян»
- E. латын, «дауысты»

23. Ары қарай бөлшектеуге келмейтін дыбыстық единица қалай аталады?

- A. фонема
- B. морфема
- C. сөз
- D. сөйлем
- E. сөз тіркесі

24. Ең ірі фонетикалық единица қалай аталады?

- A. мелодика
- B. фраза
- C. такт
- D. буын
- E. екпін

25. Буының түрлері қалай?

- A. ашық, қысан
- B. жуан, қысан, бітеу
- C. ашық, жуан, бітеу
- D. ашық, түйік, бітеу
- E. ашық, жінішке, қысан.

26. Диссимиляция сөзінің казақша мағынасы

- А. тіл
- В. ұқсату
- С. ұксамау
- Д. бірге
- Е. ійлу

27. Ассимиляция саласы нешеге бөлінеді?

- А. 1
- В. 2
- С. 3
- Д. 4
- Е. 5

28. Кейір фонетикалық жағдайда дыбыстардың мүлдем түсіп қалуы не деп аталады?

- А. ассимиляция
- В. диссимиляция
- С. протеза
- Д. редукция
- Е. элизия

29. Протеза бойынша дыбыс қай жерінен қосылады

- А. түсіп қалады
- В. ортасынан
- С. алдынан
- Д. сонынан
- Е. екінші дыбыстан

30. Сөз сонынан дыбыс қосылса не деп аталады?

- А. эпитета
- В. протеза
- С. метатеза
- Д. апакопа
- Е. эпентеза

31. Сөздердің дұрыс айтылуы жайлы ережелердің жиынтығы не деп аталады?

- А. фонология
- В. орфография
- С. орфоэпия
- Д. лексикография
- Е. морфология

32. Граматиканың салалары калай аталады?

- А. морфология, фонетика
- В. пунктуация, фонетика
- С. фонетика, лексикология
- Д. лексикология, синтаксис
- Е. морфология және синтаксис

33. Қазақ тілінде неше сөз табы бар?

- А. 6
- В. 7
- С. 8
- Д. 9
- Е. 10

34. Неше сөйлем мүшесі бар?

- А. 5
- В. 6

С. 7

Д. 8

Е. 9

35. Тұрлаулы сөйлем мүшелері калай аталады?

- А. бастауыш, анықтауыш
- В. бастауыш, баяндауыш
- С. баяндауыш, пысықтауыш
- Д. толықтауыш, анықтауыш
- Е. бастауыш, пысықтауыш

36. Жазудың ең алғашқы түрі калай аталады?

- А. Буын жазуы
- В. Этнографиялық жазу
- С. Логографиялық жазу
- Д. Идеографиялық жазу
- Е. Пиктографиялық жазу.

Тест жауаптары

| | | | | | | | | |
|----|----|----|----|----|----|----|----|----|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| е | а | д | д | е | с | а | с | д |
| 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 | 17 | 18 |
| е | а | д | в | а | д | в | е | е |
| 19 | 20 | 21 | 22 | 23 | 24 | 25 | 26 | 27 |
| а | д | а | е | а | в | д | с | в |
| 28 | 29 | 30 | 31 | 32 | 33 | 34 | 35 | 36 |
| е | с | а | с | е | д | а | в | е |

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. А., 1973, 1995, 2002.
2. Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. А., 1971.
3. Аманжолов А. Түркі филологиясы және жазу тарихы. (оку құралы). А., Санат. 1996.
4. Ахманова О.С. Основные направления лингвистического структурализма. М., 1985.
5. Баскаков Н.А. Введение в изучение тюркских языков. М., 1969.
6. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. А., 1992.
7. Березин Ф.М. История лингвистических учений. М., 1964.
8. Березин Ф.М., Головин В.Н. Общее языкознание. М., 1974.
9. Будагов Р. Введение в науку о языке. М., 1965.
10. Булаховский Л.А. Введение в языкознание. М., 1954.
11. Головин Б.Н. Введение в языкознание. М., 1977, 1983.
12. Жалпы тіл білімі бағдарламасы. А., 1991.
13. Звегинцев В.А. История языкоznания. XIX-XX в.в. М., 1979.
14. История лингвистических учений: средневековый Восток. Л., 1981.
15. История лингвистических учений: Древний мир. Л., 1981.
16. Кодухов В.И. Введение в языкознание. М., 1979, 1981.
17. Қайдар Ә., Оразов М. Түркітануға кіріспе. А., 1985, 1992, 2004.
18. Кордабаев Т. Тілдің структуралық элементтері. А., 1976.
19. Кордабаев Т. Қазак тіл білімінің мәселелері. А., 1991.
20. Кордабаев Т. Жалпы тіл білімі. А., 1999.
21. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. А., 1998.
22. Лингвистический энциклопедический словарь. М., 1989.
23. Реформатский А.А. Введение в языкознание. М., 1961.
24. Салқынбай А., Абакан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. А., Сөздік-Словарь, 1998.
25. Түркология тарихына (оку-әдістемелік құрал). Караганды, 1984.
26. Общее языкознание. М., 1973.
27. Хасенов Ә. Тіл білімі. А., 1996.
28. Хасенов Ә. Тіл білімінің теориялық және практикалық мәселелері. А., 1985.
29. Хасенов Ә. Тіл біліміне кіріспе. А., 1982.
30. Шенделс Е.И. Связь языкознания с другими науками. М., 1962.

Мазмұны

| | |
|---|-----|
| Кіріспе | 3 |
| Тіл білімі және оның зерттеу нысаны..... | 4 |
| Тілдің табиғаты мен қоғамдық қызметі..... | 9 |
| Тілдің таңбалық, құрылымдық және жүйелік сипаттары..... | 12 |
| Лексикология және оның салалары..... | 22 |
| Сөздің морфологиялық құрылымы..... | 59 |
| Грамматикалық тәсілдер мен формалар жөне олардың мағыналары | 66 |
| Сөз тіркесі мен сойлемнің құрлымы..... | 77 |
| Сөз таптарының шығуы мен дамуы жөне олардың топтастырылуы..... | 83 |
| Тілдің шығуы мен дамуы жөне олардың өзара әсерлері..... | 90 |
| Дүние жүзі тілдері жөне олардың топтастырылуы..... | 97 |
| Жазудың шығуы мен дамуы..... | 104 |
| Тест сұрақтары | 113 |
| Әдебиеттер..... | 118 |

Содержание

| | |
|---|-----|
| Введение | 3 |
| Языкознание и объект его изучение..... | 4 |
| Природа и общественная роль языка..... | 9 |
| Знаковые, структурные и системные свойства языка..... | 12 |
| Лексикология и его разделы..... | 22 |
| Морфологическая структура слова..... | 59 |
| Грамматические методы и формы а также их значения..... | 66 |
| Структура словосочетания и предложения..... | 77 |
| Образование и развитие частей речи, и их классификация..... | 83 |
| Образование и развитие языка..... | 90 |
| Мировые языки и их классификация..... | 97 |
| Образование и развитие письма..... | 104 |
| Тесты..... | 113 |
| Литература..... | 118 |

Contents

| | |
|--|-----|
| Preface | 3 |
| Linguistics and its object of Studing | 4 |
| Natural and social role of the language..... | 9 |
| Signal, structural and sistemical features of the language..... | 12 |
| The subject and tasks of lexicology..... | 22 |
| Morphological structure of the word | 59 |
| Grammatical methods and forms and their meanings | 66 |
| The structure of wordcomprising and sentences | 77 |
| The derivation and developing of speech parts and classification | 83 |
| The derivation and developing of the language | 90 |
| Global languages and their classification | 97 |
| The derivation and developing of writing | 104 |
| Test..... | 113 |
| Literature..... | 118 |

Аханов К.

ТИЛШУНОСЛИК АСОСЛАРИ

Қайта нашрға тайёрловчи – Дүйсебаева Д.

Мұхаррір – Бойкабылов Ү.

Босишига 1.06..2007 й. рухсат этилди. Бичими 60x84 1\16

Босма тобоги 7. Адади 100 нұсха

Баҳоси келишилгандарда.